

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ПЕДАГОГИКА СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі
Ақпарат және мұрағат
комитетінде

08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204 - Ж

Бас редактор
профессор Ш.К. Беркімбаева

Бас редактордың орынбасары
п.ғ.д., проф. Қожахметова К.Ж.

Редакциялық алқа

Қараев Ж.А. - п.ғ.д., профессор
Шаханова Р.А. - п.ғ.д., профессор
Таубаева Ш.Т. - п.ғ.д., профессор;
Құнантаева К.Қ. - ҚР ҰҒА
академигі, п.ғ.д., профессор;
Құсайынов А.Қ. - п.ғ.д., проф.;
Калиев С.К. - п.ғ.д., профессор;
Аймағамбетова Қ.А. - п.ғ.д., проф.;
Халитова И.Р. - п.ғ.д., профессор;
Рысбаева А.Қ. - п.ғ.к., п.м.а;
Әмірова А.С. - п.ғ.к., доцент;
Левченко Т.А. - п.ғ.к., доцент.

Жауапты редактор
физика - математика
ғылымдарының кандидаты,
доцент м.а.А.Қ.Искакова

Редактор п.ғ.к. Б.А.ҚИЯСОВА

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика институты

050000, Алматы қаласы,
Әйтеке би көшесі, 99.
Тел. 233-18-32, 233-18-55 (120)
Факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ

№ 4 (2)

2007

МАЗМҰНЫ

Құсайынов А.Қ. ТЕЛЕДИДАРДЫҢ БАЛА
ПСИХИКАСЫНА ЖӘНЕ ТӘРБИЕСІНЕ КЕРІ
ӘСЕРІ..... 5

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ
БІЛІМ БЕРУ**

Арзанбаева Б. АНАЛИЗ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ
ФУНКЦИЙ И УМЕНИЙ СТАРШЕГО ВОСПИТА-
ТЕЛЯ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ..... 13

Әмірова Ә.С. БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ
БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫП-
ТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ..... 17

Байназарова Т.Б. БАСТАУЫШ СЫНЫП
ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ
БЕРУДЕ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» МЕН «ДҮНИЕТА-
НУ» ПӘНДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 21

Қожагелдиева С. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ
ДҮНИЕТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ
ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ..... 24

Қоқымбаева Т.И. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ
МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫН-
ДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫ..... 27

**ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА, БІЛІМ БЕРУ
ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА**

Алимбекова А.С. НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА УЧИТЕЛЕЙ В
УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К ПРОФИЛЬНОМУ
ОБУЧЕНИЮ..... 31

Бекмухамедов Б.М., Шиндаулова Р.Б. О СПЕЦИ-
ФИКЕ ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
СТУДЕНТОВ МУЗЫКАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕС-
КИХ ФАКУЛЬТЕТОВ..... 36

Ерғанатова А. М. МАҚАТАЕВ МҰРАСЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	40
Даулетбаева З. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ ДАМУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	45
Жумаканова Р.А. ПРОФИЛАКТИКА СОЦИАЛЬНЫХ ОТКЛОНЕНИЙ В ШКОЛЬНОЙ СРЕДЕ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ СПЕЦКУРСОВ ПО ГРАЖДАНСКОМУ ОБРАЗОВАНИЮ.....	48
Икрамова А.Ш. ҚАЗІРГІ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	53
Іліпов М.Т., Елжанова П.А. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ.....	56
Қалиев С.Қ., Нұрмұхамбетова А.А. АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕСІ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СИПАТТАМА.....	60
Қиясова Б.А. ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КОРЕЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА	63
Қоңырбаева С.С. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚТЫ САҚТАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ.....	66
Майгаранова Ш.М., Тусупбеков Н.Ж. ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ.....	72
Манапова Г.К. , Манапов Е.К. ЛОГИКО-КОММУНИКАТИВНЫЕ ПРОГРАММЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ МОНОЛОГИЧЕСКОМУ ВЫСКАЗЫВАНИЮ.....	77
Манкеш А.Е. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МҰҒАЛІМ ШЕБЕРЛІГІ.....	81
Рысбаева А., Қиясова Б. ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	85
Смайлов И. СТУДЕНТТЕР ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ.....	89
Сураншиева М.К. ВНЕШНИЕ И ВНУТРЕННИЕ СТИМУЛЫ САМОРАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ	93
Сыпырындиева Г.Қ. ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ.....	96
Тәжібаева С.Ғ. ҚАЗАҚ БАЛАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ОРНЫ.....	99
Төлебаева Ж.А. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ ТҰЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН МОДЕЛІ.....	103
Рысбаева А.К., Утеева К.Ж. ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ.....	107
Халитова И.Р. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ.....	110
Шағырбаева М.Д. БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУШЫ ҚЫЗДАРҒА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ.....	115
Абенова Ж. МИРОВОЗЗРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА.....	122
Төлеу С. Е. МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ПРОГРАММАЛАУ.....	125

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕТӘРБИЕСІ

Абдыкадырова Д.Р., Новикова О.М. ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПРИКЛАДНАЯ ФИЗИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ.....	132
Твердовская Г.А. , Оразбекова Н.Т. КРАСОТА И ГАРМОНИЯ ЖЕНСКОГО ТЕЛА.....	136

ТЕЛЕДИДАРДЫҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНА ЖӘНЕ ТӘРБИЕСІНЕ КЕРІ ӘСЕРІ

Құсайынов А.Қ. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі уақытта теледидардан көптеген зорлық-зомбылық көріністер көрсетіліп, қан өзен суындай «ағып» жатады. Күніне балаларымыз орта есеппен 17 өлім, 37 мейрімсіздік көріністер көреді екен. Мұндай эпизодтардың қандай сөздермен көрсетілетінін болжау қиын емес. Және бұл көріністер таңертең де, күндіз де көрсетіле береді. Мұндай хабарлар балалардың дүниетамының, логикасы мен психикасының қалыптасуына теріс әсер ететіні сөзсіз.

Бала тәрбиесі – аса күрделі, әрі ұзақ процесс. Олардың мінез-құлықтары мен жеке қасиеттерінің қалыптасуына отбасы мен жақындары, бала бақша мен мектеп, қоршаған орта мен көше әсер етеді. Соңғы он жылда оған теледидардың да әсері қосылып отыр. Балалардың кітап оқуға деген құмарлықтары жыл өткен сайын төмендеп келеді, соның салдарынан телефильмдердің көптеген кейіпкерлері олар еліктейтін, ең беделді тұлғаларға айналды. Сонымен, отбасы мүшесіне айналған теледидар, балалардың тәрбиешілері қатарына қосылды.

Статистикалық есептер балалар мен жас өспірімдер телеаудиторияның, аудиобейнелік медиатекстердің ең белсенді бөлігі және көрушілері екенін көрсетіп отыр. «Балалар мөлшермен 2 жастан бастап теледидар көре бастайды. Нағыз американдық бала өз уақытының шамамен 30% теледидардың алдында өткізеді. Ол орта есеппен мектепке барғанша 5 мың сағат, мектеп бітіргенше 19 мың сағат экран алдында отырады», дейді американдық зерттеушілер (Dodrill R. Violence, Values and Media, Sacramento, 1993, p.51).

Өсе келе жас адам біртіндеп, «үлкендердің» әлеміне кіргісі келелі. Бала, шынайы өмірді білуге әрі түсінуге, ондағы құндылықтар мен мінез-құлық ережелерін қабылдауға талпынады. Үлкендер өмірін бала тек отбасы мен көшеден ғана көрмейді. Теледидар да олардың үлкендердің өмірі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер етеді, оның белгілі бір бейнесін қалыптастырады.

Теледидар қалыптастыратын үлкендер өмірі туралы экрандық түсінік, балалар кіретін шынайы өмірге қаншалықты сәйкес келеді? Теледидардың балаларға тең оң әсері ғана емес, теріс әсері де болатын болса, онда балаларымыздың бойында қандай қасиеттер қалыптасады? – деген сұрақтар кімді болса да мазаламай қоймайды.

Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары материалдарына жасалған шолулар, теледидардағы, мәселен Шығыс елдерінде қылмыстың өсуіне үлкен әсері бар екенін дәлелдеп отыр. Зорлықты насихаттау, әсіресе теледидардан, кино мен компьютерлік ойындардан анық байқалады. Психологтары мен эксперттер БАҚ- да зорлық-зомбылық көріністердің көрсетілуі мейрімсіздік пен қатыгездіктің өсуіне тікелей әсер ететінін дәлелдеп отыр. Төменде АҚШ-та «Зорлық, медиа және балалар» деген тақырыпта жүргізілген зерттеулердің қорытындылары берілген:

1951 ж. Америкада зорлық көріністері бар хабарлар теледидар уақытының 10%-ын қамтыйды.

1954 ж. Алғаш рет Конгрессте телезорлықтың көрушілерге әсері жөнінде мәселе талқылау ұйымдастырылды.

1956 ж. Ғалымдардың тұжырымдамасы: теледидар кіші жастағы балаларға өте залал болуы мүмкін. «50-ші жылдары барлық телехабарлардың 2/3-тен 3/4 бөлігінде зорлық көріністер - сағат сайын 6-дан 10-ға дейін зорлық актылар көрсетілді».

1961 ж. Теледидардағы зорлық көрінісі бар хабарлардың көлемі ұлғайды және олардың көпшілігі балалар экран алдында отырғанда көрсетілетін болды.

1965 ж. Зерттеушілердің тұжырымдамасы: теледидардағы зорлықтар кәмелетке

жетпегендердің қоғамға жат қылықтарынан байқалады.

1969 ж. Зерттеушілердің тұжырымдамасы: жас көрермендер агрессиялық мінез-құлық тәсілдерін теледидар хабарларынан үйренеді.

1972 ж. 50 америкадық жетекші маманның 5 томдық зерттеу есебі медиазорлық пен кәмелетке жетпегендердің агрессивті мінез-құлықтарының арасында байланы бар екенін көрсетті.

1980 ж. Үш маусым бойы көрсетілген телесериалдар талданды. Жүргізілген зерттеулер оларда сағат 8 бен 9 аралығында кем дегенде 9 рет, сағат 9 бен 11 аралығында – кем дегенде 12 рет және балалар хабарларында (сенбі күні таңертен) сағат сайын 21 реттен аса зорлық актылары көрсетілетінін анықтады.

1982 ж. Психикалық денсаулық ұлттық институты (National Institute of Mental Health) дүние жүзінде жүргізілген 2 500 зерттеуге шолу жасады. Қорытынды: жасөспірімдердің агрессивті мінез-құлықтары мен теледидар зорлығының арасында тәуелділік бар.

1984 ж. 22 жыл бойы 875 американдық 8 жастағы қыз және ұл балалар мен үлкен жастағы адамдарды қадағалау нәтижесінде, ұл балалар теледидардағы зорлықтарға еліктейтіндігі, олардың қылмыскер болуға қыз балаларға қарағанда, 4-5 есе бейім екендіктері анықталды. Экрандағы зорлық қатты қызықтыратын балалар, ер жеткенде, өздерінің балаларын күшпен жазалауға бейім екендіктері байқалды.

1985 ж. Американдық психологтар ассоциациясы ата-аналарға балаларының не көретіндігін қадағалау қажеттігін ұсынды; индустрия өкілдерін теледидар зорлықтарын азайтуға шақырды; медиазорлық саласында зерттеу жұмыстарын дамыту қажеттігін айтты. Американдық бала 1984/1985 жылдары теледидардан сағат сайын 27 зорлық көрініс көреді. Бейнеклиптердің жартысынан көбі зорлықты көрсететіні дәлелденді.

1990 ж. АҚШ Конгрессінде теледидар және оның балаларға әсері жөнінде заң жобасы тыңдалды.

1992 ж. Американың психология ассоциациясы федералдық үкіметтерді қоғамды медиазорлықтан қорғауға шақырды.

1996 ж. 1996 жылы ақпан айында АҚШ Президенті «Телекоммуникациялар туралы» заңға қол қойды. Бұл заң V-чиптер, теледидар хабарларын сүзетін компьютерлік микропроцессорлар шығару қажеттігін айқындады.

1997 ж. ЮНЕСКО аумағында «Балалар және экрандағы зорлық» атты Халықаралық палата құрылды. Оның іс-қимылының бастапқы нүктесі Біріккен Ұлттар Ұйымының «Бала құқығы жөніндегі Конвенциясы» болды.

1997 ж. АҚШ-та телебағдарламалардың жас мөлшеріне негізделген жаңа рейтинг жүйесі қабылданды.

1998 ж. Ұлттық телеарнаның теледидар зорлығын зерттеуге байланысты құрылған тобының есебінде, телехабарлардың 60%-ында зорлық болатындығы және «телеэкраннан көрген зорлықтың кері әсер етуінің қаупі тіптен жоғары екендігі» айтылды. Лос-Анжелесте теледидар және балалар денсаулығы мәселелеріне байланысты медиаиндустрия өкілдері мен зерттеушілердің конференциясы өтті.

1999 ж. Сенатор Дж. Либерман балаларды медиазорлық қаупінен қорғау және ойын-сауық индустриясы жауапкершілігін арттыруға арналған жаңа заң жобасын ұсынды. Заң жобасы, сонымен бірге, түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын, олардың жұмыс жасау сапасын арттыру және балаларды зиянды медиаөнімдерден қорғау мақсатында, олардың іс-әрекеттерінің каталырақ кодекісін жасау үшін бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

2000 ж. Төрт ұлттық ассоциация – Американың педиатрлар академиясы, Американың медицина ассоциациясы, Американың психологтар ассоциациясы, Американың балалар және жас өспірімдер психатрия академиясы – біріккен үндеу

жариялады. Онда: «Медициналық қоғамның 30-жылдан аса жүргізген зерттеу нәтижесі, зорлық «ойын-сауықты» көру, әсіресе балалардың агрессиясының өсуіне, олардың қарым-қатынастарының, құндылықтары мен мінез-құлықтарының бұзылуларына әсер ететінін көрсетті» - деп тұжырым жасалған.

2000 жылдың қаңтар айынан бастап американың теледидарлары (экрандары 13 дюймнан үлкен) ата-аналарға балаларының көрмегені дұрыс деп есептейтін бағдарламаларды жібермейтін V-чиптармен сатыла бастады. АҚШ Конгрессінде «Зорлық және медиа» деген тақырыпта тыңдау болды.

2001 ж. Зерттеу америка балаларына арналған жексенбілік хабарларда 20-дан 25-ке дейін зорлық актылары болатынын анықтады.

2002 ж. Американың балалар және жас өспірімдер психиатрия академиясы зерттеулерінің нәтижесі:

- медиазорлықты шамадан тыс көретін балалардың көпшілігі, зорлық конфликті шешудің ең тиімді жолы деп есептейді;
- медиазорлықпен активті контактыда болғандар, шынайы өмірде зорлықты эмоционалды түрде қабылдамайды;
- зорлық «ойын-сауықпен» активті әуестену, баланың бүкіл әлем тек зорлық негізінде құрылған деген қорытынды шығаруына әкеліп соқтыруы мүмкін;
- сонымен бірге балалардың бойында зорлықтың құрбаны болу қаупі де күшейе түседі;
- медиазорлықпен активті әуестену шынайы өмірде зорлық жасауға дайын болумен байланыста болады.

2003 ж. АҚШ Конгрессінде 14 қаңтарда «Балаларды, зорлық көрсетілетін, бағдарламалардан қорғау» заң жобасының тыңдауы болды.

2003 ж. 11 ақпанда Өкілдер палатасында «Балаларды видеоойындарда сексуалдық қатнастардан және зорлықтан қорғау» заң жобасының тыңдауы болды.

Бұл мәліметтерден, америка үкіметі балаларды медиазорлықтың кері әсерінен қорғауға шынай қызығушылық танытып отырғанын, сонымен бірге, зорлық көрсетілетін хабарларды сөткенің балалар теледидарды аз көретін уақыттарына ауыстыруға күш салып отырғанын көреміз. 2003 жылы Конгреске тапсырылған «Балаларды видеоойындарда секстен және зорлықтан қорғау» заң жобасында: «секс және зорлық көрсетілетін видеоойындарды пайдалану және көру кәмелетке толмағандарға зиянды болады... әсіресе балалардың агрессивті мінез-құлықтарын арттырады, қарым-қатынастары мен құндылықтарының өзгеруіне соқтырады. Ойластырылып қойылған тосқауыл мұндай ойындарды пайдаланатын балалардың санын азайтады» - деп, көрсетілген.

2003 жылы Сенатқа ұсынылған «Балаларды, зорлық көрсетілетін, бағдарламалардан қорғау» заң жобасы да осы бағытты ұстанған. Заң жобасында: «Жас кездерінде зорлық көрсетілетін телебағдарламаларды көрген балалар кейінгі өмірлерінде, ондай бағдарламаларды аз көрген балаларға қарағанда, қатал және агрессивті мінез-құлық көрсетуге жақын болатынын көрсететін эмпирикалық дәлелдемелер бар» - делінген. Бұдан басқа да негативті факторлардың ішінен, заң жобасында, балалардың агрессивті мінез-құлық көрсетуге талпынатындары, зорлықтың құрбаны болудан қорқатындары, адамдарға ешуақытта сенбейтіндіктері және т.б. айтылған.

Бірақта АҚШ-та, әлі күнге дейін, зорлық көріністерді көрсетуге уақтылы шектеулер қойылмаған: олар ешқандай шектеусіз кешкі/түнгі уақыттарда да, таңғы/күндізгі уақыттарда да көрсетіле береді. Соңғы уақыттарда Аннаберг жалпы коммуникация мектебі жүргізген зерттеулерде: «балалар телехабарларында зорлық

көрсететін көріністер тіптен көбейіп кеткен – бір сағатта 32 зорлық актысы... 18 сағаттан бастап американдық теледидар арқылы 1 845 зорлық көрініс көруге болады, бұл шамамен сағатына 100 агрессия актысы, немесе 36 секунд сайын бір көрініс... барлық телехабарлардың 80%-ында күш көрсететін көріністер бар. Ал зорлық – наша сияқты: көрермендер оған үйреніп кетеді, сондықтан медиа біртіндеп оның дозасын арттыра береді, арттыра береді» - деп, қорытынды жасалған (Lamson S. Media Violence Has Increased the Murder Rate. In: Violence in the Media. Ed. by C.Wekesser. San Diego (CA), 1995, pp. 25-27).

Соңғы 40 жылда дүние жүзінде балаларға теледидар мен кинематографияның тигізетін әсерін зерттеуге арналған мыңнан артық зерттеулер жүргізілген. Зерттеулер дүние жүзінің көптеген елдерінде, әр түрлі нәсілдерге, ұлттар мен әлеуметтік топтарға жататын ер балалар мен қыз балалардың арасында жүргізілген. Бұған қарамай, зерттеу нәтижелері іс жүзінде бірдей болып шыққан: экрандағы агрессия балалардың адамдарға және жансыз заттарға агрессивтіліктерін арттыра түседі.

Барселона. Үш жасөспірім теледидар көріп, өздерін таңдандырған трюкті жасаған. Кешке қарай олар көшеге пластикалық лента байлап қойып, ол лентаның өтіп бара жатқан мотоциклистің мойнын кесіп түсіргенін байқап тұрған. Мотоциклист сол жерде қаза тапқан.

Осло. Бес-алты жастағы бір топ бала үйлерің жанындағы көк шалғында өздерінің дос қыздарын жан тапсырғанша ұрған. Бұл ойында ол қыз бала, соңғы көрген хабарларындағы бәрі ұрған, ниндзя тасбақасы ретінде қабылданған.

Литтон. 1999 жылы екі оқушы өздерімен бірге оқитын 12 баланы өлтіріп және 23 жаралап, соңынан өздерін өздері атып тастаған. Зерттеу, олардың бұл қылмысты телехабарлар мен видеофильмдердің тікелей әсерінен жасағандарын дәлелдеді.

Мұндай фактылар өмірде өте көп. Балалар көптеген жағдайларда шынайы өмір мен телеэкраннан көргендерінің айырмашылығын аңғара бермейді. Олар телеэкрандағы медиазорлықтың құрбандары болып жатады.

Ресейде медиазорлықтың балаларға кері әсерін азайту мақсатында қандай іс-шаралар жасалған? «Бұған сену қиын, бірақ Ресей азаматтары заң жүзінде телеэрандағы азғындық пен зорлықтан ешқандай да қорғалмаған! Ресей теледидары бәріне де ерік берілген, аморальдықтың шегі жоқ аралы ретінде қалып отыр» - дейді С.Скатов өзінің «Некрофилы. Тема смерти и насилия стала ведущей на российских телеэкранах» - атты мақаласында.

«Көптеген балалар аурулары мен өлімдерінің себебі – Ресей отбасыларының тұрмыстық қиындықтары мен экономикалық проблемалары. Бірақ мұндай проблемалар біздің елімізде бұрын да көп болған... Ғалымдар мен педагогтар бала психикасының қалыптасуы үшін баланың психологиялық қорғалу жағдайы, оған тосыннан қауып-қатер, агрессия, қауыптілік туғызбайтын өмірді сезінуі ерекше маңызды екенін ескертеді. Ата-аналары үй ішінде балаларына қандай жақсы жағдай жасаса да, телеэкраннан қардай борап жатқан күнделікті негатив пен агрессияны бала қоршаған ортаның негізгі атрибуты деп қабылдап жатқанда, оны эмоционалды-психологиялық қорғау өте қиын болады.

Теледидар күні бойы негізінен «үлкендерге» арналған, зорлық пен драматизмге, адамды шошындыратын бейнелік және дыбыстық импульстарға толы, баланың қалыптаспаған дүниетанымына кері әсер ететін хабарлар көрсетеді. Балалар бүгінгі күндері, шындығында, олардың балалықтарына жау, информациялық ортада өмір сүруде», - деп жазады Л.Оганова мен А.Короченский өздерінің «Вид через замочную скважину: дети и телевизионный «взрослый» мир» - атты мақалаларында.

«Дума, теледидардағы зорлық мәселелерімен шұғылданбас бұрын, ұзақ ойланды. Ол «ойланғанша», шынайы өлімді кинодағы өлімнен, нағыз қанды мүк жиде

морсынан ажырата алмайтын бірнеше ұрпақ өсіп шықты. Енді ғана депутаттар бұл аса маңызды мәселеге қарап, БАҚ туралы заңға өзгеріс енгізуді қарастыра бастады. Депутаттардың шыдамдарының шектен шығуына не себеп болды?» - деп, А.Бройдо өзінің «Насилие на экране» атты мақаласында жазып, бір топ депутаттардың сөздерін келтіреді.

Г. Гудков - Мемлекеттік думаның Қауыпсіздік комитетінің мүшесі, Халықтық партияның жетекшісі: «Бізде зорлық тек қана көп емес – бізде экранда шындығында одан басқа ештеңе де қалған жоқ. Қазіргі уақытта отандық теледидар парасаттылық деңгейде емес, физиологиялық инстинкт деңгейінде қалып отыр. Ресей жастарына оларға тән емес көзқарастар, принциптер, мінез-құлық моделдері зорлап міндеттендірілуде – бұл өте қатерлі жағдай».

В. Алкснис - Мемлекеттік думаның депутаты, «Родина» фракциясы: «Ресейге жақсы ойластырылған информациялық саясат аса қажет: бұл цензура енгізу керек деген сөз емес, бірақ бізге телеарналар көрсететін хабарларға мемлекеттік бақылау қажет. Фильмдер мен хабарларға елдің көңілін бұрамыз деген оймен, оны жасаушылар оларды қанмен, зорлықпен толтырып жіберді. Ал жастар болса ондай көріністерге біртіндеп бейімделіп алады, - міне адамды аяқпен бастан теуіп жіберді, оған ештеңе де болған жоқ, ол орнынан атып тұрып қайтадан төбелесуге кірісіп те кетті! Мұндай айуандықты, менің ойымша, тек қатаң заң қабылдап қана тоқтатуға болады».

2003 жылы 23 қарашада Ресей Мемлекеттік Думасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Федеративтік заңға, зорлық пен қатыгездікті көрсетуге байланысты өзгертулер енгізуді қарастырады. Өзгертудің авторы – Халық партиясының депутаты В.Гальченко электрондық және басылымдық БАҚ-да зорлық пен қатыгездікті көрсетуге кей жағдайларда тыйым салынып, кей жағдайларда шектулер енгізу өте маңызды екенін, адамдар өлігін, адамдар мен жануарларға зорлық жасағанды, сонымен бірге, қаскүнемдерді жағымды кейіпкер етіп көрсетуге тыйым салу қажеттігін айтты. Бірақ жоба дауыс беру жәтижесінде өтпей қалды.

2004 жылдың 10 қарашасында Ресейдің Мемлекеттік Думасы бірауыздан, бірінші оқылымның өзінде-ақ, теледидардан зорлық пен қатыгездік көріністерді көрсетуге тосқауыл қою туралы заң жобасына өзгеріс енгізуді қолдады. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңның 4-ші бабына («Ақпарат құралдарының еркіндіктерін теріс пайдалануға жол бермеу») төмендегідей өзгеріс енгізу ұсынылады: «Таңертеңгі 7-ден кешкі 22-ге дейін адамдар өлігін, кісі өлтіру көріністерін, қатты соққыға жығу, адам денсаулығына ауыр, орташа және жеңіл залалдар келтіру, зорлау және сексуалдық мінездегі зорлық әрекеттерді теле-, видео-, кинохроникалық бағдарламаларда жарнамалауға, теледидарлық фильмдер мен фильмдерде көрсетуге тыйым салынсын».

Мемлекеттік Думаның екінші оқылымына В.Путиннің хаты түсті, онда бұл өзгерісті қабылдау туралы ұсыныс айтылған. Президенттің пайымдауынша, бұл жағдайда ресей азаматтарының бірнеше ұрпақтары тәрбиеленіп өскен фильмдерді көрсетуге тыйым салынатын болады.

Мемлекеттік Думаның Президенттің ұсынысын қабылдауға лажды болмады. Сонымен халық қалаулыларының, ең болмағанда, ұлттық телеэфирді толтырып кеткен шетелдік мультфильмдерді реттеу туралы талпыныстары да аяқсыз қалды.

2005 жылы 7 шілде күні телеарна жетекшілері – К.Эрнст (Бірінші канал), О.Добродеев (Ресей), О.Попцов(ТВЦ), В. Кулистиков (НТВ), А.Роднянский (СТС) және И. Лесневская (REN TV) бірлесіп «Зорлық пен қатыгездікке қарсылық» Хартиясына қол қойды. Балаларға қамқорлық мәселесі мұнда жеке айтылған. Телеарна жетекшілері өмірдегі болып жатқан жағдайларды және басқа да материалдарды көрсеткенде «балалардың ақыл-ойы мен моральдық қасиеттерінің дамуына ерекше нұқсан

келтіретін» көріністерге шектеу қоюға келісті. Олар, мұндай материалдарды тек жаңалықтарды бергенде ғана, немесе оқиға болған жерден хабар бергенде ғана, көрсетуге шешім қабылдады. Сонымен бірге, «балалардың қызығушылығын бағдарламалар саясатын жасағанда да есепке алатындарына және фактылар мен болған жағдайларды балаларды жеке өмірге дұрыс дайындау мақсатында беретіндіктеріне» уәделесті.

Мемлекеттік Думаның бірінші вице-спикері Л.Слиский бұл Хартияны: «Ресей қоғамының тәуелсіз хабар беру саясаты мен қоғамда туындаған қоғамдық өнегелікті заңдық негізде қорғау қажеттігінің арасында компромис табу мақсатында жасалған қадам» - деп бағалады.

Европа елдері мен жақын шетелдерде қандай іс-шаралар жасалған?

Барлық Европа елдерінде дерлік күндізгі уақыттарда зорлық пен эротика көріністерін теледидардан көрсетуге тыйым салынған. Мысалы, Германияда, 16 жасқа толмаған балалардың адамгершілік қасиеттері мен психикасын сақтау үшін мұндай хабарларды таңертеңгі сағат 6-дан кешкі сағат 23-ке дейін көрсетуге тыйым салынған.

Латвияның 1995 ж. қабылдаған «Телерадиохабар туралы» заңының 18-бабында: «Сағат 7-ден 22-ге дейін дене және психологиялық (көріністі және сөз түрінде) зорлық, қан шығатын және қорқынышты көріністерді, сонымен бірге, наркотиктер пайдаланылатын көріністерді көрсетуге тыйым салынады. Хабарлардың мәтіндерінде дөрекі және әдепсіз сөздер айтылмауы керек, сонымен бірге секуалды іс-әрекетке апаратын көріністер болмауы керек. Егерде техникалық блоктау құралдары қолданылатын болса, онда бұл шектеулердің кабельдік телеарналарға қатынасы болмайды» - деп жазылған.

Грузияда осындай тыйым телеарналарға сағат 7-ден 24-ке дейін салынған. Ондағы мақсат, 18-ге толмаған грузин азаматтарын, олардың көздері мен құлақтарына арналмаған қандай да болмасын хабарлар мен фильмдерден сақтау.

Украинада 2003 ж. қабылданған «Қоғамдық моральды сақтау жөнінде» заң бар. Оның өнімдерді шығару және таратуға тыйым салу жөніндегі 2-ші бабында, егерде: «ұлттық және религиялық құндылықтарды жоюды, бүлдіруді, қадірлемеуді насихаттайтын; адамдарды кемітетін, мүгедек және қартайған адамдарға қиянат жасалатын; нашақорлық, таксикомания, алкоголизм, темекі шегу және басқа да жағымсыз қылықтарды насихаттайтын көріністер мен хабарларды көрсетуге тыйым салынады» - деп жазылған. Украинаның телерадиохабарлар жөніндегі Ұлттық Кеңесі елдің барлық теле- және радиоканалдары орындауға міндетті телехабарлардың жас ерекшелігі ескерілген арнайы градация жүйесін жасаған.

Молдовада 150-ге тарта кабельдік хабар беру операторлары жұмыс жасайды. Молдованың Теледидар мен радионы үйлестіру кеңесі барлық операторлардың өз хабарларын заң талаптары негізінде жүргізулерін талап етеді. Елдің теледидар және радио туралы заңы порнографиялық тұрғыдағы және зорлықты насихаттайтын материалдарды көрсетуге тыйым салады.

Шығыс елдерінде қандай іс-шаралар жасалған? Шығыс елдерінде балаларды медиазорлықтың теріс әсерінен қорғау үшін көптеген іс-шаралар қарастырылған. Мысалы, Жапон елінде Өнегелік туралы кеңес жұмыс жасайды. Кеңес елдегі барлық телеарналардың жұмысына талдау жасап отырады. Егерде, қандай да болмасын бір арна балалар уақытында балалар көруге болмайтын фильм немесе бір көрініс көрсететін болса, онда ол арнаға өте көп мөлшерде айыппұл салынып, арна ойсырау жағдайына түседі.

Жапондықтар тіпті мобильдік телефондарды да қолға ала бастады. Мобильдік сайттарды мұқият зерттеу нәтижесінде олар зорлықты насихаттайтын, немесе порнографиялық мазмұны бар ерекше ресурстар тобын айқындады. Жапонияның

Байланыс министрлігі, өз тарапынан, «қорғалмаған абоненттерді» порнография және басқа да қажетсіз информациялардың түсуінен қорғау үшін, балалар мен жас өспірімдердің телефондарын блоктау жүйесін жасаумен шұғылдана бастады.

Бізде, Қазақстанда, балаларды медиазорлықтан қорғау үшін қандай іс-шаралар жасалған? Бір сөзбен айтар болсақ, ешқандай да тиімді іс-шаралар жасалмаған.

Еліміздің 1999 ж. 23 шілдеде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңының 25-бабында Бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелері немесе бас редакторлар... қатыгездік, зорлық пен порнографиялық хабарлар мен материалдар тарататын болса, оларға еліміздің заң актыларында бекітілген негізде жауапкершілік жүктелетіні айтылған. Заңның бұл бабының қаншалықты «нәтижелі» жұмыс жасап отырғанын бәріміз де көріп отырмыз.

Қазіргі уақытта елімізде өзін-өзі сыйлайтын бірде бір адам өз балаларымен бірге отырып теледидар көрмейді. Себебі, аяқ астынан, бір зорлық немесе порнографиялық көрініс көрсетіледі. Күн өткен сайын мұндай көріністер мен телехабарлардың саны да, көлемі де ұлғайып келеді. Қазақстанда кімде болса мұндай хабарлар көрсететін ондаға каналдардан ешқандай да қорғалмаған.

2002-2003 жылдары біз мектеп оқушыларының әлеуметтік бейнесін жасау үшін көлемді социологиялық зерттеу жүргіздік. Зерттеуге республиканың түпкір-түпкірінен 15 мың оқушы, 5 мың ата-ана, 5 мың мұғалім қатыстырылды. Бұл зерттеудің қорытындылары туралы Егемен Қазақстан кезінде көлемді мақала жариялады (19.11.2003). «Алкогольді ішімдіктерді пайдаланасың ба?» деген сұраққа 35% баланың күн сайын, аптасына бір рет немесе мереке сайын ішетіні анықталды. «Есірткі қолданасың ба?» деген сұраққа, есірткі 15% оқушының қолданыс затына айналғаны, олардың ішінде 3%-ы үздіксіз қолданатындары белгілі болды. Әр бір 13 баланың екеуінің есірткі қолданатыны өте қауыпты көрсеткіш. «Неге сен зиянды заттарды пайдаланасың?» деген сұраққа 21% бала – әдетке айналғандықтан, түрлі қиындықтарды ұмыту үшін, басқалардан ерекше көріну үшін, өзімді ересек сезіну үшін, достарымның бәрі қолданатындықтан – деп жауап берген.

Мұғалімдер мен ата-аналарға бірдей сұрақтар да берілді: «Есірткі мен ішімдік қолданатын оқушылардың санының өсу себебі неде?» деген сұраққа, мұғалімдердің 27% – өзін-өзі еліту үшін, 11% - серпілу үшін, 8% - келемеж болып қалам ба деген қорқыныштан – деп, жауап берсе, ата-аналардың 10% - өзін-өзі еліту үшін, 6% - серпілу үшін, 17% - достары арасында келемеж болып қаламын деген қорқыныштан – деп, жауап берген.

Бұл сұрақтардың жауабын мұқият қарайтын болсақ, онда оқушылардың көптеген пайызы алкоголь мен есірткі қолданатындарын және оны олардың саналы түрде жасайтындарын көреміз. Мектеп оқушыларының, яғни біздің балаларымыздың арасында мұндай жағдай неге осынша етек алған? – деген орынды сұрақ туады. Біздің ойымызша, оның негізгі себебі, бұл балалар 10-15 жыл бойы теледидардан мыңдаған он мыңдаған наркотиктер мен алкоголь пайдалану, зорлық пен қатыгездік жасау көріністерін көрген және бұл оларға әбден үйреншікті болып кеткен.

Елімізде жастар арасында қылмыстың өсу себебін де біз осыдан деп есептейміз. Мұндай пайымдауларды жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелері негізінде де жасауға болады.

Халықтар Ассамблеясының XII сессиясында сөйлеген сөзінде еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Патриотизмді бүкіл қоғамның жалпы күшімен, әсіресе жастар арасында, біздің балаларымыздың бойында қалыптастыруымыз керек» - деген болатын.

Балалар мен жастардың бойында патриоттық қасиеттер қалыптастыру үшін, қоғамда олардың адами қасиеттерінің, психологиясы мен логикасының, мінезі мен

тұлғасының қалыптасуына кері әсер ететін барлық факторларды шама келгенше шектеу қажет. Мұндай факторлардың ең ауыры, дүние жүзінің көптеген елдерінің үлкен ғылыми-зерттеу институттарының жарты ғасыр бойы жүргізген мындаған зерттеулерінің нәтижелері көрсетіп отырғандай – *медиазорлық* болып табылады. Сондықтан, *еліміздің Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңына, дүние жүзінің көптеген елдерінің заңдарында бар, күндізгі уақытта теледидардан зорлық және порнография көрсетуге тыйым салатын қосымша бір бап енгізілуі қажет.*

Біз, қазақ халқы, шығыс халқы екенімізді ешуақытта да ұмытпауымыз керек. Ел басының қолдауымен елімізде жүргізіліп жатқан «Мәдени мұра» бағдарламасы да, бүгінгі ғаламдау заманында қасиетті терең тамырымыздан айрылып қалмай, содан сусындаудың қажеттігінен туындаған дүние екенін әсте естен шығармағанымыз абзал. Бұл үлкен ғылыми бағдарлама. Ал шынайы өмір шындығы қандай? Біз бүгінгі күндері неге ата-баба тәлім-тәрбие дәстүрінен мүлде қол үзіп қалдық? Осы орайда бір сәт ойланып көрейікші. Егер де қасиетті бір бабамыз бір сәт жанымызға келіп, бізбен бірге теледидар көрсе, онда ол басын шайқап, қарақтарым, деп бізге сұрақ қойған болар еді. Сонда біз, басқа шығыс елдері сияқты медиазорлыққа ешқандай тосқауыл қоймай отырғанымызды немен түсіндірген болар едік?!

Атадан балаға мирас болып келе жатқан тәлім-тәрбие дәстүрін Жапон елі күні бүгінге дейін қатаң сақтап қана отырған жоқ, олар жас ұрпақ алдына оны дамыту міндетін жүктеп отыр. Осыдан Жапон елі ұтылып отыр ма? Жоқ, ешқандай да ұтылып отырған жоқ. Тәрбие негізінде мектепте сапалы білім беріп отырған елдің ғылымы мен экономикасы да ғарыштап дамып отырғанын бәріміз де жақсы білеміз.

Қазіргі уақытта, елімізде, оқушылардың білім сапасын көтеру мәселесі аса маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Дүние жүзінің дамыған елдерінің зерттеулері мен тәжірибелеріне жүгінетін болсақ, онда оқушыларға алдымен тәрбие беріп, тәрбие негізінде білім беріп отырған елдердің білім сапасы көш ілгері озып отырғанын байқаймыз. Өмірдің өзі – білім алды тәрбие қағидасының өміршеңдігін көрсетіп отыр. *Елімізде білім сапасын көтеруге де медиазорлық кері әсер етіп отырғанын ашық айтуымыз керек.*

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында Гонконгта Азия және Гонконг салыстырмалы білім беру қоғамдары ұйымдастырған Халықаралық ғылыми конференция өтті. Сонда сөйлеген сөзімізде, біз, Қазақстанның педагог ғалымдары, конференцияға қатынасушыларға зорлық пен қатыгездікті көрсететін телехабарлардың балалардың өміртанымының, логикасы мен психикасының қалыптасуына кері әсер ететінін талқылап, дүние жүзінің барлық елдерінің үкіметтері мен телеарналары басшыларына, жеткіншек ұрпақтардың келешегі үшін, медиазорлықты азайту жөнінде шешім қабылдауға шақыруды ұсынған едік.

Біздің ұсынысымызды конференцияға қатынасушылар толық мақұлдап, бұл мәселені быйылғы жылы қыркүйек айында Сараевода «Біртұтас әлем. Білім беру және мәдениет аралық диалог» деген тақырыпта өтетін Дүниежүзілік салыстырмалы білім беру қоғамдары кеңесінің XIII Конгресінде арнайы талқылау туралы шешім қабылданды.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада балалар мен жастардың психологиясы мен логикасының, мінезі мен адами қасиеттерінің қалыптасуына кері әсер ететін факторлар, соның ішінде медиазорлық мәселесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы медианасилия и факторы, влияющие на психологию и характер подрастающего поколения.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ**АНАЛИЗ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ФУНКЦИЙ И УМЕНИЙ СТАРШЕГО ВОСПИТАТЕЛЯ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ**

Арзанбаева Б.О. - к.п.н. (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

Обеспечение качества образования на основе результатов является одной из приоритетных целей дошкольного воспитания и обучения. Основная функция современной дошкольной организации - целенаправленная социализация личности ребенка: введение его в мир природных и человеческих отношений, передача ему лучших образцов, способов и норм поведения во всех сферах жизнедеятельности. Дошкольные организации также предоставляют образовательные услуги – помощь главной ячейке общества – семье в воспитании и развитии ребенка-дошкольника. От того, насколько грамотно будет организован педагогический процесс в детском саду, зависит качественный уровень данной услуги. Эффективность педагогического процесса зависит от постоянного поиска новых, более результативных методов воспитания и обучения, при помощи которых происходит передача детям содержания образования. Необходимость создания таких методов, обосновывалась в работах многих педагогов, что возможно на базе знания и возрастных особенностей детей (А.П.Усова, К.Л.Печора и др.), деятельностных категорий (Г.П. Щедровицкий, О.С.Анисимов), а также обобщения педагогического опыта (Ю.К.Бабанский, Н.В. Кузьмина, В. Слостенин и др.).

Главенствующая роль в создании и внедрении в практику наиболее эффективных методов воспитания и обучения детей отводится методической работе. Методическую деятельность обычно определяют как деятельность по обобщению и распространению педагогического опыта.

Организаторами методической работы (воспитательно-образовательного процесса) в дошкольной организации являются заместитель руководителя или старший воспитатель. При организации воспитательно-образовательного процесса в детском саду старший воспитатель должен владеть глубокими систематизированными знаниями, прежде всего в области психологии, педагогики, управления учебно-воспитательным процессом, педагогическим коллективом. Исходя, из современных требований к образованию и воспитанию он должен уметь ставить конкретные цели и задачи, которые необходимо решать в коллективе; проектировать, планировать, регулировать и корректировать работу дошкольной организации; собирать и анализировать учебно-педагогическую информацию, осуществлять контроль, делать выводы, необходимые для дальнейшего прогнозирования успешной работы детского сада. Выполнение должностных обязанностей требует от старшего воспитателя постоянного самосовершенствования и творческого поиска в педагогической и управленческой деятельности.

Анализ психолого-педагогической литературы позволяет выделить разные подходы к профессиональной деятельности старшего воспитателя в дошкольной организации. Рассмотрим научные подходы к данной проблеме. В диссертационном исследовании И.Л. Паршуковой «Методист дошкольного образовательного учреждения как организатор исследования и развития ребенка» рассматриваются педагогические аспекты деятельности методиста, которые способствуют эффективности труда. Вводится понятие «профессиональное соответствие методиста» для выявления реальной методической деятельности, соотнося ее с эталоном, определенным

нормативными, социально-педагогическими, профессиональными, организационными требованиями к работе методиста. Автор выделил условные уровни и модели реальной деятельности данного специалиста, отражающие его движение к профессиональному соответствию:

- профессионально-методическая грамотность. Это период методического становления, в процессе которого происходит накопление знаний, умений, навыков практической деятельности; показатель методической культуры педагога, проявляющего индивидуальный стиль деятельности в рамках овладения профессией;
- профессионально-методическая готовность организовать других и себя на выполнение конкретных педагогических дел. Готовность старшего воспитателя детского сада к этой деятельности является основным элементом второго уровня, его профессионального соответствия и предполагает развитие коммуникативных, проектных, организационных способностей и профессиональной компетентности,
- профессионально-методическая зрелость. В основе ее лежит умение включать в свою деятельность исследовательский метод как высший показатель профессиональной готовности старшего воспитателя. На этом уровне можно говорить о сформированности у него логической культуры, характеризующей научно-методическое и научно-педагогическое понимание собственной деятельности. Овладение прикладной методологией позволяет руководителю соединить исследовательскую и методическую работу. Старший воспитатель на данном этапе получает возможность организовывать исследования педагогического коллектива.

В организации методической работы с педагогами старшему воспитателю приходится анализировать ситуацию или уровень работы, выявлять проблемы и причины их возникновения, оценивать степень результативности, отбирать критерии оценки, разрабатывать варианты решений и др. В основе этих действий лежит исследовательский подход, поэтому руководитель, старший воспитатель должны формировать и развивать исследовательские умения.

В диссертационном исследовании Е.В. Давыткиной «Исследовательский подход к управленческой деятельности руководителя ДОУ» определены следующие критерии готовности руководителей к реализации исследовательского подхода в управленческой деятельности: умение руководителя анализировать деятельность педагогического коллектива и прогнозировать его развитие; степень новизны в решении управленческих задач, владение умениями педагогического исследования; степень сформированности исследовательских умений.

Автор определяет три уровня проявления этих умений. *Высокий.* Руководитель характеризуется системным видением педагогического процесса, имеет способности к моделированию учебно-воспитательного процесса в рамках системного развития детского сада, может ставить четкие стратегические цели перед коллективом дошкольной организации на основе проблемно-ориентированного анализа итогов работы за прошедшие три года. Руководитель владеет системными знаниями и умениями методологии и методики педагогического исследования и умеет использовать их в новых, нестандартных условиях. Присутствует новаторство и оригинальность при решении возникающих в процессе управления детского сада задач. Руководитель может четко использовать при сборе информации комплекс методов педагогического исследования в соответствии с поставленными целями и задачами.

Средний. Руководитель умеет моделировать педагогический процесс по образцу,

используя при этом анализ итогов работы за прошедший год. В последнем присутствуют элементы констатации. Умения носят репродуктивный характер. Редко присутствует новизна в решении задач. Руководитель в основном использует знакомые ему методы.

Низкий. Руководитель способен моделировать отдельные методики и работы с коллективом по решению уже известных задач итогов работы на срок до одного года. Анализ итогов работы за прошедший год, как правило, носит констатирующий характер. Руководитель допускает ошибки в выборе задач высокого порядка. Новизна в решении задач отсутствует. Ярко выражены стереотипные формы действий. Исследовательский поиск решений не сформирован, могут выполняться лишь единичные операции.

Опираясь на эти уровни, руководитель может самостоятельно оценивать свои личностные умения, чтобы в последующем в результате самообразования совершенствовать свои знания и умения о сущности исследовательского подхода.

Л.В.Поздняк, Н.Н. Лященко выделяют следующие профессиональные функции и умения старшего воспитателя:

Планирование:

- прогнозировать развитие процессов воспитания, обучения и развития дошкольников, педагогического коллектива;
- разрабатывать комплексно-целевую программу развития дошкольной организации;
- проектировать деятельность коллектива на длительный срок, методическую работу на год, месяц, собственную деятельность на длительный срок и в течение дня;
- способствовать взаимодействию воспитателей в ходе выполнения годового и месячных планов, отдельных заданий;
- создавать условия для повышения квалификации педагогов, воспитательно-образовательной работы с детьми;
- совершенствовать организационно-воспитательные воздействия на отдельных работников и коллектив в целом;
- повышать собственный уровень квалификации;

Организация:

- осуществлять деятельность педагогов в соответствии с годовым и месячным планами, обмен опытом и информацией, эффективное воздействие коллектива на отдельных воспитателей, методическую помощь в составление планов и подготовке к работе с детьми, повышение квалификации воспитателей, собственную деятельность;
- распределять работу между педагогами в соответствии со сложившейся ситуацией;
- инструктировать в ходе выполнения работы;
- обучать наиболее эффективным методам и приемам работы с детьми;
- поддерживать на высоком уровне трудовую активность в коллективе;
- своевременно и правильно оформлять необходимую документацию, методические материалы, выставки для педагогов и родителей.

Контроль:

- разрабатывать схему наблюдения за воспитательно-образовательной работой с детьми, диагностические материалы, вопросы для осуществления тематического и фронтального контроля в разных возрастных группах;
- наблюдать за деятельностью воспитателя в процессе работы с детьми,

диагностические материалы, вопросы для осуществления тематического и фронтального контроля в разных возрастных группах;

- наблюдать за деятельностью воспитателя в процессе работы с детьми, за деятельностью и взаимоотношениями детей;
- фиксировать результаты наблюдений;
- анализировать результаты воспитательно-образовательной работы, детского творчества, планы и документацию воспитателей;
- делать выводы и заключения о состоянии воспитательно-образовательной работы с детьми;
- осуществлять диагностику профессиональной компетенции педагогов, развития детей;
- разрабатывать мероприятия по устранению выявленных недостатков в работе педагогов;

Координация:

- изучать педагогическое мастерство воспитателей, социально-психологические особенности членов коллектива, процесс выполнения решений;
- корректировать деятельность воспитателей на основе анализа их работы;
- анализировать целенаправленность и эффективность воздействия на воспитателей;
- ориентироваться в сложившейся обстановке;
- регулировать ход воспитательно-образовательного процесса в дошкольной организации, действия членов коллектива.

Общение:

- владеть собой в критических ситуациях;
- предвидеть конфликты и предотвращать их;
- изучать взаимоотношения воспитателей при выполнении работы;
- правильно воспринимать критику и учитывать ее в своей деятельности, понимать и оценивать возможности воспитателей и других сотрудников;
- устанавливать правильные отношения с заведующим и работниками управления образованием
- учитывать особенности психологического климата в коллективе.

Таким образом, проведенный анализ профессиональных функций умений старшего воспитателя позволяют четко определять его организационную, педагогическую и образовательную деятельность.

ЛИТЕРАТУРА

1. Белая К.Ю. Дошкольное образовательное учреждение: управление по результатам. - М., 2003.
2. Давыткина Е.В. Исследовательский подход к управленческой деятельности руководителей ДОУ: Дисс.канд. пед.наук. -М., 2003.
3. Поздняк Л.В., Лященко Н.Н. Управление дошкольным образованием. -М., 1999.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о профессиональных функциях и умениях старшего воспитателя дошкольной организации.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиешілердің кәсіби қызметі мен біліктілігі мәселелері қарастырылған.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ


Әмірова Ә.С.- п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазМемҚыз ПИ)

Қазіргі мектептің білім мазмұнының жаңаруы мұғалімнің кәсіптік шеберлігіне, жалпы дидактикалық мәдениеттілігіне, психологиялық-педагогикалық дайындығына тікелей тәуелді. Аталған жәйттар жоғары оқу орандарының алдына жастарды оқыту мен тәрбиелеу міндеттерін тыңғылықты орындайтын мұғалімдер даярлауға жаңа талаптар қояды. Президенттің Қазақстан халқына жолдауында: «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады. Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз»-деп көрсетті. Осындай қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мұғалімнің өзі де уақыт талабына сай дайындықпен келуі қажет деп санаймыз.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің дайындық моделіне байланысты оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуын қалай жүзеге асырып жатқанымызға тоқталып өтпекпіз. Бұл оқу орны өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтай отырып және қазіргі талаптарға сәйкес жаңа қоғамға мұғалімдер дайындайды. Институт бойынша бірнеше мамандықта кадрлар даярланады. Солардың бірі – бастауыш сынып мұғалімдері. 050102-“Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі” мамандығы бойынша мемлекеттік стандартқа сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерін әзірлеу негізгі үш бағытта жұмыс жүргізілуде. Білім беру, тәрбиелеу, дамыту бір-бірінен бөліп алуға келмейтін бірегей міндеттер. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін біздер білім беруде оқытудың жаңа технологияларын меңгеріп, оны сабақта шығармашылықпен пайдаланып, әрбір пән бойынша оқу-әдістемелік кешенін әзірледік. Сондай-ақ ақпараттық технологияны информатикадан басқа сабақтарға ендіру жолдары қарастырылуда. Институтымызда оқу-әдістемелік кеңестің ұйымдастыруымен алыс және жақын шетел ғалымдарымен, атап айтсақ, Польша, Қырғызстан, Ресей мемлекеттеріндегі педагог кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарымен бірлескен семинарлар, мастер класс өткізіліп, онда студенттерге сапалы білім берудің жолдары қарастырылып, пікір алмасып отырылады. Әсіресе, СОӘЖ, СӨЖ сабақтарын ұйымдастыруда интерактивті әдістер: “пікір сайыс”, “еркін пікір сайыс”, “бір тақырыпқа пікір сайыс”, “миға шабуыл”, “ситуацияны талдау”, “рөлдік ойындар”, “сауалнама” пайдалану жолдары талқыланғанын атап өтуге болады. Осы семинарларға қатысып, сертификат алған оқытушылардың институт жанындағы білім көтеру орталығында осы салалардағы жаңалықтарды әріптестеріне жеткізуі дәстүрге айналған. Өртүрлі сабақтарды “Дебат”, “КВН” түрінде өткізу студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға бірден-бір септігін тигізеді. Мысалы: “Педагогиканың жалпы негіздері және тәрбие теориясы” атты арнаулы пәнде “Ұжымды қалыптастыру және оның оқушы тұлғасына ықпалы” деген СОЖЖ сабағы студенттерді шағын үш топқа бөліп, “Дебат” түрінде өткізілді. Олар: 1-топ оппозиция, 2-топ оппозицияға қарсы топ, 3-топ халық, бір студент спикер, бір студент хатшы болады. 1-топ ұжым дегеніміз не, ұжым түрлері, бала өмірін ұйымдастырудың формасы, педагогика ғылымының қайраткерлерінің ұжым туралы тұжырымдарын, ұжымның оқушы тұлғасына ықпалы туралы дәлелді пікірлер айтады. Ал, оппозицияға қарсы топ ол пікірге қарсы шығып, керісінше балаға кері әсер ететін ұжымдар туралы дәлелдейді. Халық екі жақтың да пікірін тыңдап қайсысын қолдайтынын өздері айтады. Спикер үш топты да тыңдап қорытынды жасайды. Студенттердің логикалық ойлауы, өзінің танымдық көзқарасын ұстануы, оны дәлелдеуі, ұстаздық, яғни, кәсіби мінез-құлық сапаларын қалыптастырады. Сондай-ақ білімдік мақсаттарды жүзеге асыруға әрекет жасайды.

Осындай сабақтарды дәстүрден тыс ұйымдастырып отырса, студенттердің ой-өрісінің өсуі, танымдық қызығушылығының артуы, көзқарасының қалыптасуына, білім сапасының артуына ықпалы мол. Студенттердің білім сапасын арттыруда компьютерлік сыныптар мен интернетті пайдалану жаңаша мүмкіндіктер туғызады. Ол әсіресе студенттердің өзіндік жұмысын орындауға, ғылыми зерттеумен айналысуға, яғни курстық және диплом жұмыстарын жазуға жағдай жасайды. Студенттердің ғылыми жұмыстармен айналысуы, оның ізденуі, одан бір нәтиже шығару әрине, ұстаз ретінде қалыптасуына әсер ететіні сөзсіз.

Институттың ғылыми кеңесінің шешімімен жоғары оқу орнының компоненттерінің есебінен енгізілген “Қазақ ханымы” атты пәндер циклі бүгінде студенттеріміздің білім алуындағы ынтасын арттыруға, рухани-адамгершілік тұлға ретінде қалыптасуына, шығармашылықпен ойлауға, жаңашылдыққа ұмтылуына тікелей ықпал етіп отыр. Жоғары оқу орнының компоненттері ретінде енгізілген бұл пәндер төмендегідей блоктардан тұрады:



Әрбір блоктың атқаратын өзіндік міндеттері бар.

Болашақ мамандарды елжандылыққа, азаматтық-патриоттық, ізгілікке тәрбиелеу бағытында: “Отантану”, “Сұлулықтану және Аэрофитнес”, “Риторика”, қолданбалы өнер (тігін ісі, кілем тоқу т.б.) пәндер оқытылады. Мысалы: Риторика пәнінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі шебер сөйлеуді, өз ойын анық, жүйелі баяндауға, тыңдаушыға түсінікті етіп жаңа ойды, материалды жеткізе білуді үйренеді. Әрине, бұл мақтанышпен айтуға тұратын оқыту, білім беру, тәрбиелеу саласындағы институт оқытушы-ғалымдарының жетістігі екенін айта кеткіміз келеді.

Студент пен оқытушы арасындағы мәдени қарым-қатынас арқылы студенттердің “өзіндік менін” қалыптастыратынына көз жеткізу қиын емес. Болашақ ұстаздық мамандықтың беделі, біліктілігі мен шеберлігі студенттік кезеңнен басталып, оның бастамасын педагогикалық тәжірибе кезінде меңгеретіні белгілі. Оқу жоспары бойынша ұйымдастырылатын оқу практикасында студенттер бастауыш сыныптың оқу бағдарламаларымен танысып, сабақтарға және тәрбие сағаттарына қатысып, ұстаздың еңбегімен жете танысып, оның қыры мен сырын үйренуге талпыныс жасайды. Сонымен бірге, III-IV курстарда 4-6 апталық педагогикалық және мемлекеттік практикада студенттер өздерінің теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануына, әдістемелік шеберліктерін шығармашылықпен игерулеріне мүмкіндік туады. Әрине, қысқа мерзімдегі практика кезінде ұстаздық мамандықтың қыры мен сырын толық меңгеріп алады деп айту қиын. Себебі, практикаға барған студенттің сынып оқушыларының психологиялық ерекшелігін, мінез-құлқын меңгерудегі қиыншылығы әдістемелік жағынан тәжірибесінің жоқтығы және т.б. әсер етеді. Сондықтан, әрбір мамандықтың мемлекеттік стандарты мен оқу жоспарында белгіленген базалық білім мазмұнын, педагогикалық практикадан жүйелі түрде өз мерзімінде өтілуін маңызды деп санаймыз. Сонда ғана қазақ мектебіне білікті маман даярлауға болатыны белгілі. Сонымен қатар жаңа қоғамға педагог-кадрларды даярлауда С.А.Назарбаеваның

(жобаның авторы) тұжырымдамасы негізінде институтымыз рухани-адамгершілік білім беруге баса назар аударып, “Өзіндік таным” пәнін оқу бағдарламасына енгізді. Республикалық компонент ретінде балабақшадан бастап, институт, университетке дейін енгізілген аталған пәннің бағдарламаларына институттың 1 курсына арналған 36 сағаттық “Өзіндік таным” пәні арнайы жабдықталған аудиторияларда өтеді. “Өзіндік таным” бағдарламасын құрастырған психология ғылымдарының докторы, профессор Х.Т.Шерьязданова. Пәннің алдына қойған мақсаты – студенттердің өз өміріне дұрыс көзқарасы мен өмірдегі өз орнын анықтау қарым-қатынастағы қажеттілігін қалыптастыру, өмір жолындағы өзінің танымын, адамдық мәнін, өзін дамытудағы қажеттілігін түсіндіру. I курс студенттеріне арналған бағдарламаларда өткізілетін сабақтар ортақ мақсатқа негізделген. Әрбір сабақтың құрылысы өз мәнділігімен құнды. Бағдарламаның мақсатын жүзеге асыру үшін автор төмендегідей міндеттерді шешуді көздейді:

- қоғамдағы ережелерді, дағдыларды нақты ұғынуға, игеруге көмек беру;
- тұлғаның тәжірибесіндегі мінез-құлық ережелерін сәйкестендіру;
- студенттің жан дүниесін сыртқы өмірмен байланыстыра отырып, сезімін, ойын, басқа адамдарды, үлкендерді, құрдастарын түсініп, тыңдай білуге үйрету;
- психологиялық жағынан үйлесімді жетілуін, жағымсыз сезімдерден аулақ болуға, өз сезіміне берік болуға баулу;
- адамның рухани-адамгершілік құндылығын жалпы қоғамдық негізде байыту;
- сабақта әркім үшін өмірдің мәнін, өміршеңдігін түсіндіре білу.

Бағдарлама “Мен және адам”, “Мен және әлем”, “Мен және басқалар”, “Адамзат тәжірибесі” атты бөлімдерден тұрады. Осы төрт бөлімнен тұратын бағдарламада мысалы: “Мен кімін?”, “Мен қандаймын?”, “Рухани және материалдық құндылықтар”, “Менің байлығым”, “Тән саулығы – жан саулығы”, “Өзара түсіністік жалған, әлде шынайы ма?”, “Адамның паспорттық жасы мен рухани жасының айырмашылығы бар ма?”, “Адам табиғаттың бір бөлшегі”, “Махаббат”, т.б. көптеген тақырыптарды қамтиды. Бұл пәнді өткізудің өзіндік ерекшелігі бар. Себебі, ол дәстүрден тыс сабақ түрінде ұйымдастырылады. Әсіресе ауылдан және балалар үйінен келіп түскен 1 курс студенттерінің өз ортасын табуы, ұжымда өзін еркін сезінуі мен орнын табуы, өзінің мінез-құлқының жақсы және жаман жағын айыруы, өз тобындағы мәдени қарым-қатынастың жалған ба, әлде шындық па т.б. адами қасиеттерді студенттердің бойына дарытудың бірден-бір көзі. Біз бір-біріне жылылық, жақсылық, өзара түсіністік қалыптасып, студенттердің бұл сабаққа ынтасы артып, қызығушылық білдіргеніне көз жеткіздік. Дәстүрден тыс ұйымдастырылған сабақта қолданылатын интерактивті әдістер, студенттерді ойландыратын проблемалық сұрақтар, олардың өз проблемаларын шешуі сабақтың құнын арттырып отыр. Бұл сабақтан ешбір тексеру, яғни сынақ немесе емтихан болмаса да студенттер оған зор ықыласпен қатынасатынын атап өткіміз келеді.

Бұдан шығатын қорытынды, бүгінгі институт қабырғасындағы студент өзінің кім екенін, ұжымдағы орнын дұрыс анықтауды үйренсе, ертең мектепке мұғалім болып барғанда, алғаш мектеп есігін ашқан 1-сынып оқушыларына ұжымда өзін ұстауға, әділетті, шыншыл болуға, өз ойын ашық, еркін айтуға үйретері анық. Сонымен қатар бастауыш сыныптағы “Өзіндік таным” пәнін сапалы жүргізетініне, оқушылардың бойына рухани-адами қасиеттерді қалыптастыратынына сеніміміз мол.

Халық санасында мұғалімнің биік қоғамдық жаратылысы туралы ой әр уақытта болған. Мұғалім әлеуметтік ілгерілеуді жасаушы және жеке тұлға ретінде рухани

жетілудің жоғарғы дәрежесі мен саналылықтың, азаматтық белсенділік пен жауапкершіліктің үлгісі болуы керек. Жеке тұлғаның көзқарасы мен сенімін, моральдық және құндылық бейімділігін анықтайтын ғылыми-ізгілікті дүниетаным оның ішкі болмысының буыны болып табылады.

Халықтық мұғалім-жас тұлғаның дүниесінің мүсіншісі, қоғамның сенім артқан адамы, өйткені қоғам оған ең қымбатты да бағалысын-балаларды, өзінің үміті мен болашағын сеніп тапсырады. Бұл игілікті де қиын мамандық өзін осыған арнаған адамнан үнемі шығармашылықты, ойдың тоқтаусыз жұмысын, үлкен кеңпейілділікті, балаларға деген сүйіспеншілікпен өз ісіне деген шектеусіз белсенділікті талап етеді.

Егер мұғалім өзінің шығармашылық қасиеттерін жете түсінбесе, шығармашылықтың болуы мүмкін емес. Тек қана осыны жете түсінгенде ғана педагогикалық ықпал ету «мұғалімнің тұлғасынан шықса», мұғалімнің педагогикалық тәсілдері мен өзіндік қасиеттері бірлестігіне қол жеткізуге болады. Педагогикалық әрекетке өзін, өзінің өзіндік қасиеттерін түсіну-басқа мұғалімдер меңгерген теория мен тәжірибелерді өзінің тұлғалық игіліктеріне айналдыру, өзінің ішкі қорлары мен шығармашылық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану деген сөз. Педагогикалық шығармашылық мұғалімді баурап алған педагогикалық идеялармен өмірге келіп, соған сүйенетін кәсіби-тұлғалық мотивация жағдайында пайда болады. Бұл шығармашылық идея ұзақ педагогикалық бақылау, тәжірибе немесе теория барысында тууы мүмкін. Соның негізінде әр педагогке қажет өзіндік шығармашылық тұжырымдама жасалады.

Мұғалімнің іс жүзіндегі әрекетіне педагогикалық ықпал ету оның оқушылармен өзара бірлескен әрекеті арқылы ғана болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оқушы мұғалім жасайтын педагогикалық үрдістің бірлескен авторы болады. Педагогикалық тиімділік қаншалықты оқушымен бірлескен шығармашылыққа сүйенсе, соншалықты нәтижелі шешім береді.

Сонымен қорыта келгенде, жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастырудың ең басты факторларының бірі-маманды кәсіби даярлау. Олай болса, институт қабырғасында студенттерді жаңалыққа, тапқырлыққа, логикалық жаңаша ойлауға, проблеманы қоя білуге және оны шешу жолдарын айқындауда теориялық білімдерін тәжірибемен байланыстыруда ізденімпаздыққа үйретілуі тиіс. Осыларды меңгерген студенттер келешекте мектепке мұғалім болып барғанда, бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыра алады деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2004ж., 19 наурыз.
2. Қазақ ханымы жоғары оқу орны компоненті. Инновациялық оқу бағдарламасы. А., 2002.
3. Шерьязданова Х.Т. «Өзіндік таным» бағдарламасы. А., 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға даярлау мәселесі сөз болады. Студенттерді жаңаша ойлауға, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа үйрете отырып, оқушыларды шығармашылыққа баулудың жолдары қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы подготовки будущих специалистов для формирования творческой деятельности учащихся начальных классов, формирования нового педагогического мышления.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ «БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ» МЕН «ДҮНИЕТАНУ» ПӘНДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Байназарова Т.Б. - аға оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Бастауыш мектеп оқушылары ұзақ уақыт бойы оқу үрдісінде негізінен сараланған оқу пәндері арқылы білім алып келді. Бұл жерде оқушылардың білімі шашыраңқы, пәндік белгілері бойынша бөлшектенген, жасанды жіктелген күйінде болады. Соның нәтижесінде оқушы оқу материалының мазмұнын тұтас қабылдай алмайды. Бұл қарама-қайшылықты жеңу барысында пәнаралық кіріктірудің тиімді жақтарын белсенді түрде іздестіру қажеттігі туындайды.

Білім мазмұнын кіріктіру (интеграция) үрдісі айтарлықтай күрделі кешенді жүзеге асыруды керек ететін құбылыс. Ол пәнішілік, пәнаралық және жүйеаралық кіріктіру болып бөлінеді.

Пәнішілік кіріктіру дидактикалық бірліктерді ірілендіру мен бейнелеу іс-әрекеті түрлерінің өзара байланысын күшейту бағытында жүргізіледі.

Дидактикалық бірліктерді ірілендіру бір-біріне мазмұн жағынан сабақтас түсініктерден тұратын тақырыптарды біріктіруді көздейді. Мысалы, бейнелеу өнеріндегі “Күз бояуы” және “Күзгі табиғат” жалпы тақырыптарының мазмұнын дүниетану пәнінің “Күз” тақырыптарының мазмұнымен кіріктіріп, төмендегідей сабақ тақырыптарын топтастыруға болады. “Күзгі үйеңкі жапырағын натурадан салу”, “Күзгі орман”, “Күзгі мерекелер” және т.б. ДБІ арқылы оқушылар тек ірі бірліктерді меңгеру шеңберінде ғана мүмкін болатын күз туралы ерекше мағлұматтар алады.

Мысалы, өлі табиғаттағы өзгерістер күн көзінің жерге түсу биіктігіне байланыстылығын, өлі табиғаттың өзгерісінің тірі табиғатқа тигізетін әсерін түсінген оқушы сол арқылы табиғаттың біртұтастығын, адам, өсімдік, жан-жануарлар барлығы өзара тығыз байланыстылығын түсінуге мүмкіндік алады. Күзгі табиғаттағы әсемдіктер көрінісі, олардың үйлесімді әдемілігі туралы мағлұмат алумен бірге эстетикалық талғамдары молая түседі. Кез-келген ағаш жапырақтарының ерекшелігі, олардың бір-бірімен ұқсастығы мен айырмашылығы, жапырақ пішіндерінің алуан түрлілігі, өсімдіктер бөліктері, олардың орналасу ерекшеліктері т.б. табиғат көріністері мен бейнесін бақылау, көріп білу, танысу, оларды көркем сөзбен мәнерлеу жұмыстарының бәрімен таныса отырып, суреттеуге көшу қиынға соқпайды.

Бастауыш сыныпта «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндері арасындағы пәнаралық байланыс үш түрлі бағытта жүргізіледі.

Пәнаралық кіріктірудің бірінші бағытында “Бейнелеу өнері” пәнінің тақырыптары мен “Дүние тану” пәнінің мазмұны жағынан жақын тақырыптары алынады. Мұндай жағдайда “Бейнелеу өнері” сабақтарында табиғатты сипаттайтын материалдар қоса пайдаланылып, оқушылардың бейнелі қабылдауын күшейту мақсаты орындалды. Мысалы, бейнелеу өнерінің “Жайма – шуақ көктем” тақырыбы бойынша сурет салу дүниетануға байланысты мынадай мазмұндарды қамтыды: Көктем келді, күн жылынды, табиғат тірілді, аспан мен жер жылдың осы мезгіліне тән реңге ие болды. Оянған табиғаттың бояулары мен реңдері. Көктемде ағаштар діңі ерекше нәзік, оларды өте қалың, өрескел бейнелеуге болмайды. Ағаш бұтақтары аспан көрінісі бір орында тұрып қалғандай, жансыз бейнеленбеуі керек, суретте олардың қозғалысы, құбылысы сезілуі керек.

Табиғат көрінісін бейнелейтін суретшілер шығармалары таныстырылады. Көптеген суретшілер табиғатты, ағаштар мен бұлттарды қозғалыста, мәселен шөптер, бұлттар, ағаштар ауамен дем алып тұрғандай етіп суреттеуге тырысады (И.Левитан

"Алма ағаштарының гүлдеуі," В. Бакшеев "Көгілдір көктем").

Көктем образын бейнелеу – бұл көктемгі аспан, ағаштың бүршік жаруы, оның жапырақ ашуы, көктемгі гүлдер, көктемдегі бунақденелілердің тіршілігі болуы мүмкін.

Осы сабақтың мазмұнын ашуда мұғалімдер табиғаттану пәні материалдарының мынадай түсініктерін анықтауға көңіл аударды: бақылау кезіндегі әр түрлі жағдайдағы көктемгі аспанның қалпы, тәуліктің әр кезеңіндегі аспан түсі, ерте гүлдейтін өсімдіктер (сирень, қызыл тал) гүлдер (бәйшешек, қазжуасы, бақбақ т.б.).

Пәнаралық байланыстың екінші бағытында үлкен тақырыптар бірнеше сабақ бойы жалғасып, бұларда адамгершілік – эстетикалық тәрбиеге баса көңіл бөлінеді. Мұндай сабақтар барысында мұғалім пәнаралық материалдарды жүйелі қолдана отырып, шағын әңгіме, түсініктемелер, шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік туғызумен қатар осылардың эстетикалық мазмұндылығына көп көңіл аударады. Мысалы, "Сәндік – қолданбалы өнер" тарауының мазмұны туған табиғатпен таныса отырып, оның көрінісін, әуендерін оюлау арқылы бейнелеуді қамтиды (геометриялық, өсімдік тектес, жануарлар тектес - зооморфтық). Сондықтан да мұнда табиғи заттар мен құбылыстардың пішіндері мен түстері қолданылады. "Дүние тану" пәні материалдарын енгізу арқылы балалардың туған табиғаттағы өсімдік дүниесінің байлығы туралы білімдерін кеңейту ою өнерінің ерекшеліктері мен өзгешеліктерін түсінуге көмектеседі.

Ою өнері туралы әңгіме оқушыларға қазақтардың сәндік - қолданбалы өнерінде өсімдік оюларының кеңінен таралуын түсінуге мүмкіндік береді. Көп ғасырлар бойы көшіп жүрген халық табиғатпен тығыз қарым – қатынаста өмір сүрді. Өсімдік дүниесінің байлығы халық шеберлері шығармаларының тууына себеп болды. Өсімдіктер ұлттық киімдер, кілемдер, музыкалық аспаптар оюларын бейнелейтін бөлшекке айналды.

"Жапырақтар мен гүлдерден ою құрастыру" тақырыбына арналған сабақ мазмұны мына мәселелерді кіріктіруге көмектесті:

- бейнелеу кезінде оқушылардың өсімдік бөліктері жөніндегі білімдерін еске түсіру;
- өрнектерді жолақтар, шаршы, төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек ішінде орналастыру техникасын меңгерту;
- өсімдік формаларын сәндік оюлармен үйлестіруге үйрету;
- әр түрлі өсімдік элементтерін қазақ оюларында қолдану туралы оқушылардың білімдерін кеңейту.

Жай гүлдер мен сәндік гүлдердің жапырақтары мен сабақтарын, бүршіктерін салыстырмалы талдау, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын, үйлестіру техникасын түсінуге көмектеседі.

Пәнаралық байланыстың үшінші түрі ірі нысандарды іріктеуге бағытталды, олардың мазмұны туралы мағлұматтар "Бейнелеу өнеріне" де "Дүниетану" пәніне де енгізілді. Шындық өмірдің шартты байланыстарының бала танымында бекуі үшін анализаторларды көптеп қосу арқылы, яғни техникалық құралдарды (аудио және бейне құралдар, суретшілердің суретімен танысу, заттарды иіс сезгіштік және сезім түйсігі арқылы талдау, қарапайым тәжірибелер) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Пәнаралық кіріктірудің аталмыш түрі Алтай Жатқанбаевтың “Қазақстанның жабайы табиғаты туралы” деректі экологиялық-танымдылық фильмін көру барысында анық байқалды. Бұл балалардың табиғат құпиясы, табиғаттағы үздіксіз байланыстар туралы білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді, табиғаттың әдемілігін, үйлесімділігі мен оның күрделі құрылысын, бізді қоршаған ортаның өте нәзіктігін көрсетеді. “Талғар тауларындағы қорықтар” фильмі оқушыларды Қазақстандағы өте байырғы ерекше

қорғалатын табиғат аумағы – Талғар тауындағы мемлекеттік қорықтың жабайы табиғатының көпжақтылығымен таныстырады.

Дүние тану пәні бойынша қарапайым тәжірибелер оқушыларға табиғаттың біраз құпиясын ашты. Мәселен, оқушылар кішкене күректерімен алаңдар мен жерді қардан тазартқанда олардың астында сақталып қалған жасыл шөптер бар екенін көрді. Бұл шөптің әлі тірі екенін, оның ақырындап өмір сүріп жатқандығын білдіреді. Қар өсімдіктер тамырларын қыста үсіп қалудан сақтайды.

Қардың астынан шыққан жасыл шөп сиқырлы табиғат ғажайыбы сияқты көрінеді. Балаларды осы көрініс таңқалдырып, балаларды сурет сабағында алған әсерлерін жеткізуге жетелейді.

Кіріктірудің бұл түрі дүние тану сабағында “Бұлт пен тұман”, “Жауын – шашын”, “Ауа - райы және оны болжау” тақырыптарын оқуда да қолданылды. Сабақта зерттеу, әр түрлі құбылыстарды өзара салыстыру, жалпы және өзіндік белгілерін анықтау мен бақылаулар жүргізілді. Сабақ оқушылардың танымдылық әрекеттерін, ынталары мен қызығушылығын, логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін белсендіру үшін жүргізілді. Бірақ мұғалімдер тұман, қар, мұзды (оның зияны мен пайдасы) іс жүзінде сипаттаумен ғана шектелмей, өлі табиғаттың осы заттарын эстетикалық, сезімталдықпен қабылдауды көрсетті. Балалардың табиғатпен қарым – қатынас жасауы олардың әдемілік сезімдерін тәрбиелейтіні баршаға мәлім. Сондықтан мұғалімдер оларды қар түйіршіктерінің пішінін, мұздың кіршіксіз тап – тазалығын, қар басқан ағаштардың әдемі кейпін, бұталардың нәзік сабақтарында қатып қалған мұздарды тамашалауға шақырады. Қарлы саябақ көрінісін бейнелеу эстетикалық тәрбиелеудің жақсы құралы болды. Бұл көріністер балалардың назарларын бақылау нысандарына көбірек аударуға, өз тәжірибелері негізінде қысқы табиғаттың кейбір ерекшеліктерін бақылап, естерінде берік сақтауға көмектеседі. Қысқы саябақты суреттегенде оқушылар мамық қардың, қар түйіршіктерінің, сүйрік мұздардың, мөлдір мұздың бояуларын дұрыс таңдап алуға тырысты. Балаларға үй тапсырмасы ретінде тақырыптар таңдап алуға ұсыныс жасалды. (“Қырау басқан ағаштар”, “Қысқы орман”, “Қар басқан шыршалар”, “Ағаштарға, жерге қар жауып тұр” және т.б.).

Жүйеаралық кіріктіру – оқу мен сыныптан тыс жұмыстардың өзара байланысы, бастауыш сыныптардағы жалпы оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігінің маңызды да қажетті шарты болып табылады, оқушылардың білім сапасы мен көлемін ұлғайтудың қосымша мүмкіндіктерін тудырады.

“Бейнелеу өнері” мен “Дүние тану” пәндерінің жүйеаралық интеграциясының өзіндік ерекшеліктері бар:

- мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығы мен өзара әрекеттерін қажет ететін процестерде мұғалімнің оқу-танымдылық жұмыстарды ұйымдастырушы ретінде қатысуы;
- екі пән бірлескендегі сценариймен, оқу пәндерінің синтезін көрсететін кіріктірілген сипаттағы шаралар,
- мұғалімнің барлық жұмысы өмірдің біртұтастығын, өзара байланысы мен өзара әрекеттерін көре білуде әр түрлі сезімдерге ие болатын оқушылардың эстетикалық тәрбиелілігін қалыптастыруға бағытталған;
- бірнеше оқу пәндері мұғалімдерінің шараларға қатысу мүмкіндіктері;
- түрлі техникалық құралдарды қолдану.

Бастауыш сыныпта «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндері арасындағы пәнаралық байланыс негізінде эстетикалық тәрбие беруде мынадай мақсаттар көзделеді:

- оқушыларда бейнелеу өнерінің қоршаған орта заттар мен құбылыстарымен тығыз байланыстылығы туралы көзқарастарын қалыптастыру;

- оқушылардың танымдылық белсендіктерін арттыра отырып, бейнелеу қабілеттерін жоғарылату, оның үйлесімділігі мен көркемдігіне баса көңіл аудару;
- елестету мен қиялдау қабілеттерінің деңгейін көтеруге жәрдемдесе отырып, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;
- шығармашылық ұжым құру, бейнелеу іс-әрептері процестерінде жағымды адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу;
- ғылыми түсініктер мен бейнелі қабылдау негізінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру;
- пәнаралық кіріктіру арқылы эстетикалық тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін саралау. Бастауыш сыныпта кіріктіру негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға төмендегідей талаптар қойылады:

- бейнелеу өнері мен дүниетану пәндерінен білімдерді қолдана отырып, танымдылық және тәрбиелік міндеттерді нақты анықтап көрсету;
- кіріктірілген пәндер білімдерін іс жүзінде қолдануда оқушылардың жоғары белсенділігін тудыру. Дүниетану пәні бойынша алған білімдерін оқушылар бейнелеу өнері сабақтарында берілген тапсырмаларды орындауда өздігінен қолдана білуге үйрету. Бұл мақсатты жүзеге асыруда мынадай әдістемелік тәсілдер мен амалдар қолданылды: бейнелеу өнері мен дүние тану пәндері бойынша оқушылардың білімдерін анықтауға арналған әңгімелесу, проблемалық жағдаяттар туғызу, проблемалық мәселелерді шешу, дүние тану пәні бойынша оқып өткен білімдерін қайталау;
- бейнелеу өнері мен дүниетану тақырыптарын байланыстыра отырып, табиғи құбылыстардың себеп-салдарын ажырату;
- оқу материалдарының арнайы тарауларын қорытындылау.

Кіріктірілген сабақтар мынадай жүйемен ұйымдастырылды: сабақтың негізгі мақсатын анықтау, сабақтың құрылымы мен түрін таңдап алу, оқытудың тәсілдері мен құралдарын таңдау, сабақтағы іс-әрекет түрлеріне сай тиімді жұмыстарды анықтау.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларына эстетикалық тәрбие беруде «Бейнелеу өнері» мен «Дүниетану» пәндерін кіріктіре оқытудың ерекшеліктері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены особенности эстетического воспитания учащихся начальных классов на уроках “Изобразительное искусство” и “Природоведение”.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ДҮНИЕТАНУ ПӘНІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Қожагелдиева С. - п.ғ.к., аға оқытушы (Түркістан қ., Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ)

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қоғамдық өмірінде жүріп жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты белгілі әлеуметтік шарттарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күшейе түсуде. Сол талаптардың бірі - оқушының дүние танымын қалыптастыруда елеулі ықпал жасайтын білім мазмұнын жетілдіру. Білім - дүниетанудың кәусар

бұлағы. Ол неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып тұрақтана түседі.

Дүниетанымның қалыптасуына адам, табиғат, қоғам туралы білімдер тірек болады. Адам, табиғат, қоғам-біртұтас дүние. Адам, табиғат, қоғам арасындағы байланысты және оларды үнемі бірлікте дамитынын оқушылар бастауыш сыныптан бастап оқып, түсінуі жолға қойылып отыр. Өйткені дүниетануды бастауыш сыныпта оқытудың барысында оқушының таным процесі дамиды. Танымға көмегін тигізетін оқушының сезім мүшелерінің жұмысы арқылы олар сыртқы дүниені қабылдайды. Өртүрлі оқу әрекеттері нәтижесінде олар дүниені біртұтас бірлікте сезініп, қабылдау арқылы санасында білім қоры жиналып, ой-өрісі кеңейеді.

“Дүниетаным”, “таным”, “қазақ дүниетанымы” саласында көптеген құнды ой-пікірлер мен көзқарастар философ ғалымдардың (С.Б.Крымский, Б.М.Кедров, Ә.Нысанбаев, А.Қасабеков, М.Орынбеков, Ж.Алтаев, Кішібеков және т.б.) еңбектерінде жан-жақты талқыланып келеді.

Табиғат - адам тәрбиешісі. Оның құрамдас бөлігі болып саналатын өсімдіктер мен жануарлар әлемі биік таулар мен сарқыраған өзендер, кең дала барлығы да адам баласына ой салып, денесіне қуат, бойына күш, көңіліне шабыт береді. Экологиялық білім мен тәрбие беруді жеке адамды қалыптастырудың басқа салаларынан, бәрінен бұрын қоғамдық-саяси салаларынан бөліп алмау керек. Қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасы көп жағдайда дүниетанымдық мәселе болып табылады.

Адамның рухани қалыптасуында оның ерте балалық шақтан табиғатты бақылап, табиғатпен етене араласып, оны аялап оған жәрдемдесіп, қамқорлық көрсетудің маңызы зор. Табиғатқа ізгілік сезім адамның барлық кейінгі өміріне де игі әсерін тигізеді. Табиғаттың жеке бас қасиетін дамытудағы рөлі мейірбандыққа тәрбиеленуде көрініс табады, оны табиғатқа қатыгездік әрекеттерден сақтандырады.

Экологиялық тәрбие тек адамдардың сезіміне ғана емес, олардың біліміне де сүйенеді. Табиғаттың өзі де өзгеріске ұшырайды. Әйтсе де адамдар экологиялық заңдылықтары ескерместен, табиғатты ойланбастан және жауапсыз өзгертуге бой алдырмауы қажет. Егер адамдардың іс-әрекеті осы заңға сәйкес жүргізілсе ғана “осы кезге дейін жиі болып тұрғандай” адамның табиғатты өзгертуі бүлдірудің емес, қайта оны сақтаудың әдісі болып табылады.

Әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, тілі болатыны белгілі. Халқымыздың әдет-ғұрыптарын, дәстүрін, тарихын қадірлеп, болашағымыздың нәрлі қайнарына айналдыру - ұстаз қауымының борышы. Біздің тәрбиеміз сол салт-дәстүрлерден, ананың ақ сүтінен, әлдиінен, ұлылардың ұлағатты сөздерінен бастау алады.

Көптеген ғылым салаларында дүниетанымдық көзқарас философиялық тұрғыдан қарастырылады. Қазақ халқының қоғам адам, табиғат туралы философиялық ойлары ертеден-ақ адамгершілік ізгілікті көрсету, имандылықты дәріптеу, зорлық - зомбылыққа қарсы күресу, мемлекет пен адам тағдырының мәнін түсіну тұрғысында қалыптаса бастаған. Мәселен, ақындар, жыраулар, хандар мен батырлар, билер - осылардың бәрі де әділдік, адамгершілік, табиғат байлығын меңгеру сияқты тіршілік қамына тікелей байланысты мәселелер тұрғысында ой қозғады.

Табиғат сырын білуге ұмтылу, оның қорын қажетіне пайдалану адам баласының қанына сіңген, туа біткен қасиет екендігі Күлтегін құлыптасындағы (VIII ғ.) “Жоғарыда көк аспан, қара-жер пайда болған соң екеуінің арасында адам баласы жаратылған” деген жазу айғақтайды. Бұл түркі түсінігінде осы үш құбылыс, яғни көк тәңірі – адам – жер тұтас дүние түрінде қаралғанын көрсетеді. Ежелде ата-бабаларымыз тәңірге табынған. Тәңірге табынудың негізі – табиғатқа адамгершілік қарым-қатынас жасау, жанашырлықпен қарап қадір тұту (күнге, отқа, жұлдызға табыну).

Ата-бабаларымызды ерте заманның өзінде-ақ табиғаттың сан түрлі құбылыстары мен үрдістерін бақылаудан жинақталған білімдері мен түсініктері негізінде, оның жемісін өз игіліктеріне тиімді қолдану, қорғау дәстүрлерін дамытты. Табиғатты қорғап, жетілдіру бағытындағы ырымдарды, жөн-жосықтарды қалыптастырды. Жас ұрпақта өмір тәжірибесі, мейірімділік, жауапкершілік, табандылық осы табиғаттың сұлулығы, пәктігі арқылы қалыптасуы шарт. Демек, табиғатқа жанашыр болу – адамзаттың өз келешегіне, болашағына жанашырлық жасауы.

“Дүниетаным, дүниеге көзқарас дегеніміз – айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мәні, мағынасы туралы, көзқарастың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы”.

Дүниетанымның көзі – білім. Білім неғұрлым тереңдеген сайын дүниетанымда қалыптасып, тұрақтанады. Мектеп қабырғасында алған білімнің шындығы мен ғылымилығы практика жүзінде қолдану барысында айқындала түспек. Осы арқылы адам, заттар, құбылыстар арасындағы қарым-қатынас пайда болады.

Төменгі сынып оқушысы жеке басының көптеген қырлары ең алдымен сынып ұжымы жағдайында өтетін оқу ісі процесінде қалыптасады, көзге түседі. Сондықтан баланың бойындағы ұжымдастыруды тәрбиелеу оның жеке басының тәртібі үшін, оқу саласындағы барлық міндетін орындау үшін жауапкершілікке тәрбиелеуді көздейді. Сабақ үстінде мұғалім мен балалар арасында қалыптасатын қарым-қатынастар стилінің орасан зор тәрбиелік маңызы бар. Әрбір сабақта мұғалім балалардың бір-бірінің жетістіктеріне көңіл аудара білуіне, өзара қарым-қатынас жасауға, бір-біріне көмектесуге, өздерінің және жолдастарының жетістіктері мен сәтсіздіктеріне дұрыс көңіл аударатындай, балалардың өзара қатынастарын қалыптастыруға бағытталған талаптар қояды. Бұл үшін мұғалім әр түрлі әдістер пайдаланады.

Басқа пәндерге қарағанда дүниетану сабақтарында мұғалім оқу материалымен жұмыс істеудің ұжымдық формаларын көбірек пайдалана алады. Мәселен, бұл сабақтарда көрнекі құралдар пайдаланылатын альбомдар үшін материалдарды, герборийлерді, коллекцияларды балалар бірлесе отырып іріктеп, жүйеге келтіреді. Үшінші сынып оқушылары “Дала мен шөлейт аймақтардың өсімдіктері дүниесі”, “Дәрілік шөптер”, “Егістіктің зиянкестері” және басқа тақырыптық альбомдарды өз беттерінше жасай алады.

Дүниетану оқушыларды объективті дүниемен таныстырады, соны үйретеді, сол туралы білім береді. Объективті дүние адам санасында сәулеленеді, ойын байытады. Сана – білімнің жиынтығы, таным процесі. Дүниетануды оқытудың мәні осында жатыр.

Дүниені тану, білу барысында бала эмоциясының рөлі күшті. Ол затқа, құбылысқа қызыға қарау, қуану, өкіну, қажеттілігін ажырату сияқты өз қатыстарын аңғартады. Өз кезегінде көрген, байқаған объектілеріне қатысып, оған деген көңіл күйін білдіру ақыл-ойға әсер етеді.

Дүниетануда бастауыш сыныпта оқытудың барысында оқушының таным процесі дамиды. Олардың танымына сезім мүшелердің қызметі көмегін тигізеді. Оқушы сыртқы дүниені сезім мүшелері арқылы қабылдайды. Сезініп, қабылдау нәтижесінде оның ой-өрісі дамып, тиянақты ұғым алады.

Қазақстан Республикасының егемендік алған алғашқы жылдарынан бастап білім беру мәселесінің дамуына аса мән берілуде. Білім беру барысында оқушының жеке тұлғасын жан-жақты жетілдіруге, олардың танымдық әрекетін дамытуға, ой-санасын қалыптастыруға ерекше назар аударылып отыр. Мұның дәлелі республикамыздағы “Білім туралы” заңының қабылдануы.

Президент Н.Ә.Назарбаев “Қазақстан-2030” атты Қазақстан халқына Жолдауында болашақ қоғам мүшелері – жастардың қандай болуға тиіс екендігін айта келіп, “Біздің

балаларымыз білігі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер жән өнер қайраткерлері, магазиндердің иелері, биржа делдалдары және спортшылары болады...”, - дейді.

Бұл пән бойынша оқушыларымызға еліміздің табиғаты, табиғи байлығы, экономикасы, ғылымы мен мәдениеті, этика, әдеп, эстетика, құқық пен өнері, адам-адам, адам-қоғам, адам-табиғат арасындағы қарым-қатынас түрлері жайында ғылыми сарамандық ұғымдар беріледі. Пәнді оқып меңгеру барысында оқушылар дүниенің үш құрамдас бөлігі: адам, қоғам, табиғат саласынан білім алады. Биология, химия, география, физика пәндерінің бастама негізі қаланады. Атап айтсақ, қоршаған дүние заттары, құбылыстары, табиғат, экология туралы ғылыми түсінік қалыптасады. Тарихи деректер жайында жалпы мағлұмат алып, халықтың салт-дәстүрі, тұрмыс тіршілігі, табиғат байлығы, мәдени-әдебиеті, көркем-қолөнер шығармашылығы арасындағы байланысты, сабақтастықты көре білуге үйренеді. Пәннен алған ұғымдарын басқа пәндермен кіріктіре оқу арқылы дүниенің тұтастығы жайында жүйелі білім негізі қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қ.Аймағамбетова. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың теориялық негізі. Алматы: “Балауса” баспасы. 2003.
2. И.А. Каиров, О.С. Богданова. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. Алматы: “Мектеп”. 1988.
3. Ш.Жанұзақова. Мектеп оқушыларының табиғатпен қарым-қатынасы. // Бастауыш мектеп. №12№ -2003.
4. Э.Әлімқұлова. Табиғатты қорғау дәстүрлерінің тәрбиелік мәні. // Бастауыш мектеп. №12. -2003.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бастауыш мектепте дүниетану пәнін оқыту процесінде оқушыларды адамгершілік қарым-қатынасына үйретудің жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены пути формирования человеколюбия у учеников начальной школы в процессе обучения.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫ

Қоқымбаева Т.И. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Дидактикалық дайындық жалпы кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы екені белгілі.

Дидактикалық даярлық деген ұғымды қалай түсіну керек? Бұл өте күрделі ұғым. Мұғалімдердің дидактикалық даярлығына жататындар: оқыту процесінің теориясы мен практикасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері. Нақты айтқанда, оқытудың мақсаттары мен мазмұнын, оны ұйымдастырудағы қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерді жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеруді – дидактикалық даярлықты анықтайтын белгілер деуге болады. Осыған орай, педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында мынадай дидактикалық қабілеттер болуы керек: оқыту процесін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы.

Мектептегі оқыту – дидактикалық процесс болғандықтан, мұғалім оған тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін білуі өте қажет.

Оқыту процесінің басты компоненті – оқытудың мақсаты мен мазмұны. Оқушылардың рухани дамуына, ең алдымен, оқытудың ғылыми мазмұны мен гуманитарлық бағыты орасан зор ықпал етеді. Жалпы білім беру, негізінен, үш түрлі мақсатты көздейді:

Біріншісі – табиғат, қоғам, техника, өнер туралы ғылыми білім негіздерін меңгеру. Бұған ғылымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдағы негізгі заңдылықтардан, фактілерден, жетекші ұғымдар мен идеялардан басқа, дүниетанымдық идеялар мен сенімдер, практикалық біліктер мен дағдылар және ғылыми ойлау тәсілдері жатады.

Екіншісі – оқушыларды практикалық іс-әрекетке даярлау, өз бетімен қоғамдық пайдалы еңбек етуге дайындау.

Оқытудың *үшіншісі* мақсаты – оқушылардың ғылыми көзқарасы мен сенімдерін қалыптастыру, оқу пәндерін оқытуда олардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктерін мейлінше толығымен пайдалануды керек етеді. Білім берудің мақсатын айқындау үшін Жүсіпбек Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек».

Оқыту – екі жақты процесс. Оқыту процесі – оқушы мен мұғалімнің өзара бірлесіп жасайтын қызметінен тұратын күрделі әрекет. Оқыту – мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу – баланың өзінің танымдық, практикалық әрекеті.

Л.В.Занковтың пікірінше, оқыту – оқушының жалпы рухани дамуын қамтамасыз ету қажет. Жоғарыда айтылғандар ойдағыдай ұштасса, балада оқуға деген белгілі жағымды бейім – оқу әрекетінің стилі қалыптасады. Мысалы, үздік оқитын бала мен үлгермейтін баланың оқу әрекетінде елеулі психологиялық айырмашылықтар бар. Үздік оқитын балалар міндеттерін шешуге белсене кірісіп, қалайда мақсатқа жетудің тиімді тәсілдерін іздеуге тырысса, үлгермейтін балалар мұндай жағдайда өздерін енжар ұстап, қиындықтардан жалтаруға даяр тұрады, шешуге күш жұмсамай, жеңіл құтылығысы келеді. Оқуға үлгермейтіндердің бәріне тән ортақ қасиеттер бар, олар: өздігінен оқу әрекетін және жалпы психикалық процестерін (зейін, есте қалдыру, ойлау және т.б.) дұрыс ұйымдастыра және басқара алмайды.

Баланың өзіндік дамуына әсер ететін фактор – ол оқытушы мен қарым-қатынас жасау әрекеті. Сондықтан оқыту үрдісі – мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуын керек етеді. Оқыту процесінде бала тек мұғалімнің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның әрекеті мен өзінің психикалық процестерін басқару, ұйымдастыра білуі (іс-әрекетін білуі, бағалауы, өзін-өзі тырбиелеуі) оқытудағы субъект екенін айқындайды. Оқыту процесінде бала логикалық ойлау әрекетінің жалпы тәсілдерін қолдануға және дербес шығармашылық әрекет жасауға үйренеді. Бұдан шығатын қорытынды: оқыту – баланың рухани дамуын қамтамасыз етеді; оқыту – бала дамуының негізі болып табылады. Сондықтан, оқыту мен дамудың арасында тығыз байланыс болады.

Оқыту – белгілі дидактикалық буындардан немесе кезеңдерден тұрады:

- оқушыларға беретін білімдердің мақсаты мен қажетін түсіндіру және оларды әрекетке бағыттайтын мотивтерді туғызу. Осыған орай оқу міндеттерін (тапсырмаларды) анықтау;
- оқушылардың жаңа оқу материалын қабылдауға басшылық ету;

- оқушының санасында білімнің қорытылып, ғылыми ұғымдар мен тұжырымдардың қалыптасу процесіне басшылық ету;
- берілген білімді бекітуге басшылық ету;
- білімді практикада қолдануға басшылық ету;
- оқушылардың білімі мен дағдысын есепке алу, тексеру және бағалау.

Оқу материалын ұғыну процесі оқуға ынта қою, оқу материалын қабылдау, есте қалдыру қайталау сияқты бірнеше психикалық процестердің жиынтығынан тұрады.

Оқытудың дидактикалық буындары бір-бірімен өте тығыз байланыста болады. Әр буын оқытудың жалпы мақсаттарына сәйкес қолданылады. Мысалы, жаңа білімді баяндау кезеңінде оқушылар оның мазмұнын қабылдаумен қатар, ойша қорытып, ғылыми тұжырымдар жасайды және оны практикада қолдануы мүмкін. Сондай-ақ, білімді бекіту кезінде жаңа білімді қайталау, жаттығу, практикада қолдану сияқты оқыту процесінің элементтері бірлесіп қолданылады. Ұйымдастыру жағынан алғанда, дидактикалық әр кезеңнің өзіне тән ерекшелігі бар.

Оқыту, ең алдымен, ақыл-ой тәрбиесімен тығыз байланысты болады. Ақыл-ой тәрбиесі балаларға білім берумен қатар, олардың танымдық қабілеттерін (*байқағыштық, зейінділік, зеректілік, есте сақтау, творчестволық қиял, сөйлеу, ойлау*) қалыптастыруға көмектеседі.

Ақыл-ой тәрбиесін берудің негізгі құралы – *мектептегі оқыту*. Өйткені ақыл-ой тәрбиесі көздеген мақсат-міндеттер оқыту процесінде іске алады. Ол мақсат – міндеттер мыналар:

- оқушыларды қазіргі заман талаптарына сай ғылым негіздерімен терең және берік қаруландыру;
- білім беру негізінде оқушыларда ғылыми көзқарасты қалыптастыру;
- баланың таным қабілеттерін дамыту;
- оқушыларды ғылымның кейбір қарапайым әдістерімен таныстырып, өздігінен оқытудың тиімді әдіс-амалдарын орынды меңгеруге үйрету;
- балардың білімге қызығуын арттырып, олардың бойында өздігінен білім алуды қажетсінуді қалыптастыру;
- ақыл-ой еңбегінің жалпы мәдениетін арттыру. Бұл міндеттерді отбасы мен мектеп тығыз байланыста болғанда ғана ойдағыдай орындап шығуға болады, сонда ғана балаларға берілетін ақыл-ой тәрбиесі нәтиж береді.

В.А.Сухомлинский ақыл-ой тәрбиесін дұрыс ұйымдастырудың негізгі мынадай жолдарын атап көрсетеді. Мұғалімдердің дидактикалық білімдері мен дағдыларын арттыру мақсатанда педагогикалық қызметтің кәсіби құрылымы мен оның моделі туралы, сондай-ақ, мектептегі оқушылардың танымдық әрекетін қалыптастырудың психологиялық және әдістемелік құралдыры мен тиімді жолдары туралы жан-жақты оқыту тәжірибесіне қарағанда, мұғалімдердің қызметінде дидактикалық қиындықтардың кездесетіні анықталып отыр.

Мұғалімдердің қызметіндегі дидактикалық қиындықтар, негізінен, олардың мынадай іс-әрекетінен байқалады:

- оқушылардың танымдық, әрекетін қалыптастырудағы іс-әрекетінде;
 - дарынды балалармен, үлгермейтін оқушылармен дара жұмыс істеуге әрекетінде.
- Мұғалімдердің ұстаздық қызметке тән іс-әрекеттің негізгі түрлерін (құрамды бөліктерін) жете меңгере алмағандығын өмір көрсетіп отыр. Оған мыналар жатады:
- ұстаз қызметінде мақсат қоя білу;
 - білімнің мазмұнын игеру;
 - оқушылардың білімін алуға деген мүмкіндіктері мен психологиялық ерекшеліктерін алдын ала диагностикалау;
 - сабақ өткізудің әдістемелік жағын ұйымдастыру білу ісі;

- оқушылармен жақсы қарым-қатынас жасай білу ісі (коммуникативтік әрекет);
- оқушыларды білімге ынталандыру, қызықтыру;
- оқушылардың білім дағдыларын бақылау және бағалау.

Мұғалімдердің қызметінде жиі кездесетін дидактикалық қиындықтар:

- оқыту процесінде оқушылардың танымдық әрекетін, логикалық ойлау қабілетін қалыптастырудағы қиындықтар;
- оқушылардың оқу әрекетін, дағдыларын қалыптастырудағы қиындықтар;
- дарынды балалармен және үлгермейтін оқушылармен жекелеп жұмыс істеудегі қиындықтар.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мұғалімдердің дидактикалық дайындығының түрлі әдістері мен ұстаз тәжірибесінде кездесетін қиындықтар қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются различные методы дидактической подготовки учителей, определены сложности и трудности, встречающиеся в практике учителей школ.

ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА, БІЛІМ БЕРУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭТНОПЕДАГОГИКА**НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РОСТА УЧИТЕЛЕЙ В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К
ПРОФИЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ**

Алимбекова А.С. – зав.метод. кабинетом ГорОНО (г. Тараз)

По своей структуре и составу содержание образования в советской школе было достаточно функционально полным и соответствовало своему назначению - дать общее образование. Вследствие этого учащиеся с более высокими познавательными возможностями получали достаточно качественное образование. При всех своих достоинствах школа оставалась единообразной, в ней не учитывались в полной мере индивидуальные познавательные возможности учащихся, их интересы, склонности. Поэтому на современном этапе школу следует рассматривать как социальный институт, обеспечивающий благоприятные условия для разностороннего развития личности и ее социального самоопределения на основе гармоничного сочетания национальных и общечеловеческих духовных ценностей.

Внедрение рыночных отношений в процесс развития современного общества обуславливает необходимость воспитания разносторонне подготовленных к жизни, деловых, предприимчивых, трудоспособных, творчески мыслящих, высокообразованных как в интеллектуальном, так и в нравственном отношении людей. При этом главное назначение содержания образования в школе состоит в том, что оно служит средством и условием развития способностей, формирования основ творческого мышления учащихся, раскрытия творческого потенциала каждого из них.

В связи с этим особую значимость приобретает роль учителя, его профессиональная компетентность, и, что особо важно, умение быть мобильным в выборе форм, методов и технологий образования.

Направленность всего учебно-воспитательного процесса на конечный результат предполагает новый подход к его научно-методическому, информационному, материально-техническому обеспечению. Происходит сущностная трансформация таких традиционных функций как педагогический анализ, планирование, организация и контроль. Технология достижения результата, определенного государственным стандартом, станет полем профессиональной ответственности учителя. Соблюдение вышесказанного предполагает изменение в классификации учителя в следующих направлениях:

- кардинальное изменение сути профессиональной работы учителя - главным становится не выполнение инструкций, а творческое конструирование учебного процесса для достижения ожидаемых результатов;
- расширение квалификационных требований к учителю в связи с усилением исследовательской направленности деятельности учителя в образовательных областях под влиянием развития информационных технологий и форсирования рыночных постулатов.

Основные цели систем образования стран региона Европы и Центральной Азии, сформулированные в рекомендациях Международного банка реконструкции и развития предполагают:

- переориентацию образования на рыночную экономику и открытое общество;

- обеспечение равных возможностей в получении образования как одно из средств борьбы с бедностью;
- улучшение системы финансирования образования с целью обеспечения стабильного, качественного и справедливого предоставления образовательных услуг;
- повышение эффективности в использовании имеющихся ресурсов;
- пересмотр принципов и практики государственного руководства и административного управления с сектором образования, повышение ответственности за предоставление образовательных услуг.

Данные постулаты сегодня признаны государственными, общественными деятелями, учеными и педагогами практиками нашей страны. Основной целью образования становится не простая совокупность знаний, умений и навыков, а основанная на них личная, социальная и профессиональная компетентность – умение самостоятельно добывать, анализировать и эффективно использовать информацию, умение рационально и эффективно жить и работать в быстро изменяющемся мире.

В качестве одного из стратегических направлений перехода на модель образования, ориентированного не результат (ООР), названо «Профессиональное развитие учителей». Это обязывает всю систему повышения квалификации педагогических кадров кардинально пересмотреть содержание методической работы, поставив в центр разработку и институционализацию системы непрерывного профессионального роста педагога, способного работать в рамках модели образования, ориентированного на результат.

Методическая работа в значительной степени есть обучение работающего персонала учебного заведения и образовательных систем. Поэтому при организации методической работы следует ориентироваться на систему определенных в андрогогике функций обучения профессионалов.

Проектирование и управление методической работой на любом ее уровне и рамках всех систем, включая и систему повышения квалификаций, подчиняется ряду закономерностей и принципов. Закономерности процесса управления методической службой отражают специфику тех процессов, которые происходят на любом структурном уровне непрерывного образования.

В качестве основы стратегии проектирования системы методической службы современные российские специалисты особо выделяют ряд закономерностей:

- 1) закономерность единства управления методической службой, отражающая такие взаимоотношения между элементами системы управления, которые позволяют судить о целостности каждого элемента системы. Единство системы управления методической службой, будучи закономерностью, проявляется как в процессе формирования системы управления, так и в наличии различных типов звеньев системы управления;
- 2) закономерность сочетания централизации и децентрализации в управлении методической службой находится в объективной зависимости от социально-экономических процессов в стране и за рубежом;
- 3) закономерность сочетания управляющей и управляемой систем проявляет себя в разных сферах содержания управления на любом иерархическом уровне, поскольку зависит от социально-экономических, правовых и организационных;
- 4) закономерность воздействия и общих функций управления на конечный результат проявляется в том, что каждый из процессов требует управления, следовательно, закономерно вступают в действие управленческие функции.

Таким образом, закономерности определяют требования ко всей системе управления методической службой и находят свое отражение в принципах, составе и содержании функций, формах и методах управления.

К принципам, которые позволяют методической системе одновременно руководствоваться ими в деятельности и применять их в качестве критериев при оценке конечных результатов, относят:

Принцип научности. Научное управление должно учитывать законы и закономерности, которые проявляются в объектах управления. Этот принцип требует от субъекта управления в педагогических системах в первую очередь знания закономерностей, особенностей управления такой системой, каковой является методическая служба (объектом и субъектом). Это предполагает опору в управлении на достижения науки, прежде всего педагогики, дидактики, менеджмента.

Принцип системности управления. Необходимо обеспечить охват целесообразным управлением всю совокупность (объектов, субъектов) целостной системы образования. Установление целесообразного управления предполагает определение специфических связей между всеми элементами системы. Это обеспечивает взаимосвязь и взаимодействие структурных компонентов в процессе функционирования методической службы. Степень связи между объектами, субъектами в целостной системе зависит от наличия интегративных признаков (свойств) компонентов.

Принцип регионализации. В условиях децентрализации управления осуществляется передача ряда управленческих полномочий в регионы, которые наделяются правом выбора собственной образовательной стратегии, создания собственной программы развития образования в соответствии с региональными, социально-экономическими, демографическими, национальными и культурными особенностями. Образование обеспечивает полноценное развитие культурного и интеллектуального потенциала региона, который в полном масштабе реализует права гражданина и местного самоуправления. Двуетельный процесс взаимопроникновения интересов образования и региона в дальнейшем приведет к обретению образованием «регионального лица», а регионом – своей системы образования. Одновременно этот процесс предусматривает единство культурно-образовательного пространства страны и своеобразия каждого региона в образовательной практике.

Принцип горизонтальной координации деятельности методических служб разного уровня предусматривает полное взаимодействие с основными, дополнительными, государственными и негосударственными учреждениями. Это создает предпосылки согласованной образовательной политики в системе методической службы, снимает проблемные вопросы на «стыках» личных образовательных программ, педагогических технологий.

Принцип гибкости и вариативности. Гибкость требует периодического пересмотра организационной структуры, содержания технологий в системе методической работы в соответствии с потребностями и интересами кадров, государственной региональной стратегии образования. Оперативное реагирование методической службы на быстро меняющуюся ситуацию в обществе делает ее более гибкой и адаптированной. Вариативность же предусматривает наличие максимального выбора и разнообразие структур, содержания, форм и технологий в совершенствовании профессиональной компетентности.

Принцип непрерывности и преемственности. Обеспечивает в последипломный период непрерывность развития методической и общей культуры педагога, которая основывается на фундаментальном содержании методической работы. Владея «ядром» содержания, педагог способен самостоятельно выбирать в течении всей своей карьеры

особенно навыков, создание благоприятных условий для разработки профилактических планов класса, нацеленных на предупреждение правонарушений, насилия, жестокости и других социальных отклонений среди школьников.

Также в анкетах отмечалось, что профилактические образовательные программы способствуют:

- созданию системы социальной профилактики правонарушений, усилению контроля за гражданами, склонными к противоправной деятельности;
- улучшению криминальной ситуации в целом, усилению борьбы с правонарушениями, асоциальными явлениями, преступностью, снижению тяжких преступлений, повышению раскрываемости преступлений;
- улучшению состояния общественного порядка в городах и населенных пунктах;
- повышению уровня правосознания населения, его доверия к государству и органам уголовной юстиции, улучшению взаимодействия граждан с правоохранительными органами.

В Научно-информационном центре гражданского образования разработаны и внедрены в пилотных школах Казахстана учебно-методические пособия для учителей по шести образовательным программам на казахском и русском языках /1/. Каждое из пособий направлено на формирование активного, гражданского участия школьников и студентов в жизни общества, стремление к здоровому образу жизни, развитие жизненных навыков по профилактике и предупреждению девиантного поведения, насилия, злоупотребления наркотическими средствами.

Рассмотрим некоторые аспекты профилактики насилия в школьной среде. Как известно, в газетах и журналах можно найти много статей, описывающих конфликтные ситуации и случаи, приведшие к уголовным преступлениям. К примеру, возьмем следующую историю «Суд да дело» (материалы подготовил Владимир Демидов):

«Мужчину задержали по подозрению в умышленном убийстве. Когда он изложил обстоятельства, предшествующие драме, уголовное дело было возбуждено и в отношении вымогателей. Однако на скамью подсудимых попал только 14-летний Ербол. Дамир умер, а Нурлан избежал уголовной ответственности из-за своего малолетнего возраста.

На следствии Ербол сначала вел себя крайне вызывающе. Однако, поняв, что дело нешуточное, резко изменил свое поведение. На суде он каялся, просил у Александра прощение и даже вернул ему все отнятые деньги. И Александр, как ни странно, простил одноклассника. Но, учитывая, что преступление, которое совершил Ербол, относится к тяжким, уголовное дело, несмотря на примирение сторон, прекращено не было. Суд приговорил Ербола к двум годам лишения свободы условно. Сейчас он находится под надзором сотрудников местного РУВД.

А вот действия отца Александра районный суд расценил как превышение необходимой обороны и отправил дело на доследование. Нашлись свидетели, которые показали, что, нанеся удар ножом, он не остановился, не бросил оружие, а, напротив, выкрикнул: «Кто следующий?». Отцу мальчика вменили статью 96 УК Республики Казахстан - умышленное убийство. Теперь его, скорее всего, ждет немалый срок.

Те обстоятельства, что вымогатели были вооружены камнями, на глазах у отца избивали сына, а ему самому запросто могли проломить череп, суд почему-то не учел. Раз взял нож заранее, значит, имел умысел...»

В жизни часто случаются конфликты. Слово конфликт происходит от латинского слова *conflictus*, означающего столкновение. Несмотря на оттенок жестокости в переводе с латыни, конфликт и насилие не одно и то же. Однако нерешенный и затянувшийся конфликт может привести к насилию. Рост насилия среди

учащихся требует решения проблемы обеспечения безопасности, приобщения к ее решению полицейских. Хотя такие меры и уменьшают количество случаев насилия в школах, но они не искореняют саму причину и часто лишь переносят эту проблему в другие сферы общества. Существует распространенное мнение, что наилучшим способом решения проблемы насилия в школах является попытка разрешить спор еще до того, как он привел к насилию, к правонарушению и преступлению.

Школа пытается справиться с личными конфликтами между учениками, преподавателями и администрацией, используя дисциплинарные методы: оставление после занятий, вызов в школу родителей и др. Однако эти методы не могут помочь ученикам решить проблему и преодолеть конфликт. Неэффективность традиционных методов решения конфликта требует новых путей.

Рассмотрим посредничество как альтернативную форму решения конфликтов. Оно включает третье, незаинтересованное лицо - посредника, который помогает спорящим найти решение проблемы, устраивающее обе стороны. Нет согласия - нет сделки.

Программа посредничества является эффективным способом решения споров в школьной обстановке. Ученики могут использовать методы посредничества и за пределами класса. С помощью таких навыков учащиеся могут решать конфликты дома со своими братьями и сестрами и с ровесниками на улице.

Процесс решения проблемы и сами занятия полезны как для посредников, так и для участников спора. Ученики, выполняя роль посредников, учатся внимательно слушать, суммировать и обдумывать полученную информацию. В дальнейшем они овладевают навыками решения проблем, управления, организации важных обсуждений между спорящими сторонами. Поскольку посредники стараются решить конфликт и предотвратить его повторение, ученики также учатся планировать будущее. Они узнают о правах и обязанностях, о последствиях и выборе, учатся мирным путем решать конфликты. Узнают, что решение может быть найдено, не прибегая к насилию. Они также учатся сочувствовать другим.

Внедрение программы посредничества в школы ставит вопрос: с чего нужно начать? С обучения каждого навыкам решения конфликтов или с подготовки группы посредников? Можно и с того, и с другого, но необходимо научить каждого навыкам организации диспута. Проблема успеха посредничества связана с изменением подхода к конфликту, улучшением дисциплины в школе.

В младших классах посредники работают на игровых площадках, в кабинетах или столовых. Вмешательство обычно должно происходить незамедлительно, посредники обращаются к спорящим с вопросом, не хотят ли они попробовать решить проблему. Если те согласны, то все находят свободное место и начинают разговаривать. Если участники спора отказываются, то посредники не настаивают. Их цель - разрешить конфликт, не привлекая полицию. Посредничество проходит в официальной обстановке, в пустых классах и не включено в основную программу.

Успешность ученического посредничества зависит от выполнения конфликтующими сторонами следующих четырех требований:

- 1) лица, вовлеченные в конфликт или спор, должны искренне хотеть придти к позитивному и мирному решению;
- 2) лица, вовлеченные в конфликт или спор, должны желать, чтобы третья сторона помогла им в разрешении конфликта;
- 3) в ходе примирения лица, вовлеченные в конфликт или спор, должны говорить о конкретном предмете спора, а не обсуждать другие вопросы или бывшие проблемы;
- 4) лица, вовлеченные в конфликт или спор, должны хотеть, чтобы принимаемое

решение устраивало обе стороны.

Для участия в разрешении конфликта по программе ученического посредничества двое учащихся, которые находятся в потенциальном или реальном конфликте, должны знать эти четыре требования, быть согласны с ними. Они могут выбрать посредника для рассмотрения конфликта из числа учащихся, подготовленных по программе ученического посредничества. Заседание с участием посредника может проводиться до или после учебных занятий в школе. Если учащийся-посредник не может помочь двум сторонам придти к согласию, то к рассмотрению проблемы и мирного разрешения конфликта может подключиться взрослый посредник.

Процедура проведения ученического посредничества состоит из шести этапов.

Этап 1. Введение. Посредник удобно рассаживает обе стороны, напоминает сторонам об их согласии следовать четырем основным требованиям, объясняет основные правила (например, уважать друг друга) и этапы посредничества. Роль посредника заключается не в том, чтобы вынести решение, а в том, чтобы помочь обеим сторонам достичь взаимного согласия. Посредник объясняет, что он или она не будут вставать на чью-либо сторону.

Этап 2. Изложение истории. Каждая сторона рассказывает о том, что произошло и какие эмоции он (она) испытывает. Лицо, обратившееся с жалобой, рассказывает свою историю первым. После этого вторая сторона представляет свою историю. Каждая из сторон должна попытаться понять, в чем суть конфликта, почему он произошел?

Этап 3. Выявление обстоятельств и предмета спора. Каждая из спорящих сторон рассказывает друг другу о своей позиции. Посредник прилагает усилия для того, чтобы выявить обстоятельства события и моменты спора, по которым обе стороны соглашаются. Посредник обобщает точки зрения каждой из сторон. Затем посредник просит каждого представить себя на месте другого и рассказать о возникших чувствах.

Этап 4. Выявление альтернативных решений. Обсуждение решений. Посредник спрашивает обе стороны, как бы они могли решить конфликт мирным путем. Затем посредник записывает все предложенные и возможные пути решения конфликта и просит каждую из сторон объяснить свое отношение по каждому возможному решению. После этого посредник отмечает только те пути решения конфликта, которые устраивают обе стороны.

Этап 5. Достижение согласия. Посредник помогает сторонам придти к общему решению, которое устраивает обе стороны. На основе общего решения составляется соглашение. Все подписывают соглашение. Стороны также должны обсудить, что произойдет, если каждая из сторон нарушит составленное соглашение.

Этап 6. Развитие. Посредник объясняет суть дальнейших отношений. Он благодарит учащихся за то, что они позволили службе посредников оказать им помощь.

Процедура проведения ученического посредничества и другие формы работы со школьниками по профилактике правонарушений и преступности подробно раскрываются в Книге для учащихся и Руководстве для учителя образовательной программы «Насилие в школах: Разработка профилактических планов», разработанных в Научно-информационном центре гражданского образования в 2003 году.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Наркотики в школах: Предупреждение злоупотребления наркотическими средствами. Книга для учащихся, 2000 (2001, 2002).-82 с.

2. Арғынов А.Х., Жұмақанова Р.А. Жастарға нашакорлық аса қауіпті екендігін ескерту. Оқушыларға арналған құрал. (2002)- 82 с.
3. Арғынов А.Х., Жұмақанова Р.А. Жастарға нашакорлық аса қауіпті екендігін ескерту. Мұғалімге басшылық, 2002. -53б.;
4. Арғынов А.Х., Жұмақанова Р.А. Насилие в школах: Разработка профилактических планов. Книга для учащихся, 2003.- 85 с.
5. Жұмақанова Р.А. Права ребенка. Методика по организации учебно-воспитательной работы по Конвенции о правах ребенка в начальной школе, 2003. -88 с.
6. Арғынов А.Х., Жұмақанова Р.А. Мы - народ Казахстана. Руководство по мультикультурному образованию в средней общеобразовательной школе. 2001.
7. Арғынов А.Х., Жұмақанова Р.А. Гражданское образование в демократическом обществе. Учебное пособие для студентов. –А. 1998 (2000). -248 с.
8. Арғынов Д.А., Жұмақанова Р.А. Обучение правам человека. Пособие для тренеров.- Алматы: Научно-информационный центр гражданского образования. 2006. -104 с.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты жасөспірімдердің арасында белең алып отырған нашакорлық, қылмыстық әрекеттер сияқты мәселелермен күресудің жолдары қарастырылған және оқушылар арасында жүргізілетін тәрбие жұмыстарының маңызына көңіл бөлінген.

РЕЗЮМЕ

В статье дается анализ состоянию правопорядка и законности в условиях изменения социально-экономической ситуации в стране. Рассматривается проблема борьбы с преступностью среди несовершеннолетних и комплексного подхода к профилактической воспитательной работе среди школьников.

ҚАЗІРГІ ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Икрамова А.Ш. – п.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі жаңа оқыту технологияларына мәселелік оқыту технологиясы, тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы, жобалап оқыту технологиясы, саралап оқыту технологиясы, білім беруді ізгілендіру технологиясы, озат оқыту технологиясы, модульдік оқыту технологиясы жатады.

Мәселелік оқыту технологиясының алға қойған мақсаты - оқушыны өздігінше ізденуге үйрету, олардың бойында танымдық пен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Мәселелік оқыту технологиясының ерекшеліктері - оқушының белсенділіктерін арттыру, оқу материалында баланы қызықтыратындай мәселені туындату, мұнда оқушы оқу материалын сезім мүшелері арқылы қабылдап қана қоймай, білім алу мақсатындағы қажеттілігін қанағаттандыруында меңгереді.

Модульдік оқытудағы мақсат – оқушының өздігінше жұмыс істей алуына мүмкіндікті дамыту, оқу материалын өндеудің жекелеген әдістері арқылы жұмыс жасауға үйрету.

Қазіргі жаңа технологиялардың алдарына қоятын мақсаты – оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, өзбетінше ізденуін, шығармашылығын арттыруды көздейді.

Жеке тұлғаны дамыта оқыту оқытуды гуманизациялауға байланысты болып келеді. Оқу үрдісіндегі мұндай міндет сабақ барысында оқушының психикалық дамуына әсер ететін қағидалар мен ережелерге ғана сүйеніп қана қоймау керек екендігі анықталған соң алға қойылған. Бұл идеяны педагогика саласында ХХ ғасырдың 80-ші жылдары жаңашыл – педагогтар Ш.А.Амонашвили, С.Н.Лысенкова, И.П.Волков, В.Ф.Шаталов, Е.Н.Ильин ұсынды. Дамыта оқытудың мақсаты - оқушы өміріндегі қиындықтар мен көкейтесті мәселелерін, оның ақиқаттығын қабылдай алуында. Осы тұрғыда Ш.А.Амонашвили «Біз жайдары да жайсаң болып баланы өз болмысында сүйе білуіміз керек» дейді. Оқушы мұғалімнің сөзінен, қарым-қатынасынан, іс-әрекетінен өзін түсінетінін, бағалайтынын сезінуді қажет етеді. Сонымен қатар оқушыны эмпатикалық түсініп, сенімділік көрсету өте маңызды.

Эмпатикалық түсіну бағалап түсінудей емес (оқушыны жылдар бойғы қабілетінің көрсеткіштеріне қарап) оқушының қарым-қатынас кезіндегі жан-дүниесімен санаса отырып қабылдауы. Мұғалімнің болмысы, қуанышы мен қайғысы, қызығушылығы мен табысы бүркемесіз болып, сенім білдіре бөлісе алуы баланың бойына құнды қасиеттерді сіңіруге негіз бола алады. Т.И.Гончаров нағыз сабақ-сабаққа қатысқандардың (оқытушы мен оқушы) диалогі деп түсіндіреді. Оқушының танымын, белсенділігін арттыру барысында В.А.Петровский мынадай қағидаларды ұсынады: оқытуды түрлендіру, ой еңбегінің синтезі, іс-әрекеті, озық бастама, оқытуды түрлендіруде мұғалім оқушының қабылдауына, іс-әрекетің ерекшелігіне, белсенділігіне байланысты оқытудың тәсілдерін таңдап алуы жатады, ой еңбегінің синтезін, іс-әрекетін дамытуда оқыту технологиясының танымдық іс-әрекеттің бірлестігі, өмірді сезіну, сезіну арқылы қабылдау әдістерін қолдана отырып жүргізеді. Мұнда танымның, эмоцияның, іс-әрекеттің үйлесімділігі талап етіледі, озық бастамада оқушының жанына жақын, қызығушылықпен қабылдайтын іспен айналыстыруын қарастырады.

Қазіргі кезеңде педагог ғалымдар оқытудың формасын, түрлерін талдай отырып теориялық түсініктеме береді. Біз өз еңбегімізде бірнеше ғалым-дардың идеяларын қарастырып көрейік:

Оқыту үрдісінің заңдылықтары мәселесі бойынша ХХ ғасырдың 50-ші жылдары Л.В.Занковтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмысының мақсаты: бастауыш сынып оқушыларына арналған бағдарламаның дидактикалық жүйесін жасауда жалпы баланың психологиялық дамуына бағытталған. Олар өз жұмыстарында оқушыларды дәстүрлі әдістерден гөрі жақсы дамытудың жолдарын игеруді міндет етіп қойды. Л.В.Занковтың оқыту жүйесінің негізі мынадай қағидаларды қарастырады: бағдарламадағы материалдарды жылдамдата оқыту, теориялық білімнің негізгі атқаратын рөлі, оқу үрдісіндегі оқушылардың түсінігі, жалпы оқушыларды дамытудағы жұмыстың мақсаттылығы мен жүйелілігі.

Материалды қиындата оқыту оқушының барлық мүмкіншілігін аша отырып дамытады. Бұл оқытуда материалды жылдам игеру қағидасын туындатады. Қағидада күнде бір материалды қайталата беруден, әр күн сайын жаңа да қызықты материалмен қаруландыруды көздейді. Әр пәннің негізі бастауыш сыныптан бастап берілетін теорияда жатқандықтан іскерлік пен дағдыны қалыптастыруда оқушы термин сөздерді, анықтамаларды білуі абзал. Осыған байланысты оқушының түсінігі дамып, оқыту үрдісіндегі жүйелілік пен саналылық қамтылады. Оқытудың дәстүрлі әдістерінде практикалық жұмыстар үстемелеп берілсе, оқу үлгерімі нашар оқушылардың тіптен қалып кететінін байқаған Л.В.Занков өзінің тәжірибесінде оқушылардың үлгерім дәрежесі жоғарылағанын, іскерлігі мен дағдыларының алғашқы кездегіден жақсарғанын анықтады.

В.В.Давыдов пен Элькониннің тәжірибесінде дәстүрлі сабақтардан өзгеше құрылған оқыту формасында оқушылардың теориялық ойлау қабілеті жоғарылайды.

Баланың байқампаздығы, есте сақтау қабілеттері жақсы дамиды. Оқытуда тек фактілермен таныстырып қоймай, тақырыптың неге оқу объектісі болуында байланыстыра кетеді. В.В.Давыдов пен Д.Б.Эльконин оқу үрдісіндегі оқу пәнінің мазмұны мен логикалық байланыстыра отырып оқушыларды оқытудың әдістемесінде эмпирикалық ойлау өте маңызды екенін айтады. Оқушының тәжірибедегі іс-әрекетінің теориялық ойлауына байланысты деп қорытындылай келе мына жүйені ұсынады:

- эмпирикалық білім тақырыптың мазмұнын елестету мен салыстыру нәтижесінде туындайды, теориялық білім талдау процесінде жүред;
- салыстыру процесінде анықталған тақырыптың ресми жиынтығы, ал талдауда тақырыптың жалпы мазмұнына байланысты негізі анықталады.

Материалды талдай отырып, оқушы мұғалімнің көмегімен пәннің мазмұнымен жүйелі түрде танысады. Білім алудың мұндай жолы екі түрлі құбылысты көрсетеді. Бірінші оқушының білім алудағы мақсаттылығы жалпыдан жалқыға бағытталуы. Екінші оқушы алған білімі мен материал туралы түсініктердің шығуы бағытталуы.

Проблемалық (мәселелік) оқыту оқушының ойын, шығармашылығын, өзіндік іс-әрекет арқылы танымын дамытуға үлесін қосады. Қазіргі кезеңде оқушыға ақпараттар өте көп берілуде, сондықтан да берілетін ақпараттар жүйелі, мазмұнды болуын қажет етеді. Проблемалық оқытудың мақсаты- оқушы мен оқытушының іс-әрекеті, мәселені түсіне білуі шешім үрдісінде біріге алуы болып саналады. Мұнда оқушының тек білімінің, іскерлігінің, дағдысының жүйелілігін ғана емес ақыл-ойының жоғары дәрежеде қалыптасуына, өз бетінше білімін тереңдетуге септігін тигізеді. Оқушының алдына проблема қойылып, шешімін табудың жолдары қарастырылады (болжайды, зерттейді, бақылайды, шыққан нәтижесін талдайды, сипаттайды, дәлелдейді). Мұғалім тек тәжірибелі дирижердің ролінде болады. Оқытудың бұл технологиясын пайдалану оқушының ғылыми шығармашылық тұрғыда ойлауын, өзіне деген сенімділігін арттырады. Осы мәселе туралы ғалымдардан: А.В.Брушлинский, Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, М.И.Махмутовтар өз еңбектерінде келтірген.

Проблемалық оқыту үш негізгі міндеттерді қарастырады. Олар: оқушының жаңалыққа деген көзқарасы, іс-әрекеті; белгісіз проблемалық жағдайдың анықталуы; белгісізді анықтау барысында оқушының алдына қойған тапсырманы орындаудағы мүмкіндігі. Проблемалық оқытудың шығу себептерін Т.В.Кудрявцев: теориялық шешім шарттарының тәжірибе жүзінде орындалмауынан, тәжірибе жүзінде нәтижеге жетіп оның теориялық негізі болмаған жағдайда туындайды, - деген.

Проблемалық оқыту оқушының теориялық пен тәжірибелік іс-әрекетінен жаңалық ашып отыруын қадағалайды. Оны мынадай жағдайда жасау көзделген: тапсырма оқушыға таныс теориялық білімі мен іскерлігіне негізделуі тиіс, жаңалық ретінде анықталатын белгісіз нәрсе жалпы заңдылық пен орындалуының бастамасы болады, проблемалық тапсырманың орындалуы оқушының бойында қажеттілікті туындатуын керек етеді.

Дәстүлі оқыту технологиясында мұғалім проблеманың шешуін айтып, оқушы басқаның ойын есте сақтауы болса, проблемалық оқытудың бірінші дәрежесінде оқушыны мәселенің шығатын нәтижесімен таныстыра отырып олардың өздігінше шешім жолдарын іздеуіне жағдай жасайды. Екінші деңгейде оқушыны шығатын нәтижемен таныстырмай тек бағыт береді. Үшінші деңгейде күрделі мәселені оқушының өзі тануы қажет. Нәтижесінде оқушының бойында мәселені талдап оның дұрыс шешімін табуы қалыптасады.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бүгінгі күні кең таралған мәселелік оқыту, тірек белгілері арқылы оқыту, жобалап оқыту, саралап оқыту, білім беруді ізгілендіру, озат оқыту, модульдік

оқыту сынды оқытудың жаңа технологиялар және оларды қолданудың тиімділігі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются инновационные технологии обучения - проектирование, дифференцированное обучение, модульное обучение и их эффективность.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ

Іліпов М.Т. – т.ғ.к., доцент, Елжанова П.А.- ізденуші (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Соңғы 15 жылдың ішінде елімізде қыруар өзгерістер болып жатыр. Атап айтатын болсақ, еліміз 1995 жылы 30 тамызда “Ата заңды” қабылдап, өзіміздің төл теңгемізді шығарды. Білім, экономика, ғылым, мәдени салаларда көп өзгерістер болып жатыр. Дәлірек айтсақ, экономикалық реформа, саяси реформа, білім реформасы, мәдени реформа және т. с. с. Ал біз студент жастарға қатысты айтар болсақ білім реформасы өте маңызды болып отыр. Еліміз дамыған мемлекеттер қатарына қосылу мақсатында 2005-2010 жылдарға арналған 12 жылдық білім беру реформасы қалыптасты. Ондағы негізгі мақсат, мектеп жасында білім алған жастардың кәсіби біліктілігін арттыру.

Білім саласы бойынша Отандық деңгейдегі барлық кәсіби маманның білімін жетілдіріп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі күннің еншісіндегі аса негізгі мақсаттардың бірі болып саналады. Олай дейтін себебіміз тәуелсіздіктің туы, білім мен білік, ақыл мен парасаттың арқасында желбірейтіндіктен осынау киелі ұғым жоғарыдағы айтылғандармен сәйкес келетіні баршамызға белгілі. Ол жастардың ұлттық намысын оятты. Өткенді сараптамай, ақ пен қараны ажыратып алмай, нақақ күйгендердің рухы алдында тазармай, болашаққа нық бару қиын. Осыған орай 1997 жылы Жалпыұлттық татулық пен қуғын-сүргінді еске алу жылдары деп жарияланды. Тәуелсіздіктің арқасында дініміз, діліміз қайта оралды. Оның айғағы ретінде Діндер съезінің өтуі, сондай-ақ Алматыда 18-қазан 1992 жылы рухани татулық жөніндегі бірінші дүниежүзілік конгресс болып өтті. Конгреске әлемдегі аса ірі діни ағымдардың өкілдері, жазушылар, ғалымдар және ірі саяси қайраткерлер бас қосты. Әлемдік деңгейде діни қақтығыстарды болдырмау жөнінде өтетін форум Қазақстандағы дәстүрлі жиындардың біріне айналып келеді. Айталық елде экономиканы жақсарту мақсатында нарықтық экономиканы қалыптастыру көзделді.

Нарықтық экономиканың негізі – жеке меншік, оның қозғаушы күші бәсеке заңы, осының негізінде орта тапты қалыптастыру мемлекетті нығайтудың негізі деп саналды. Осыған сәйкес әрбір шағын кәсіпорын өз өнімдерін шығаруға ат салысып, Қазақстанның өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Шағын кәсіпкерлердің саны жыл сайын артып отырды. Қазақстан өзінің сыртқы, ішкі саясатын бірқалыпты ұстауға тырысып бақты. Ядролық қарудан бас тартты. Ел болып есею мақсатында кедейшілдікпен, жұмыссыздықпен күресті дамытуға күш салды. Түбі бір түркі халықтарымен қатынасымыз күшейді. Араб, түркі, парсы жұртымен рухани және мәдени, экономикалық одақта бірікті. Сондай-ақ Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында Абай мен Мұхтардың тойы әлемдік деңгейде атап өтілді. Қазіргі заманғы әдебиеттің аса көрнекті тарландарының шығармалары жарыққа шықты. Тіл туралы заңымыз қабылданғаннан кейін, “қазақ тілі” мемлекеттік тіл, ал “орыс тілі”

ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Бүгінгі таңда барлық іс-қағаздар қазақ тіліне көшірілуде, барлық қазақстандықтардың қазақ тіліне деген құлшынысы күн сайын артып отыр. 1994 жылдан бастап нарықтық құқықтың негіздері жасалды. Соның алғашқыларының бірі “Инвесторлар туралы” заң еді. Олардың барлығын тарту біз үшін оңай болған жоқ. Себебі, олардың барлығына жеңілдіктер жасауға тура келді. Олардың бірі “шеvron” “техасо” және тағы басқалар. Осы тұста елбасы батыл қадамдар жасап, заң күші бар жарлықтармен қоса 150-ден астам аса қажет заңдарды бекітті. Қазіргі таңдағы бюджетіміз жыл сайын өсіп 9-10 % құрап отырды. Дегенмен еліміздің экономикалық әл-ауқаты Украина, Өзбекстанға қарағанда біршама жоғары болды. Осы экономикалық өсудің арқасында халықаралық беделіміз де өсіп отыр. Айталық Ресей, Қытай, Еуропа мен Азия елдерінің алдында даму жүйесі нық мемлекет болып саналамыз. Ендігі маңызды шешуді қажет етіп отырған мәселенің бірі технология мамандығын игерген кадрларды көптеп дайындау. Себебі әлемдік бәсекеге қабілетті өнім шығару еліміздің маңызды мақсаттарының бірі. Мәдени шаралар бойынша біраз тоқырау болғаны жасырын емес. Дегенмен экономика мен мықты саясаттың арқасында барлығы да өз орнына келді. Көптеген жәдігерлеріміз елге қайтарылып, Монғолиядан Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесі Еуразия университетіне орналастырылды.

Осыған орай үкімет отырыстарының бірінде “Мәдени мұра” бағдарламасы қабылданды. “Мәдени мұраға” президенттің жарлығымен 4 млрд. теңге қаржы бөлінді. Ол тәуелсіздіктің ең басты жеңісі. Астана қаласының бой көтеруі айтарлықтай іс-шаралардың бірі болып табылады. Бүгінгі таңда Астана елдің негізгі орталығы.

XXI ғасыр қазақ халқы жаңа мыңжылдыққа ұлттық асқақ сезіммен қадам басты. Оның дәлелі ретінде “бес жылдың белесінде” құрылған Астана қаласының құрылысы.

Сол көштің басында тұрған, қазақ ұлтының кемеңгер ұлы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еді. Н. Ә. Назарбаев дүние жүзінде дұрыс ойлай білетін саясаткер ретінде танылып отыр. Бұған Н. Ә. Назарбаевтың экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін қайталауға емес, талдап қорытуға деген ұмтылысы, оның бір-бірі үшін өз рыноктарын аша отырып, жаңа Еуразиялық елдерді экономикалық дағдарыстан шығудың жолдарын бірлесіп іздеуге шақырды. Елдің тізгіні Н. Ә. Назарбаев сияқты сарабал саясаткердің қолында болғаны біздің республикаға қаншалықты пайда бергенін тарих айтып отыр. Бұл мықты саясат өз елімізді ғана емес, өзге елдердің қызығушылығын тудырып отырғаны белгілі.

Осыған орай елбасының жарлығымен 1998 жылы 6-мамырда Ақмола Астана қаласы деп аталды. Дегенмен сол жылдарда үмітке қарағанда, күдік басымдау болғаны да, жасырын емес. Тарихтағы елеулі уақиға болған желтоқсан айының 10-жұлдызы 1997 жылы Астананың туған күні болып есептеліп келеді. Енді Астанамыз бой көтерудің соңында 130-дан астам ұлт өкілдерінен тұратын Қазақстан Халқына керегі “Келісім, Бірлік, Келешек” осылар еді. “Тату елдің таңы нұрлы” демекші 2002 жылы қараша айында Астанада Қазақстан Халықтары Ассамблеясының IX сессиясы болып өтті. Бұл жиынға 220 шағын халық өкілдері, ғылым мен мәдениеттің 10 қайраткері, 4 журналист, 7 парламент депутаты, атқарушы өкілеттің республикалық жүйесінің 13 басшысы, 16 облыс пен қала әкімі, 16 мәслихат хатшыларының болуы Қазақстандағы бейбіт өмірдің бірден-бір кепілі еді. Осы жиынға арнайы пікірін білдірген БҰҰ Төрағасы Кофи Аннан былай деген: “Әлемнің өзге мемлекеттері үшін ұлтаралық келісімнің, тұрлаулы әрі тұрақты дамудың үлгісі” – Қазақстан. Қазақстан Халықтар Ассамблеясы діни қақтығыстар мен ұлтаралық ланкестіктер болмауды көздеген келісім институтына айналғаны бүгіннің өзінде шындыққа айналып отырғаны баршаға аян.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев Ассамблеяда сөйлеген сөзінде басты көздеген мақсаты “Халықтар Ассамблеясы Қазақстанның саяси жүйесінің маңызды бір белгісіне айналды, ол барлық этностардың мүдделерін бір

арнаға тоғыстырады, ұлттық тегіне қарамастан барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етеді” – осындай сөздермен дәлелденген болатын. Бұл айтылған сөдер тек баяндама ретінде ғана емес, сондай-ақ Ассамблеяға қатысқан барлық зиялы қауымның негізгі міндеті болып қала бермек. Яғни, елбасы баяндамасында “Ұлттық келісім” “Қауіспсіздік Азаматтық бітім” атты ұғымдарды басшылыққа алған еді. Ассамблеяда ұйғырлар мәдени орталықтары қоғамдарының төрағасы, профессор Фархад Таипұлы Хасанов ұйғыр халқының Қазақстанда еркін өмір сүріп жатқанына өзінің шексіз алғысын білдірді.

Тәуелсіздіктің тағы бір жемісі негіз боларлықтай іс бұл - ауыл мәселесі. Ауыл деген сөздің өзі айтып тұрғандай ауылда туып, ауылда өскен әрбір азамат үшін оның қадір-қасиеті, кіндік қаны тамған жері, туған жерге деген ыстық махаббаты шексіз. “Әркімге туып өскен жері мысыр шаһары” демекші, әрбір адамға туған жерінің топырағы да, адамдары да өте ыстық.

Жарық дүние есігін ашып, толықсып пісіп балиғат жастың босағасынан аттаған әрбір мұсылманның ұл-қызы, ұлттық өнеге, ырым-тиымдар мен салт-дәстүрден сусындап, басқан әр қадамына есеп беруі парыз. Өмір - өзеніне толқын болып қосылған осы даланың әр перзенті кіндік қаны тамған туған елінің кез-келген төбесі киелі екенін сезіне білген жөн. Халықта “өзін-өзі билеген ер бақытты, өзін-өзі билеген ел бақытты” деген дана сөз бар. Біздің еліміз өзін-өзі билеп бақытты болса, өзін-өзі біліп, бақыт құшағына бөленіп жүрген азаматтар да жетеді. Ондай азаматтардың дені ауылдан шығып жатады. Елбасымыз 2003-2005 жылдарды “Ауыл жылы” деп тегіннен-тегін жариялаған жоқ. Әрбір жылға мынандай көлемде қаржы бөлініп отырды: 2003 жылы 40 млрд, 2004 жылы 50 млрд., 2005 жылы 55 млрд. теңге бөлінді. “Қазақтың тамыры ауылда.

Ауылды көтерудің үш жылдық бағдарламасын жасау ауыл экономикасын көтеру ғана емес, ұлттық дәстүрді, мәдениетті қолдау, әлеуметтік- тұрмыстық жағдайды жақсарту” - делінген болатын жолдауда. Мұның бәрі де тәуелсіздікті нығайту мақсатында жасалған іс-шаралардың алғашқыларының бірі деуге болады. Себебі қордаланып қалған мәселелерді шешу уақытты, еңбекті қажет етеді. Осындай кезде ұлы ғалым Д.И.Менделеевтің мына бір өсиеті ойға оралады “Еңбектеніңіздер: тыныштықты еңбектен табасыз, басқа ештеден таба алмайсыз! Көңіл көтеру өкінішті сезім, ұзақ қуаныштың ізін қалдыратын – еңбек. Еңбекті ерекше сезіммен сүю – болашаққа деген көзқарастың мықтылығы.”

Дәл сол жылдары “Денсаулық” саласында да біршама өзгеріс байқалды. Мәселен, жабылып қалған фельдшерлік акушерлік пункттер қалпына келтіріліп, ауыл мектептерін көтеруге назар аударыла бастады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: “Қысқа мерзім ішінде барлық мектептер компьютерлендіріледі” дегенде шалғайда жатқан ауыл адамдары: “Басқа-басқа, бізге жақсылықтың жетуі екіталай-ау” деп сенімсіздік көрсеткені де болды. Бірақ облыстық білім департаменті мен аудандық оқу бөлімі басшыларының ауыл мектептеріне ерекше көңіл бөлуінің нәтижесінде компьютер класы ашылып, оқушылардың сенімі арта түсті. Үстіміздегі жылы Президент Н.Ә.Назарбаевтың “Жаңа әлемдегі, жаңа Қазақстан” атты халыққа жолдауында мектеп мәселесі де тыс қалған жоқ. Мұнда 100-ден аса мектеп салу бұйырылса, оның 18-і Алматы қаласының еншісіндегі мектептер екенін мәлімдеді. Ал қалған мөлшердегі мектептер еліміздің көптеген қаласында бой көтермек.

Оқыған озар, оқымаған тозар демекші ауылды көркейту, 2030 жылы өркениетті дамыған елге айналу, тек қана оқу, ғылым, білімнің арқасында қол жетпек.

Елімізде тәуелсіздік таңының атуына, оқып өркендеуімізге елім деген азаматтар еңбек етті.

Сен жанбасаң лапылдап,
Мен жанбасам лапылдап,
Біз жанбасақ лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?

– деген Н. Хикметтің сөзін ұран етіп, жастардың қамын жеп, ерен еңбек етіп жүрген адал да, асыл азаматтарымыз өте көп. Осындай асыл азаматтарымыз ғана жастардың ой-санасын шым-шытырық пікірлерден тура бағыт алып, адастырмай алып шықты.

“Елу жылда - ел жаңа, қырық жылда - қазан” демекші ауылымыздың көрінісі жастармен жаңарып жатқаны баяғыдай көрінгенімен тапшылықтан молшылыққа, жамандықтан жақсылыққа, қараңғылықтан оқу бейнетке рақатты түрде өмір сүруге ұмтылып келеді. Алайда ауылды еске алғанда жүрек неге сыздайды? Дүниедегі ең аяулы адамыңды перзенттік сағынышпен еске алғандай жаның құлазып сала береді. Өйткені ауыл соңғы жылдары бүкіл Қазақстанға дем беріп отырған күшінен айрылып қалды. Сол мәртебелі рухты ауылға қалай қайтарамыз? Елбасымыз бір сөзінде «...ауылға жаны ашып жүрген ғалымдар мен дәрігерлер, жазушылар, тағы басқалар барсын, көмектессін, өзі туған өлкеге демеді ме? Олай болса жұмыла көтерген жүк жеңіл емес пе? Ынтымақ бар жерде ырыс бар, ырыс бар жерде, мейірім, шапағат та болады. Мейірім болса адам біткен жақсы іске ұмтылып, бойындағы бар жақсы қасиеттерін жанында жүрген жайсаң жандарға жұғысты етеді. Болашақта 50 дамыған мемлекеттердің қатарына қосылу үшін қалың қазақ отырған ауылды көтеру керек. Неге? Себебі ұлттық салт-дәстүр, тәлім-тәрбие, әдет-ғұрып, тіл, т. с. с. толып жатқан дәстүрлердің мықты ірге тастары ауылда».

Ұлтымыздың ешбір мәдениеті ұмыт болмай, жас мемлекеттің іргесі нығайып, гүлденген, дамыған мемлекетке айналсын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өтеш Қарашин. Тәуелсіздік тағлымы. // Ақиқат. № 11-12 2006. 8-966.
2. С.Бандаренко, Б.Отарбаев. Тұрақтылық – тәуелсіздік тұғыры. // Егемен Қазақстан 2005.
3. Шириаздан Елеукенов. Қазақ әдебиеті Тәуелсіздік кезеңінде. //Ақиқат, 2003 № 10.
4. Қ.Жүкеш. Егемендік пен Тәуелсіздік бір тарихи оқиғаның екі сатысы. // Саясат.
5. Жақан Молдабеков. Қазақстанудың бүгінгі мен ертеңі. //Ақиқат. 2002. № 4.
6. А.Жолдасбайқызы. Азат елдің айнасы. // Абай 2002. № 1.
7. Жабайхан Әбілдин. Біз дамыған елдер қатарына қосыламыз.//Астана.
8. Марат Мәжитов. Тәуелсіздік белесінде. // Ақиқат. 2003. № 12.
9. А.Зейнуллин., С.Смағұл. Бес жылдың белесінде, Тәуелдік таңы нұрлы. // Астана. 2002. № 6 (бет 7).

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы экономикалық, саяси, әлеуметтік-рухани реформалар және бүгінгі жетістіктер қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается экономическая, политическая, социально-духовная реформы и сегодняшние достижения Казахстана.

ЭОЖ 371.011

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕСІ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ СИПАТТАМА

Қалиев С.Қ. - п.ғ.д., профессор,
Нұрмұхамбетова А.А. – магистрант (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысымен байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды талап етіп отыр. Тиянақты білім беру жүйесінде оқушыларға тәрбие жұмысын дамытуды да басты мақсат етіп қояды.

Қоғамдық қатынасты гуманизациялаудың және руханилықты қалыптастырудың ең бір басты құралы адамгершілік тәрбиесі болып саналады. Ал, ол қоғамның демократиялық принциптер негізінде дамуына мүмкіндік береді. Бұл мәселенің шешуі көптеген жағдайда «адамгершілік тәрбиесі» ұғымын анықтаумен байланысты. «Педагогика және психологияның» түсіндірме сөздігінде адамгершілік тәрбиесі-тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын тәрбиенің түрі. Адамгершілік тәрбиесі білім, білік, дағдыларды игертумен бірге, тұлғаның ар ұжданын, танымдық қызығушылығын кешенді түрде байытады. Адамды сүюді, оның бостандығын, құқығын, қадір-қасиетін құрметтеуді рақымшылық пен шыншылдық қасиеттерін қалыптастырады» - деген /1/. Адамгершілік тәрбиесінің теориясы мен практикасының тарихи тамыры тереңде жатыр. Адамгершілік тәрбиесі мәселелеріне Ресей ғалымдары аса зор мән берді. Егер Қазан төңкерісіне дейінгі педагогтар (К.Д. Ушинский, Н.И Пирагов, Л.Н Толстой және т.б.) тәрбиенің негізін тұлғаның еркі мен бас бостандығын көздейтін адамгершілік заңын қолдануды керек етеді десе, ал, Қазан төңкерісінен кейінгі ғалымдар (Н.К. Крупская, П.П. Блонский, А.С. Макаренко, С.Т. Шацкий, М.М Пистрак, В.Н. Шульгин және т.б) жаңа адамды қалыптастыру проблемасын тәрбиелеушілерде қоғамдық мақсатты іске асыру негізінде ұйымдастыруды талап етеді.

Алып ойдың кеніші - Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлаг Әл- Фараби «Ақылдың мәні туралы», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жайында» т.б еңбектерін жазып қалтырып, әділдік, инабаттылық, мейірім, жомарттық т.б. адамгершілік қасиеттерді адам бойында дарытуды көздеген болатын. Ол адамгершілік тәрбиесін бірінші орынға қойды /2/.

Адамды бақытқа жеткізетін даналық жол-қайырымдылық, имандылық, адамгершілік екендігін дәлелдеді. Ал оған жетудің кілті тәлім-тәрбие, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі екендігін айтып «адамгершілікке негізделген татулық, жарасымдылық, келісе білушілік бақытқа жеткізетін жол деп қарады. Ол жол-қайырымдылық» деп көрсетті ұлы бабамыз. Болашаққа үлкен сеніммен қарау, соған ұмтылу ешкімді жәбірлемей, ар- намысына тимей қарым- қатынас жасау-әділет жолы. Бұл қасиеттер тәрбие арқылы адам бойына сіңетіндігіне сеніп, оған машықтандырып, жаттығуды қолдады. Тәрбие арқылы жүзеге асуға тиісті асқақ арманға толы бабамыздың педагогикалық толғанысы осыдан он бір ғасыр бұрын айтылғанымен де күні бүгінге дейін өзінің қадір- қасиетін жоймаған, қайта уақыт озған сайын жаңарып, жасара беретін пайымдаулар.

Егеменді еліміздің болашақ иегерлерінің бойына ұлы ұстаз нұсқаған адамгершілік қасиеттерді, мейірім шапағаттарды балбөбектердің сәбилік шағынан бастап дарытуға ниеттенсек, басшылыққа алсақ ісіміз табысты болары хақ.

Қазақ халқының көне тарихындағы аты әлемге мәшһүр болған ойшылдарының тәрбие жөніндегі даналық ойларын қарастырсақ, ХІ ғасырдың ұлы мұрасы Жүсіп

Баласағұнның «Құтты Білік» атты еңбегі ойға оралады. Жүсіп Баласағұн «Құтты білікте» адамгершілік қасиеттерді саралап көрсете келіп, осындай тәлімгерлік ойларды келер ұрпаққа бағыштаған. Бұл дастан 72 тараудан тұратын 6600 тармақ болса, онда-Әділет, Бақыт, Ақыл, Қанағат деп аталатын бейнелік есімдер арқылы аталып отырған төрт қасиет суреттелген. Дастандағы кейіпкерлер кеңесінде өмір сүрудің ережелері, мінез-құлық, ақыл-ой, адамгершілік әдептерінің озық үлгілері, дидактикалық таным-түсініктер суреттелген. Ізгілікке жетелейтін ғибраттар айтылған:

Тәрбиеші ал ізгілікті, көмесі,
Ұл- қыз жақсы, таза болып өседі...
Ұл- қызыңа әдеп үйрет, білім бер-дейді.

Бастауы көне ғасырда жатқан адамгершілік танымда тәрбиенің ізгілік жолы отбасынан басталатындығын Жүсіп Баласағұн дөп басып, дәл суреттеген:

Ақ сүтпенен бірге енуі жақсылық,
Айнымайды елі, алғанша ажал, тапсырып...
Іште біткен қылық, парыз мойныңа.

Ұлы ғалым халықтық тәрбиедегі адамгершілік, адамдық, қайырымдылық өнегелері отбасынан бастап өркендетіп, салт- дәстүрге орай бойға дарытатындығына ден қойған.

Ендеше, тәрбие ана сүтімен дарыса, адамның бүкіл өміріне жалғаса беретін құбылыс екендігін және отбасылық өнеге қандай болса, келешекте оның нәтижесі де сондай болатындығын нақты нұсқаған ол:

Егінжай бір бұл дүние көлемі,
Немене ексең, соның ертен өнеді.
Сенікі- шындық, менікі- ойын,
Бой ұсындым шынға, ойынды қойдым.
Жіберме зая күніңді өтер,
Өткен күн келмес, өтер де кетер-деп сәуегейлік білдіреді

Халықтың дәстүрлі сипатқа үйлесімді мінез- құлыққа тәрбиелеу- әрбір тұлғаның жарасымды тіршілік етіп, өміріне көрік беретіндігін нұсқайды.

Кісі көңілі нәзік шиша, шарайна
Мұқият бол, шағып алма, абайла.
Ашуда- сақ, сабырлы бол сасқанда...
Жылы сөзбен күле сөйле, жадырап,
Бақыт қонып құтың тасыр жамырап...
Жомарт сақи бол, қырсығып есірмей-деп ақыл айтады.

Ұлы бабамыз құрмет тұтқан мінез-құлық жөніндегі толғаныстарын және халқымыздың дәстүрлік ғұрпы мен танымына орай айтқан әр саладағы тәлімдік болжамдарын, дидактикалық пайымдауларын өмірге жарасымды қолдана білсек, бүгінгі ұрпаққа ешбір жаттығы жоқ, өмірін көріктендірерлік ғибраттар.

Қазақстандағы ғылымның әр саласы бойынша айтылған қадау-қадау ізденістер мен пікірлер болмаса, түбегейлі зерттеулер жазылмағандықтан, халқымыздың ертедегі дана ойшылдарының педагогикалық тағылымдары жұртшылыққа толық жетпей отыр. Оны жүзеге асыру болашақтың, яғни біздің ісіміз.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды халқымыздың ойшылдары, ағартушылары мен өнер қайраткерлерінің қосқан үлесі зор болды.

Ыбырай Алтынсарин /3/ халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауды, өнеге үйретуді уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа

халықтардың озат ой-пікірлерімен толықтырып дамытты. Ол елді надандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, кертартпа отаршылдық саясатты сынай отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарайды.

Тәрбие мақсатының айналасындағы айтыс көне заманнан басталады. Көне данышпан ойшылдар тәрбиенің негізгі мақсаты-рақымшылдық, адамгершілікті тәрбиелеу екенін дәлелдеп бақты. Ал, рақымшылық, адамгершіліктің не екенін түсіндіруге келгенде, олардың ойы әртүрлі болып келді.

Платон ақыл, сезім және жігер сияқты қасиеттерді алдымен дамыту қажет деп есептесе, Аристотель ерік пен шыдамдылыққа, әділдік пен ұстамдылыққа, ақылдық пен рухани жан тазалығына көңіл бөлген.

Ағылшын философы және педагогы Дж. Локк тәрбиенің басты мақсаты-ер жігіттікті қалыптастыру «өз ісін ақылды да жан-жақты жүргізе алатын» адамды тәрбиелеу деп санаған. Сонымен қатар бұндай адам белсенді, іскер, болып, ұшқыр ойлы, білімді болып келуі қажет деп есептеген.

Француз материалісі К.Гелвений тәрбие негізіне біртұтас мақсат қажеттігін айтқан. «Мұғалімнің мақсаты-оқушылардың жүрегін адамгершілікке, ақылдарын шындыққа, ақыры соңында сезімтал да дұрыс пікірі бар жастарды тәрбиелеп, қоғам мүддесімен пікірлес патриоттар шығару».

А.И Герцен тәрбие мақсаты-қоғамдық зұлымдықпен күресе білетін еркін, іскер, адамгершілігі мол, жан-жақты дамыған адам тәрбиелеу деп көрсеткен. Чернышевский болса, тәрбие мақсаты-қоғамға адал, таза өз мүддесін қоғам мүддесімен біріктіре алатын адамды тәрбиелеу деп санаған.

Осы ой-пікірлерді қорыта келіп, адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеттеріне тоқталатын болсақ:

- әрбір адамды өзі өмір сүріп отырған кезеңдегі қоғамның алдында тұрған мақсат-міндеттеріне, адамгершілік қасиеттердің тұтастығына сай тәрбиелеуді қамтамасыз ету;
- адамгершілік сананы, сезімді, көзқарасты тәрбиелеп жетілдіру;
- жас ұрпақта Отанға, қоғамға, еңбекке, адамдарға, өз-өзіне деген адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу;
- ізгілік, парасаттылық қасиеттерін тәрбиелеу.

Ал, мектеп жағдайына келетін болсақ, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық міндеттері төмендегідей:

- оқушылардың белсенді өмірлік позициясын қалыптастыру;
- қоғамдық борышқа деген саналы көзқарасын тәрбиелеу;
- сөз бен істің бірлігін қамтамасыз ету;
- адамгершілік нормаларын ауытқуға жол бермеу.

Бұл міндеттерді шешу оқушыларды қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке дайындаумен тығыз байланысты. Ол баланың мектепке барған алғашқы күнінен басталады. Алғашқы еңбек дағдылары сабақ үстіндегі міндеттерді орындаумен байланысты туындалған. Алғашқы еңбек дағдылары сабақ үстіндегі міндеттерді мүлтіксіз орындауда басталады. Оқу-бала үшін еңбек, қоршаған ортаны танып-білу, жаңа ғылыми білімдерді игеру адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралдары болып табылады.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына балаларды интернационалдық рухта тәрбиелеу де жатады, өйткені ол адамгершілік тәрбиесі негіздерінің бірін құрайды. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан мектепте әртүрлі ұлттың балалары оқиды, олардың бәріне бірдей білім, тәрбие беріліп, бірдей қамқорлық жасау керек. Осының өзі-ақ балалардың бір-біріне жолдастық, достық сезімін тәрбиелеудің қажет екенін

көрсетеді.

Адамгершілік тәрбиесінің мазмұнына баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу де жатады, әсіресе олардың үлкендерді сыйлау сезімін тәрбиелеусәбилік шақтан басталады. Үлкенді сыйлау–асқаралы да асыл сезім. Үлкендердің беделін мойындау, тындау, көңіл бөлу, құрметтеу, қамқорлық жасау сияқты балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру және бұл сезімнің көрініс табуы-жақсы тәрбиенің белгісі.

Адамгершілік тәрбиесіне қарапайымдылыққа тәрбиелеу де жатады. Балаларды жөнсіз көп мақтау, артық бағалау зиянды ықпал етеді. Бұл кейде балалардың мақтаншақ, өркөкірек, жалқау болуына әкеп соқтырады, әсіресе қабілетті балалардың іс-әрекетін әділ мақтай отырып, оларға талап пен тапсырманы күшейте түскен жөн. Қайырымдылыққа тәрбиелеудің негізі-баланың адамгершілік қасиетін дұрыс әділ бағалау.

Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі шарты-көпшілікпен өзара қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыру. Көпшілікпен қарым- қатынас жеке адамның мүддесін көптің мүддесіне бағындыруға, бірге өмір сүруге және еңбек етуге тәрбиелейді. Көпшілік өзара қарым-қатынастың алғашқы бастауы балалардың бірлескен іс- қимылында көрініс тауып, мақсат бірлігінде, мақсатқа жету үшін жұмыла күш жұмсауда іске асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Педагогика және психология түсіндірме сөздігі. -А.: Мектеп, 2002.
2. Кубесов А. Педагогические наследие Аль- Фараби. -А., 1989.- 159с.
3. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. -А.: Рауан, 1991. - 200б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада адамгершілік тәрбиесі туралы айтылып, осы бағыттағы ғалымдардың даналық ой-пікірлеріне, зерттеулеріне шолу жасалған. Адамгершілік тәрбиесінің жалпы және педагогикалық міндеттері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье проведен общий обзор исследований видных ученых в области нравственного воспитания, рассмотрены общие педагогические задачи.

XIX ҒАСЫРДАҒЫ КОРЕЯНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Қиясова Б.А. - п.ғ.к. (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Дүнижүзінде білімнің ролі артып отырған бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру жүйесі, әлем халықтарының білім беру мен тәрбие жүйесіндегі тәжірибесімен, бағыт – бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Бұл Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуының бірден – бір жолы.

Демек, халықаралық педагогикалық тәжірибені жан-жақты талдау және сол тәжірибені біздің елімізде қолданудың мүмкіндіктері мен жолдарын іздеу, еліміздегі білім беру саласын дамытуға өз үлесін қосады деп тұжырымдауға болады.

Азия елдерінің ішінде даму қарқыны жоғары Оңтүстік Корей Республикасы. Бүгінгі таңда Корей Республикасы сауаттылық деңгейі жөнінен алдыңғы қатардан орын алуда. Бұл фактор соңғы отыз жылда ел экономикасының қарқынды дамуына өз ықпалын тигізді. Аталған мемлекет дүние жүзі бойынша Сингапурдан кейін мектептерді компьютерлендіру мен интернет желісіне қосу саласы бойынша екінші орынға шықты. Бұл айтарлықтай жетістік болып саналады. Корейліктер тұлғаның өзін-

өзі тануының негізгі әдісі және қоғамда белгілі бір жетістікке қол жеткізудің құралы ретінде білімге үлкен мән береді. Мектептердің бүгінгі үлгісі ХІХ ғасырдың 80-ші жылдары пайда болған. Сондықтан бұл мақалада осы елдің бүгінгі қол жеткізген табыстарына емес, білім беру жүйесінің қалыптасып, дамуына ықпал еткен кейбір мәселелерге тоқталуды жөн көрдік.

Ресми білім беру ісі Кореяда б.д.д. 57 б.д. 668 жылдары аралығында қалыптасты, басқа елдердегі сияқты білім алуға тек ақсүйек тұқымынан шыққан ұл балалардың ғана құқы болды. 372 (б.д.д.) жылы Когуре королдігінде - Тхэхак атты алғашқы мемлекеттік жоғары оқу орны ашылған. Үш ғасыр өткеннен кейін 682 жылы Силла королдігінде – Кукхак Ұлттық конфуциялық колледжі іске қосылды. Аталған оқу орындарында негізінен Конфуции ілімі оқытылды.

Кореяда ескі аристократиялық түсінік бойынша білім беру ісінің негізгі мақсаты – жастарды мемлекеттік қызметке дайындау еді. Қытайдың классикалық үлгісі бойынша өз білімдерін көрсету – дайындық деңгейінің негізгі өлшемі болып саналды. Бұл дәстүр ХІХ ғасырдың соңына дейін, яғни Кореяға батыс елдерінің ықпалы жүргізілгенше сақталды. 1882 жылы король Кочжонның қоғамның барлық азаматтарының мемлекеттік оқу орындарында білім алу мүмкіндігі туралы жарлығы шықты. Аталған жарлық Кореядағы білім беру ісінің жаңа бағытта дамуына кең жол ашты. Нәтижесінде 1886 жылы Ихве хактан атты қыздарға арналған тұңғыш мектеп, ал 1887 жылы ұл балаларға арналған Кенсин орта мектебі ашылды.

ХІХ ғасырдың ортасында Корея орталықтанған феодалдық мемлекет ретінде өмір сүрсе де Қытайдың вассалдығынан, яғни алым-салық төлеуге тәуелділіктен әлі арылмаған еді. Сондықтан Кореяның мәдениеті де негізгі идеологиясы да Қытайдың ықпалында болды.

Ал білім беру жүйесінде саяси-этикалық ережелерді жаттауға негізделген білім мен тәрбие басымдылық көрсетті. Өйткені, мемлекеттік қызметке орналасу үшін “квато” (конфуцилік білім) емтиханын тапсыру міндетті болды. Яғни, білім беру жүйесі: оқу пәндерінің көлемі, оқыту әдістемесі, оқу бағдарламасы т.б. конфуцилік канондарды оқытуға бағытталған.

Мектептегі міндетті оқулықтар қатарында “Сибсамгён” (Он үш кітап) жүргізілді. Оның ішінде “И-цзин” (Өзгеріс кітабы), “Шу-цзин” (тарих кітабы), “Ши-цзин” (Ән кітабы), “Чжоу-ли” (Чжоу әулетінің әдет-ғұрпы), “И-ли” (Әдет-ғұрыптар және ережелер), “Ли-ци” (Әдет-ғұрыптар жазбасы), т.б. канондық шығармалар тізіміне кірді.

Корей мектептерінің бағдарламасына енген конфуцилік шығармалармен танысу үшін оқушылар он мыңдаған иероглифтік таңбаларды білулері керек еді, оған шамамен сегіз жылдай уақыт кететін.

Ежелгі қытай иероглифтерін меңгеру қиындықтарына қарамастан, бұл жазу түрі феодалдық Кореяда ХІХ ғасырдың соңына дейін қолданылды. Сонымен бірге, ХҮ ғасырдың ортасынан бастап елде “кунмен” деп аталатын ұлттық алфавит те қоса жүрді. Бұл алфавит өзінің қарапайымдылығымен көпшіліктің көңілінен шықты.

Алайда елдегі үстем тап өкілдері бұл алфавитті қолдану олардың мәртебесіне нұқсан келтіреді деп есептеп, оны қолдануға және кең таралуына құлықты болмады.

ХІХ ғасырдың ортасында Кореяда мектептің мемлекеттік және жекеменшік түрлері жұмыс істеді. Мемлекеттік мектептің қатарына ХІҮ ғасырда негізі қаланған Сеул қаласындағы Сонгюнган жоғары конфуцилік коллегиясын жатқызуға болады. Сонгюнган Кореяда ірі мемлекеттік қызметкерлерді даярлайтын бірден-бір конфуцилік ілім ордасы болып есептелді.

“Сонгюнган” деген сөздің өзі конфуцилік ілімге табыну орыны деген мағынаны білдіреді. Сонгюнганның оқыту жүйесінің құрылымы “Кенгук тэджонда” (Мемлекетті

басқарудың ұлы заңдары. ХҮғ.) қарастырылған. Соған сәйкес мектеп тікелей Иеджоға (Салтанат Палатасына - Палата Церемоний) бағынды және янбан (ақсүйектер) балаларын конфуцилік мораль негізінде оқыту мен тәрбиелеу жауапкершілігін мойнына алды.

Сонгюнгванда оқу мерзімі Конфуцидің тоғыз канонына сәйкес тоғыз кезеңде жүргізілді. Оқытудың ең төменгі сатысы “Да сюэ”, ал ең жоғарғы саты “Чжоу ли” немесе “И-цзин” трактатын меңгеру болды. Оқушылар көктемде және күзде емтихан тапсырды. Бақылау жүргізу барысында ең алдымен шәкірттердің шығарма жазу қабілеті тексерілді.

Сеул қаласында жоғарыда аталған мектептен басқа XIII ғасырдың екінші жартысында пайда болған конфуцилік орта мектептің ролін атқарған Хактан мектептерін атауға болады. Кореяның білім беру жүйесінің тарихында бұл мектептер “Сахак” деген атпен де белгілі.

Сахак – деңгейі жағынан Сонгюнгван мектептерінен төмен тұрды. Сахак мектептерінде көп жағдайда Сеул янбандарының балалары оқыды. Үлгерімі жоғары оқушылар Сонгюнгванда оқуға мүмкіндік алды. Сонымен бірге білімді шәкірттерге “сэнвон” атағын алу үшін кваго мемлекеттік емтиханын тапсыруға мүмкіндік берілді. Мемлекет тарапынан аталған мектептерге қамқорлық жасалып отырды, мәселен жер телімдерімен қамтамасыз етті.

XIX ғасырдың ортасында конфуцилік мектептер жабылып, орнына батыстық үлгідегі оқу орындары пайда бола бастады. Дегенмен “Пэдже хактан” “Ихва хактан” сынды кейбір мектептер конфуцилік атауларын сақтап қалды.

Мемлекеттік мектептердің қатарында уездерде, болыстық орталықтарда жұмыс жасаған хянге деп аталатын провинциялық оқу орындары... Хянге жергілікті басқару органдарына бағынды, сондықтан жергілікті әкімшілік орталықтарында ашылды. Аталған мектептерде де конфуцилік білім берілді, оған қоса ауыл шаруашылығы мен жібек шаруашылығына қатысты элементарлық білім берілді. Хянгеде де жергілікті янбандардың балалары оқыды.

Кореядағы жекеменшік конфуцилік мектептердің бірі совон деп аталатын храмдық мектептер. Мұндай оқу орыны алғаш рет 1541 жылы Кёнсан провинциясында “Пэк Ундон мектебі” деген атпен ашылды. Алғашқы кезеңде шіркеулік мектептердің саны 30-ға жуық болды. Ал ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда олардың саны әрбір сегізінші провинцияда 80-90 дейін жетті.

Совон мектептері мемлекеттік мектептермен салыстырғанда саны жағынан ғана емес, кейбір жеңілдіктерге ие болуымен де алға шықты. Совон мектептеріне қабылдауға таптық шектеулер қойылмады.

Совонда негізгі пәндер “Сышу”, “У-цзин” ал қосымша пәндер ретінде тарихи жылнамалар, Конфуций шәкірттерінің шығармалары, ежелгі қытай әдебиеті, поэзиясы оқытылды. Совон мектептерінің басты ерекшеліктерінің бірі – диспут түрінде өтетін мектептің ішкі жағдайларын талқылауға арналған оқушылардың жиындары. Уақыт өте келе аталған жиындарда елдің тыныс-тіршілігі, мемлекеттік аппараттың жағдайы, шенеуніктердің мемлекеттік қызметті өз мүдделеріне пайдалануы, жер-жерлердегі шаруалар көтерілістері сынды қоғамдық-саяси сипаттағы мәселелер қарастырыла бастады.

Елдегі ішкі саяси жағдайлардың өзгеруіне байланысты диспут тақырыптары да өзгеріп отырды. Сэксон – совон мектептерінің ішінде үкмет тарапынан ерекше құрметке бөленген, ірі жер бөліктерін салық төлемей пайдаланған мектептердің қатарына жатты. Бұл жағдай оларды ірі саяси күшке айналдыра бастады.

Алайда, 1864 жылы билік басына келген тэвонгун (ханзада-референт) совон мектептерінің қоластындағы жерлерге салық сала бастады, ал 1871 жылы аталған оқу

орындарының көпшілігін жабу туралы бұйрық берді. Совон мектептеріне жүргізілген тексеру шараларынан кейін, Королдік ревизор Пак Мунсу оның қабырғасында моральдық ахуалдың өте төмен екендігін баяндаған.

Феодалдық Кореядағы кең таралған конфуцилік бастауыш сатыдағы оқу орындарының бірі – содан мектептері. Саны жағынан бұл мектептер басқа мектептерден анағұрлым көп және жеке адамдардың қаржыларына ашылды. Бірнеше адам жиналып хунджан (мұғалім) шақырып, балаларының сауатын ашатын. Бұл мектептердің бүгінгі күнге дейін Кореяның кейбір аудандарында сақталған деген пікірлер бар /1/.

Содан мектептерінің оқушылары ең алдымен “Цзянь цзывень” (мың сөз) оқулығы бойынша қытай иероглифтерін оқып үйренді. Содан мектептерінде бұдан басқа “Кемонпхён” (Балаларды оқытуға арналған кітап), “Донмон сонсып” (Оқуға арналған кітап) сынды негізгі оқу құралдары пайдаланды. Оқыту процесінде мерзімді әдіс қолданылды, яғни жаз айларында күрделі пәндер оқытылмай, тек өлең мен заң негіздерін жаттады, ал көктем мен күз айларында тарихи тақырыпта шығармалар жазып, ежелгі қытай әдебиетімен танысты, қыс айлары канондық шығармалармен танысуға арналды. Мұндай мектептер жекеменшік болғандықтан, үкмет оларға айтарлықтай көңіл бөлмеді, қаржыландыру тек ата-аналардың мойнында түсті. Сондықтан аталған оқу орындарының жағдайы сын көтермейтін деңгейде еді.

Осылайша, XIX ғасырдың ортасында Кореяда білім беру жүйесі негізінен таптық сипатта болды. Оған тек янбандардың балалары ғана қол жеткізе алатын. Оқыту конфуцилік канондарды жаттаумен шектелді. Алайда, соған қарамастан, аталған оқу орындарының білім беру ісінің дамуына өз үлестерін қосқандығын жоққа шығаруға болмайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Пак В.П. Просветительские движения и система образования в Корее второй половины XIX в. и начала XX в. – М., 1982.
2. Справочник. Корея. – М., 1993.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғасырдағы Кореяның білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен оның аталған саланың дамуындағы ролі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль и особенности системы образования Кореи в XIX веке.

ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІ МЕН ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚТЫ САҚТАУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Қоңырбаева С.С. - Әлеуметтік және гендерлік ғылыми зерттеулер институтының «Отбасындағы гендерлік әлеуметтендіру» зертханасының меңгерушісі
(Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақ халқының әлеуметтік ұйымының бастапқы ұясы патриархалды отбасынан бастау алатын ата-бабалары немесе әулеті болса, олардан құралатын ру-тайпа одан бірнеше есе үлкен болған.

Қазақ қоғамының негізіне айналған ру-тайпа, әулет және олардың барлық мүшелері бір-бірімен қандас-туыстас болып есептеледі. Қазақ халқының этникалық ерекшеліктеріне кеңес заманында оң баға берген ғалымның бірі антрополог

О.Ысмағұлов “Антропологиялық зерттеулерге қарағанда, ежелгі және осы замандағы Қазақстан тұрғындарының генетикалық байланысы III мың жылға тарта уақыт бойы үзілмегендігін” жазған еді /1/.

XVIII ғасырда қазақ халқының арасында рулық салт-сананың сақталып келгенін олардың әр түрлі туысқандық қарым-қатынастарынан көре аламыз. Ең алдымен, жеті аталық ұстанымға негізделген бұл жол қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, этнопедагогикалық, этноәлеуметтік ұлттық рухани тұтастығын қамтамасыз етіп отырған.

Сонымен қатар, туысқандық қарым-қатынастар түрлі жағдайда тікелей мұрагері немесе әмеңгері қалмаса, қандай да бір көмек түрінде байқалады. Мәселен, қыз ұзату, келін түсіру, кісісі өлгенде аза салу, яки кездейсоқ апатқа ұшырағанда мал мүліктен айырылғанда ымырашылдық еркін көрініс берген. Жалпы алғанда, осындай жүйе арқылы XVIII ғасырда қазақ даласында ата-бабамыздан келе жатқан халқымыздың этноқауымдық бірлестігі оңайлықпен ыдырамайтындығын көрсетті. Қазақ қоғамының этноәлеуметтік ағзасының негізі болып табылатын руларды, оның іргелі бөліктері – ауылдарды жасы үлкен, жоғары мәртебеге ие, шаруашылық тетігін білетін, тәрбиені жүйелілігіне мән беретін тәжірибелі ақсақалдар басқарған. Олар жас ерекшеліктеріне орай “абыз”, “ру басы”, “ел ағасы” деген атаулармен аталған. Отбасы мүшелерінің әлеуметтік рөлдері ел-жұрттың, ауылдастың, рудың, аталастың, әулеттің және үш жұрттың мүддесін, яғни, рухани тұтастығын көздеді. Отбасының туысқандық қарым-қатынастары жөнінде теориялық негіз болатын ойды отбасы туралы алғаш зерттеушілердің бірі Ф.Энгельс айтқан болатын: “Семья одан әрі дами бергенімен, туысқандық жүйесі бір орында қатып қалады, бұл жүйе әдетке айналғандықтан өмір сүре беретін болса, семья оның шегінен шығып кетеді /2/.

Қазақ отбасында өз ұрпағын болашақ отбасылық өмірге даярлаудың басты ұстанымдары: *физиологиялық ұстанымы, әлеуметтік ұстанымы, діни ұстаным, әлеуметтендіру ұстанымы, сабақтастық ұстанымы.*

- некеге тұруға рұқсат берілген 18 жас баланың дене бітімі мен ағзасының дамып жетілуі, өсіп-толысуы толық сипатта кәмелетке толуын білдіреді. Жасы жеткен перзентін отбасылық өмірге дайындаудың физиологиялық тұрғыдан қажеттілігі айқын;
- ата-ананың ұлғаюы немесе олардың тірек болуының әлсіздігі арқылы тұрмыс-тіршілігін, отбасының тауқыметін көтеруге жасы жеткен баласын отбасын құруға бейімдеу, әлеуметтік ұстаным арқылы қажеттілік туғызу;
- “Үйленуге мүмкіндігі бола тұрып, үй болып басын құрамағандар менің үмбетім емес” деген Ислам пайғамбарының қағидасына сай, үй болу, тұрмыс құру, жұбайлық өмірге дайын болудың бірден бір діни сенім жолы;
- отбасында берген тәрбие мен заман талабына сай өмірге бейімдеу арқылы өз тұрмысын өз қолымен құруға қызығушылықтың тууы әлеуметтендіру ұстанымы арқылы мүмкіндік табады;
- сабақтастық ұстанымы әкенің жолын жалғастыру, ата жолын қуу, әулеттің атын жалғау, шежіреде ат қалдыру немесе ұлт мүддесін көздеп, қажеттілігі арқылы болашақ отбасылық өмірге даярлаудың бір жолы.

Осындай ұстанымдарды *этноәлеуметтік рөлдерді* меңгерту арқылы іске асыру қолға алынар болса, онда қазақ халқының *ерекшелігі, табиғилығы, мәдениеті* ұлттық тұтастық пен беріктігін сақтаған болар еді.

Этнопедагогиканың атасы саналған Г.Н.Волковтың айтуы бойынша, этнопедагогикада үш ұстаным бар. Бірінші – *табиғилық*, екінші – *мәденилік*, үшіншісі – *халықтық*. Табиғилық ұстанымы педагогика ғылымына философия категориясынан

бұрын келіп жетті. Жер жүзі халықтары бұл қағиданы ескермей, бала тәрбиелеген емес. Осыған орай психологиядағы ғылыми ұстанымдардың біріне географиялық детерминизм ұстанымы жатады. Бұл ұстанымның мән-мағынасы адамдардың психикалық ерекшеліктерін зерттеу барысында оның өмір сүріп отырған белдеуінің тұрмыс-салтын ескеру керектігі жөнінде айтылады /3/.

Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге даярлауда этноәлеуметтік рөлдерді меңгертуге тәрбиелеудің *табиғилық ұстанымы* - жас ерекшеліктері мен биологиялық толысу ерекшеліктерін ескеру; генетикалық мүмкіндік пен тұқым қуалаушылық мүмкіндіктерді ескеру; таза, мықты ұрпақ әкеліп, сабақтастық жолын сақтау.

Мәденилік ұстаным арқылы - отбасылық мүшелері арасындағы қалыптасқан дәстүрлі қарым-қатынасты сақтауда әлеуметтік рөлдерді меңгеруін ескеру; отбасы және әулет, ру және үш жұрт арасындағы этноәлеуметтік рөлдерді игеру және өмірде атқаруға дайын болу;

Халықтық ұстаным арқылы - этноәлеуметтік рөлдерді меңгерудің қыр-сырын насихаттау, өмір салтына ендіру.

Осылайша, отбасылық өмірде этноәлеуметтік рөлдерді меңгертуге тәрбиелеу мен әлеуметтендіру мәселесін ұстанымдар арқылы қарастыруға болады. Этноәлеуметтік қарым-қатынастарды реттейтін, іске қосып, жүзеге асыратын – этноәлеуметтік және әлеуметтік рөлдер. Этноәлеуметтік рөлдерді меңгертуге тәрбиелеу мен әлеуметтендіру отбасы, әулет, аталас, ру, жүз, ел бірлігін, ұлт тұтастығын сақтау, бауырмалдықты күшейту, сыйластықты арттыру, салт-дәстүр мен төл мәдениетімізді дәріптеуге қол жеткізеді.

Қазақ халқының сан ғасырлар қалыптасып, тарих талқысынан өткен, салт пен әдет-ғұрып аясында өрбіп, тәрбие шеңберінде дамитын, заман талабымен жаңғырғанымен, қалпын сақтайтын тамаша дәстүрлері бар. Солардың негізгісі – “үш жұрт”. “*Үш жұрт*” ұғымы – *туысқандықты сақтайтын этноәлеуметтік тұтастық*. “Жігіттің үш жұрты” болып патриархалды түсінікке сай айтылғанымен, мейлі ер, мейлі әйел болсын, отау тігіп отбасын құрғаннан бастап, туысқандық қарым-қатынасты үш жұрты арқылы өрбітеді.

Үш жұрттың біріншісі – *өз жұрты*. Оған әкесінен тараған бірге туған бауырларымен бірге әкесінен арғы аталарынан қосылатын ағайындарына дейінгі туысқандары жатады. Оларды жеті атаға дейін санай бастағанда бір қауым ел болатын ағайын-жұрт. Өз отбасындағы әке мен шеше, ата мен әже, аға мен іні, апа мен қарындас немесе сіңілі, сондай-ақ, өз бауырларының жарасты жұптары: жеңге мен келін, жезде мен күйеу бала, абысындар бір шаңырақ астында туысқандық қарым-қатынас арқылы өз міндеттерін – әлеуметтік рөлдерін атқарады.

Екіншісі – *нағашы жұрты*: туған анасының төркін-жұрты. Яғни, жиеннің танымы бойынша шешесінің туған әке-шешесі, ата-әжесі, аға-інісі мен апа сіңлілері және олардың жұптары мен балалары. Осы орайда нағашы ағаның баласы да нағашы іні болып, туыстық қалпын сақтағанмен, нағашы апаның баласы “бөле” деп аталады. Өйткені, оның сүйегі басқа жұрттыкі.

Үшінші – *қайын жұрт*: жігіт үшін алған әйелінің төркіні немесе әйелдің келін боп түскен жері. Келген келін үшін: қайын ата мен қайын ене, қайын аға мен абысын, қайын апа мен жезде, қайын іні мен келін, қайын сіңлі мен күйеу бала т.б. Ал, жігітке қайын ата мен қайын ене, қайын аға мен жеңге, қайын апа мен үлкен бажа, балдыз бен келін, балдыз бен кіші бажа сияқты қайын жұрт деп аталатын туыстар тобы.

Этноәлеуметтік рөлдер “үш жұрт” аясында өз қызметін жан-жақты өрістетеді. Халқымызда “*Ағайын жұрт – күншіл, қайын жұрт – міншіл, нағашы жұрт – сыншыл*” деген сөз бар. Бұл бір жағынан *әлеуметтік-психологиялық* сипаттама

болғанымен, *әлеуметтік-педагогикалық* жағынан үш жұрттың адамды тәрбиелеудегі ұстанатын қағидасын көрсетеді. Демек, қазақтың жігіті немесе қызы үш жұртына жағу үшін үш түрлі ұстанымға сай әлеуметтенуі тиіс. “Күншіл”, “міншіл”, “сыншыл” ұстаным – адамды шындайтын аса өткір талаптар.

Өз жұртын күншіл деудің өзі ағайын жұрттың өз адамына деген талабының жоғарылығы. Қазақ тілінің сөздігінде “күншіл – іші тар, қызғаншақ” деген түсінікті береді /4/. Қазақ өз туысы мен өз ағайынына әр ісімен есеп беріп отыруы қажет. Жолға шығарда қоштасып, келсе барып сәлем беріп, іс бастарда ақылдасып, өз тойында ағайынға ерік беріп, олардың тойы мен азасында басқа жұрттан мол үлес қосуы қажет. Бұл талаптан шығу өте қиын, екінің бірінің қолынан келе бермегендіктен де өз жұртыңның өкпесіне қаласың. Ағайын арасындағы араздық осы міндеттердің дұрыс орындалмауынан шығады да “күншіл” деген айып тағылады. Дегенмен, бұл да ағайынмен арадағы этноәлеуметтік қарым-қатынасын реттеудің биік талабы.

“Міншілдік” пен “сыншылдық” – талабы жоғары, басқа, өзге жұрттың үлесі. Міншіл саналған қайын жұрт туралы “Жағанның қызылдығы мен қолыңның ұзындығына қарайды, жуас болсаң жүндейді, мықты болсаң күндейді” дейді. Әлеуметтік тұрғыдан қойылған бұл талапқа төтеп беру, өмір сүру салтында ыңғайын алу, ығына жығылу – психологиялық шеберлікті қажет етеді. Құдаласу мен құдандалы-жекжаттық қарым-қатынастың реттелуі – тұтастықты сақтаудың басты кепілі. Этноәлеуметтік рөлдер мен этноәлеуметтік қарым-қатынастардың аса қажеттілігі мен сынға түсер жері осы.

“Нағашы жұртың – сыншыл, жақсыңа сүйінеді, жаманыңа күйінеді, әрдайым тілекші тілеуқор болып жүреді” дегендейін, сынаудың түбі адал ниет екендігін байқауға болады. “Жиен ел болмас” деп, қайрай сынағанымен, “қыздан туғанның қиығы жоқ” деп, сыртқа теппей бауырына тартқан. “Қыздың баласын кезек сүй” десе, оның сүйегі басқа екендігін ескерткендігі. “Жиен неге ел болмасын, малы болса” деу арқылы өмірге ынталандырады. Жиен нағашыға еркін, “жиенді ұрғанның қолы қалтырайды” деп, нағашы жиендер үшін *еркіндік педагогикасын* қолданады. Демек, нағашы жұрт баланың кішкентайынан тәрбиеленуі мен әлеуметтенуіне өзіндік үлес қосатындығынан да адамның тәрбие мектебінен лайықты орнын алады.

Бұл “үш жұрттың” жігітті немесе қыз баланы тәрбиелеуде өзіндік өмірге бейімдеу-әлеуметтендіруде, тәрбиелеуде өзіндік педагогикасы, өзіндік психологиясы бар екендігіне көз жеткіздік. Демек, “үш жұрт” мүшелерінің де өз рөлі – өз үлесі бар екендігіне де көз жеткізуге болады.

“Өз жұртың” - өзінді өмірге әкелген әке-шешен немесе ата-анаң. Бұл жерде “әке” мен “ата” атауы шатыстырылмауы керек. “Ата” да әкенің бір кездегі ресми атауы. Абай: “Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ”, - деп айтқандай, ата – бұл күнде де әкеге ресми атақ. Бірақ, ата – ана сөзімен қатар тұрғанда, әкені ұқтырады да ата әжемен қатар тұрып үлкен әкенің атауын береді. Отбасындағы әлеуметтік рөлдерді анықтау үшін толық отбасын түсіндіруден бастайық.

Қазақ отбасында тәрбиеге мейлінше ықпалды ата мен әже рөлдері. Әкеге әке болып келетін тұлға, отбасы педагогикасына ерекше ықпалды бейне – *Ата*. Беделі жағынан әкеден жоғары, өмірлік тәжірибесі бай, эмоциялық-мейірімділік тұрғыда тәрбие беруді меңгерген, отбасының тірегі. Бала тәрбиесіне үлес қосуға мүмкіндігі бар. Отбасындағы ең үлкен рөл – атаныкі. Өз отбасы мен басқа балаларының, ағайын-туыстың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысатын ақсақалдар этноәлеуметтік қарым-қатынастың реттеліп, этноәлеуметтік рөлдердің сақталуына басшылық жасап отырады.

Әже – жанұядағы ғана емес, өзінің басқа балаларының отбасындағы қарым-қатынасты реттейтін, балаларды өмірге бейімдеудің қарапайым түрлерін мейірім

арқылы жеткізе білетін ақылшы, отбасының алтын қазығы. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтау арқылы, отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы этноәлеуметтік қарым-қатынастарға ықпалды жол көрсетуші. Әке – отбасының иесі, ерекше беделді тұлға. Алайда, беделдік пен биліктің басымдығынан әке педагогикасы тәрбиелеуші қызметтен көрі басқарушылығы басым түсіп жатады.

Ата мен әже педагогикасы арқылы отбасында тәлім алған, өмірлік дағдылары қалыптасқан баланың жан-жақты әлеуметтенгендігі мен әлеуметтік рөлдерге бейімделгендігі адамгершілік сипаттарымен көрініс береді. Бұл бір жағы тәжірибелілік нәтижесі болса, екінші жағынан, тұрақты да ерінбей-жалықпай мейірім арқылы берілген тәрбиенің жемісі.

Әке – шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. «Отағасы» деп аталуының себебі де осында болса керек. Үйге табыс кіргізу, жан басы мен мал басының қамқорлығы, өз балаларын өсіріп-тәрбиелеуге мүмкіндік жасау, ағайын-туыс арасындағы байланыс ер адамның басшылығымен жүзеге асырылуы тиіс.

Әйел – отбасының ұйытқысы. Өмірге бала әкелуден бастап, уақтылы емізіп, бағып-қағып, өсіріп-тәрбиелеу – әйел-ананың тікелей міндеті. Үй-ішінің, отбасы мүшелерінің тазалығы, тамақ дайындау, үй-іші тірліктерін ұқсату, туған-туыстармен әлеуметтік қарым-қатынастар орнату сияқты көптеген мәселелер әйелдің араласуымен атқарылады.

Әке мен шеше – отбасында баланы әлеуметтендіретін басты тұлғалар. Өз перзенттерінің заманға лайық білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасайды. Барлық істе өздері үлгі болады. Шын жанашырлық та туған ата-ананың көңілінен табылады.

Отбасындағы *ер баланың рөлі* үйде басқа балалардың да болуына байланысты, ата-ананың талабына сай жүктеледі. Ұлдың үлкені отбасындағы балаларға жаппай қамқорлық жасайды. Ұлдың кенжесі – «қара шаңырақ» иесі. Ата-анаға етене жақын өседі, себебі: өскенде ата-анамен бірге тұратын – кенже ұл. Үйдегі жалғыз ұл анасынан әлпештеу көргенімен, әкенің бірден-бір сенімді көмекшісі болуға тиіс.

Сырттың жұмыстары: отын-су әкелу, малға қарау, жем-шөп дайындау, қора-қопсы, аула тазалықтарын реттеу жүктеледі. Егер үйде қыз бала болмаған жағдайда анасының да үй-ішіндегі жүгін жеңілдетуге тырысады. Базарға, дүкенге барып азық-түлік әкелу, тұрмыстық заттарды қозғау сияқты жұмыстарға, сынған жеңіл-желпі заттарды шегелеу, бекіту, жалғау тәрізді істерді атқаруға үйренеді. Үйде ешкім болмаған жағдайда өзіне өзі қызмет ете білетіндей (ас пісіріп ішу, кірін жуып-үтіктеу, ине ұстап, түйме қадау т.с.с.) дағдылар қалыптасса айып емес.

Қыз бала табиғатынан-ақ отбасылық жұмыстарды атқаруға бейім болып келеді. Сәби жасынан қуыршақпен ойнатудың маңызы зор. Өз ыдысын жинап үйренгеннен бастап-ақ, дастарқанға не қойылу қажеттігін, қандай ыдыстарға не салыну керектігін білу арқылы үстел жасау, кір жуу, шаң сүрту, гүл өсіру, үй тазалығы сияқты жұмыстарды бірте-бірте меңгеруі тиіс. 12-13 жастан бастап тамақ даярлауды үйреткен дұрыс. Іс тігу, үй-ішін көңілге қонымды үйлестіре қою сықылды жұмыстардың қыз балаға тікелей қатысты екенін ұғындыру қажет.

Қыз балаға өмірде жүктелер жауапкершілік аз емес. Отбасындағы басқа балаларға көмекші болып, болысып жүреді. Қызы бар үйдің өзіндік қызығы бар. Сезімталдық пен мейірімділікті отбасындағы өз рөлін меңгеруге негіз ету керек.

Қыз баланы балиғат жасына, табиғи өзгерістерге дайындау өте қажет. Ананың немесе отбасында жеңге мен үлкен қыз балалардың оңаша әңгімелесуі, құпия ұстауы, сыр сақтауы маңызды. Бұл үлкен жауапкершілікті сезіндіру өте қажет.

Отбасындағы *келіннің рөлі* өзінің келген ортасын сыйлау, құрметтеу арқылы үй-ішінің тірліктерін атқаруды меңгерумен басталып, отбасылық қарым-қатынастың

реттелуі келіннің іс-әрекетінен көрініс табады. Қайын-жұрттың атын атамау – ат тергеу, үлкенге құрмет көрсетіп, бата алу, сәлем жасап – алғыс алу сияқты сыйластық кілті келінде болуға тиісті. Басты мақсат: келген жерінде орнын табу, сыйлай білу, сыйымды болу арқылы өз тамырын жайып, өсіп-өну.

Жеңгелік рөл келіннің келген жеріндегі өзінен кішілерге қамқорлығын көрсетуі арқылы іске асады. Өзінен үлкен болғанымен, күйеуінен кішінің бәрін “қайны-қайынсіңлілер” қатарында қарап, оларға жарасымды да ұтымды және өздеріне ұнамды ат қоюы – жеңгенің келген ортасына сіңісуінің басты шарты. Қайныларына қыз таңдауға бағыт-бағдар, кеңес береді. Өйткені, бір шаңырақ астында өзімен абысынды-келінді жақын жүретін, қызметті бөліп атқаратын әйелдің дұрыс адам болып келуіне немқұрайлылық танытпайды. Ақылдасып, қыз көңілін табуға психологиялық нұсқаулар, ұсыныстар жасайды. “Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан” деген мәтел қайныны шын қолдаушылардың бірі екендігі. Қыз бала үшін жеңге таптырмайтын жанашыр. Өз тәжірибесінен көргені мен түйгенін айта отырып, сыр бөлісетін жеңгелер институтының әлеуметтік мәні биік болуы тиіс. Этноәлеуметтік рөлдің ішінде жауаптылығы жағынан да, жақындығы жағынан да жеңгенің рөлі жоғары.

Қазақ отбасында *күйеу бала* рөлін алып жүрудің де өзіндік қырлары бар. Күйеу балаға ғана қатысты қайын-жұрттың үлкенінен-кішісіне дейін тіл табысу, көңілінен шығу – құдалық қарым-қатынасты реттеудің басты факторы. Үлкен жиындарда күйеу балаға тапсырылатын жұмыстар оның қарымдылығына сай жүктеледі. «Күйеу атымен күл тасы» деген мәтел күйеу баланың қандай тұрмыстық жұмыстарға дейін көмектесетіндігін көрсетсе, оның сыйласымға ие болуын «әкенің жақсылығы жездедей-ақ» деп бағалаған. Күйеу баланың рөлі қайын-жұрттың ортасында жүзеге асып, баға беріледі. Халқымыз күйеу балаға ағайын арасындағы той-қазада арнайы тапсырмалар жүктегенімен, “пайғамбарымыз да күйеу баласын сыйлаған” деп, сый-құрмет көрсетіп отырады. Мал сойылғанда күйеу бала үшін арнайы мүше – төс тартып, жеңгелер тарапынан этноәлеуметтік қарым-қатынастықты жүзеге асырып, сыйластықты дамытып жатады /5/.

“*Өкіл әке*” мен “*өкіл шеше*” рөлдері де ел ішінде бүгінге дейін сақталған. Төркіні алыс қыз, кәсіп іздеп келген кірме жігіт немесе туған-туысы жоқ жетім-жесірге қазақтың бауырмалдығы мен қайырымдылығы туысқандықтың осындай бір жасанды жолын қарастырады. “...өкіл ағайын болғандар туған әке, туған баладан кем қатынаста болмаған. Өкіл ағайындардың бір рудан болмағы міндетті емес. Кез келген жарлы-жақыбайға, жетім-жесірге өкіл әке болады да өкіл баласының өз қолы өз аузына жеткенше қамқорлығына алады. Өкіл ағайындардың балалары бір-біріне үйленуге болмайды. “Әкемнің өкіл баласы еді” деп Сисембей деген кісіні әкем өмір бойы қатты құрмет тұтып өтіп еді” - дейді белгілі сәулетші С.Назарбекұлы /6/.

Қазақтың тұрмыстық өміріндегі әлеуметтік рөлдер осылайша ерекшелене түседі. Туыстық қарым-қатынастар мен әлеуметтік рөлдердің сипаттылығы мұнымен шектеліп қалмайды, этноәлеуметтік рөлдер арқылы да жан-жақты қырлары ашыла түсері сөзсіз.

Туыстық жақындықтарға байланысты қазақы этноәлеуметтік рөлдер өз сипаттарын заманға сай жақсарта отырып, ұлттық ерекшеліктерді де жоғалтпауға, құндылықтарын бағалауға, оның тәрбиелік маңызын арттыруға үлес қосады.

Қазақ отбасындағы туыстық қарым-қатынастардың сақталуы һәм сыйластық ұлттық этникалық, рухани тұтастықты сақтаудың негізі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Исмагулов О. Этническая антропология Казахстана. А. 1982. 170-б.
2. Маркс.К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. – 3 том. – А.: Қазақстан. 1981. 231-б.

3. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Москва, 2000. –67 с.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы. Дайк-Пресс. 1999.
5. Қоңырбаева С.С. Отбасы: бала мен ата-ана. Алматы, 2006. 35, 37-б.
6. Жігіттің үш жұрты: (туыскандық қатынастар хақындағы әңгімелер жинағы). – Құраст. А.Естенов. – Алматы: Баянжүрек, 2006. 79-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ халқының ұлттық-рухани тұтастығының негізі болып саналатын отбасының әлеуметтік ролі қарастырылған. “Үш жұрт”, “этноәлеуметтік роль” ұғымдарына сипаттама берілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается социальная роль семьи, которая является основой духовно-национальной целостности казахского народа, принципы подготовки детей к семейной жизни, дается характеристика понятиям “үш жұрт”, “этносоциальные роли”.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В РАЗВИТИИ ПОЛИКУЛЬТУРНОЙ ЛИЧНОСТИ

Майгаранова Ш.М. - к.п.н., доцент,
Тусупбеков Н.Ж. – преподаватель (г. Алматы, КазГосЖенПИ)

По данным социологических исследований, серьезной проблемой для общества является растущие среди подростков и юношества безнравственность, цинизм и жестокость. Для такой части молодежи традиционные формы и содержания воспитания не являются значимыми и не дают реальных положительных результатов. Поэтому сейчас, как никогда, необходима эффективная система поликультурного воспитания в процессе социализации детей всех возрастов.

Воспитание как общественное явление представляет собой сложный противоречивый социально-исторический процесс вхождения подрастающего поколения в жизнь общества, общественно-производственную и творческую деятельность, в мир духовности.

Основываясь на поставленных задачах Закона Республики Казахстан «Об образовании», опираясь на «Комплексную программу воспитания в организациях образования Республики Казахстан», наметившей пути обновления школьной воспитательной системы как реализации основных прав детей, провозглашенных в Конвенции Республики Казахстан, Министерства образования и науки и других документов, мы считаем, что поликультурное развитие ориентировано на:

- развитие творческих, духовных и физических возможностей личности, обогащение интеллекта путем создания условий для развития индивидуальности;
- формирование, развитие и профессиональное становление личности, саморазвивающейся, самореализующейся на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики;
- воспитание гражданина, патриота своей многонациональной республики, любящего свой народ;
- формирование личности с богатым духовным, социально-нравственным потенциалом, с развитым экономическим мышлением, способной воспринимать и развивать национальные и мировые достижения во всех сферах жизни казахстанского

общества.

Задача развития и формирования поликультурной с ранней социализацией личности должна решаться определением педагогических возможностей информационных технологий.

Концепция информатизации системы образования Республики Казахстан представляет собой систему взглядов, определяющих основные цели и задачи, направления, пути и механизмы информатизации всех уровней образования. Целью информатизации системы образования Республики Казахстан является:

- формирование творческой личности, характеризующейся высокой информационной культурой;
- обеспечение гарантированной возможности доступа к информационным ресурсам образования;
- повышение качества обучения и подготовки специалистов.

Информационные технологии – это аппаратно-программные средства, базирующиеся на использовании компьютеров, которые обеспечивают прием, представление, хранение, обработку и передачу информации. Информационные технологии обеспечивают интерактивное взаимодействие обучаемого с обучающим и образовательным программным средством, а также проведение тестирования знаний учащихся.

Информационные технологии – это целый раздел информатики, которым должен овладеть не только обучающий, но и обучаемый для использования в дистанционной форме обучения.

В системе образования возникают новые направления учебной деятельности – проектирование и создание компьютерных методик и средств обучения, программно-методических учебных комплексов. Появляется спрос на развитие научных исследований по новейшим направлениям психологии и педагогики, связанный с влиянием информации на человека, применением информационных технологий для развития, обучения и воспитания детей.

Информационные технологии способствуют формированию единого образовательного пространства в рамках всего мирового сообщества. Также они оказывают социализирующее воздействие на личность, а социализация, как известно, является на современном этапе одной из приоритетных целей воспитания.

Воспитание, прежде всего, есть самовоспитание и главная забота воспитателя – обеспечить условия для поддержания целенаправленного процесса самовоспитания. Воспитание, подкрепленное компьютерными возможностями, – это эффективная технология, в основе которой лежит точный, прицельный расчет воспитательных воздействий, сочетание самовоспитания с внешней поддержкой, диагностирование, проектирование сдвигов на каждом этапе, коррекция хода воспитательного процесса. Технология основывается на некоторых новых для нашей педагогики положениях, играющих принципиальную роль. Первое из них – личностная направленность воспитания, второе – самостоятельная деятельность воспитанника. Подобно принципу «природосообразности», они скрепляют все другие принципы, рассмотренные выше. Пока человек не ощутит значения чего-либо для себя лично, он будет относиться к этому индифферентно, безразлично, поймет в лучшем случае умом, а этого для формирования убеждений и поступков мало. Если мы хотим добиться успеха, нужно показать воспитаннику, что это имеет значение лично для него. Например, если убедить его, что он будет знающим, образованным, интеллигентным человеком, то воспитанник обязательно добьется успеха.

Школьное воспитание должно обеспечивать необходимый объем деятельности,

упражнений. Достигается это организацией воспитательных дел, ситуационных игр, моделирующих реальные ситуации.

Условия для осуществления этих принципов создает компьютер. Их внедрение в воспитательный процесс позволяет полно реализовать принцип личностной направленности. Ученик ощущает, что только он единственный и главный объект опеки компьютера - наставника, который заставляет его действовать: искать выходы из ситуаций, обнажить взгляды, мысли, ощущения, имитировать поступки, практически избирать и проверять различные варианты поведения, тут же видеть последствия тех или иных действий.

Таким образом, воспитательные программы, реализуемые с использованием информационных технологий и включением проблемных ситуаций, отличаются большей эффективностью.

Как известно, работа в классе начинается с диагностирования уровня воспитанности учащихся, которое дает классному руководителю информацию об уровне воспитанности классного коллектива в целом и каждого воспитанника, в частности. Главная задача воспитательного диагностирования – установление реального состояния сформированности моральных и социальных качеств учеников, определение критических и рискованных аспектов. На основе диагностирования разрабатывается стратегия и тактика управления воспитательным процессом, программой воспитательных дел.

Технология диагностирования воспитанности должна отвечать ряду важных требований. Она должна быть:

- доступной для массового применения воспитателями всех уровней квалификации;
- экономной – требовать минимум времени и усилий;
- надежной – давать максимально обоснованные выводы;
- информативной – результаты диагностирования должны давать ответы на широкий круг вопросов;
- наглядной – выводы фиксируются в виде графиков, сравнительных срезов, чтобы их можно было анализировать, сравнивать изменения, накапливать.

Всем этим требованиям отвечает компьютерная технология диагностирования класса. Основные показатели класса как системы:

- автономность (самостоятельность) класса – показатель того, как класс, действуя независимо от других классов, самостоятельно определяет свою деятельность и достигает успеха;
- групповой контроль – это характеристика регулирования классом поведения отдельных учеников;
- удовлетворенность от пребывания в классе: показатель – реакция на ожидание встречи с группой;
- гомогенность – уровни объединения школьников в группы вокруг важных в социальном плане проектов. Ее показатели – это такие характеристики, как возраст, пол, принадлежность родителей к определенной социальной группе, интересы, привычки, жизненные ценности и установки;
- сплоченность – как ученики помогают друг другу, знают жизнь своих друзей. Индикатор этого группового признака – прежде всего уровень общения, характер обсуждаемых вопросов;
- участие – сколько сил и времени затрачивает каждый на общегрупповые дела;
- доступность класса – указывает на то, могут ли другие ученики присоединяться к нему для отдыха или каких-либо дел во внеурочное время, выдвигаются

ли при этом дополнительные требования. Индикатор – число учеников, принятых классом;

- поляризация – показатель стремления группы достичь какой-либо известной всем и принятой всеми цели;
- потенциальная возможность – показатель того, насколько группа стала основой для всех членов. Индикатором служит число и характер требований, которые группа удовлетворяет или может удовлетворить. Сами же потребности – свидетельство того, носителем каких ценностей является класс;
- величина класса как количественная характеристика;
- длительность – сколько времени класс существует без изменения состава;
- стратификация – показатель, характеризующий распределение ролей в структуре класса, позицию отдельных школьников;
- целостность, указывающая на единство и прочность объединения, и некоторые другие показатели.

На основе этих стержневых характеристик разрабатывается диагностический анализатор – система конкретных утверждений, охватывающих все стороны жизни и деятельности класса. Компьютерная программа позволяет вводить большое количество утверждений, охватывающих все стороны жизни и критериев, и достигать высокой информативности и достоверности выводов.

Классный руководитель получает диагностическую карту воспитанности класса. В компьютерном диагностировании воспитанности класса принимают участие все ученики и педагоги, преподающие в данном классе. Участие в диагностировании всех заинтересованных лиц способствует высокой объективности выводов. Диагностирование проводится, как минимум, два раза в год – в начале цикла воспитания и по его завершении. Трудно переоценить значение полученной информации. Ее можно использовать для решения разнообразных педагогических задач. Компьютерные программы для школьников, оформленные в виде занимательных игр, позволяют осуществить личностный подход к воспитанию. Завершив увлекательную игру, каждый ученик получает диагностическую карту личной воспитанности, на которой представлены уровни сформированности общечеловеческих качеств на определенный момент. Главная задача диагностирования – привлечь внимание воспитанника к проблемам самовоспитания.

Также для установления уровня воспитанности школьников служат воспитательные тесты, общая идея применения которых состоит в упрочении диагностической основы воспитательного процесса, повышении его практической отдачи. Воспитанникам предлагаются выверенные дела, детерминированные уровнем сформированности личностных качеств воспитанников и проблемами личностного самосовершенствования.

Технология воспитания включает в себя следующие компоненты:

- воспитательное воздействие осуществляется в форме комплексных воспитательных дел, включающих игру, элементы воспитательной беседы и индивидуальные консультации;
- каждое дело начинается компьютерной диагностикой уровня сформированности моральных социальных и других качеств у каждого воспитанника;
- воспитанники овладевают необходимыми для жизни среди людей качествами в системе, учатся познавать себя, узнают о путях самосовершенствования;
- программа личностного самосовершенствования каждого закрепляется индивидуальными консультациями, советами классного руководителя.

Для этого в классе должны быть компьютеры с программой для диагностиро-

вания определенных морально-этических качеств. Пакеты компьютерных программ должны быть составлены так, чтобы охватить поликультурные воспитательные процессы с начала V и до окончания IX класса.

Тестирование длится 12-15 минут. Каждый получает оценку сформированности определенного качества, а также скупые компьютерные советы по программе самосовершенствования. После завершения игры учащиеся начинают, как правило, обмениваться впечатлениями, интересуются результатами тестирования друг друга, высказывают пожелания, задают вопросы классному руководителю, проявляют инициативу.

Таким образом, на эффективность и результативность процесса воспитания существенно влияет подключение информационных и компьютерных технологий.

Информатизация системы общеобразовательной школы и компьютеризация школ требует программного обеспечения педагогического процесса. Гуманизация содержания целостного педагогического процесса заключается в обеспечении понимания и эмоционального восприятия ценности человека, а также способствуя тому, что все субъекты этого процесса (учителя, школьники, коллектив учащихся, родители) овладевали практическими навыками гуманистического поведения.

Смысл гуманизации и гуманитаризации содержания образования и воспитания заключается в том, чтобы найти природосообразные дидактические принципы – систематизации, интеграции – и воплотить их в природосообразной технологии обучения, приводящей ребенка от эгоизма и эгоцентризма к любви к себе, и своему жизненному миру, к формированию культуры обучения и воспитания. Большое значение придается формированию мировоззрения поликультурного индивида, в основе которого заложены нравственные, рационально-познавательные, индивидуально-значимые, социальные ценности.

Качества личности в обобщенной форме представляют собой устойчивое состояние деятельности и определяют отношение человека к природе и обществу, государственной и частной собственности, к труду, к окружающим людям и к самому себе. Содержательная сторона, направленность действий и поступков характеризует человека и его воспитанность. С позиции методологии системного подхода отдельные качества, раскрывающие отношение человека к природе и обществу, к собственности, труду, отношение к людям и принципиально-требовательное к самому себе, вступая во взаимодействие, рождают новое свойство – воспитанность личности.

Воспитанность - интегративное свойство личности, представляющее собой совокупность достаточно сформированных личностных качеств, в обобщенной форме отражающих систему социальных отношений человека. Воспитанность характеризуется положительными личностно и социально значимыми качествами. Преобладание же отрицательных черт в поведении определенной личности позволяет говорить о ее невоспитанности.

Воспитанность включает культуру поведения (повседневные нормы поступков), этикет (их регламентированные формы) и манеру общения. Для воспитанного человека самосознание, ответственность за свои дела и поступки являются определяющим мотивом поведения.

Социально ценными можно назвать лишь действия, совершаемые человеком осознанно, самостоятельно, намеренно. В таком понимании показатели эффективности воспитательной системы иллюстрируют проявление гражданских и нравственных качеств личности.

Опытный учитель способен разработать диагностические программы изучения младших школьников, подростков, старшеклассников. Функция педагога-воспитателя

состоит в том, чтобы своевременно получить соответствующую информацию о протекании процесса воспитания для дополнительных действий. Возрастная и индивидуальная характеристики воспитанности нередко не совпадают. Поэтому, чтобы управлять процессом воспитания, надо иметь возможность отслеживать продвижение школьников в их нравственно-волевом развитии, что требует создания соответствующих диагностических программ (методик).

Итак, анализ психолого-педагогических и методических источников показал, что Концепция информатизации системы образования Республики Казахстан в основном ориентирована на реализацию проблем обучения. Использование информационных технологий для решения проблем воспитания мало изучено и разработано российскими и зарубежными учеными в виде компьютерных диагностик и тестов, которые нуждаются в последующем совершенствовании и дополнительных разработках.

В Казахстане подобные прикладные работы не проводились, то есть не существует практических методик диагностирования, анализа проблем воспитанности детей. Влияние же информационных технологий на их воспитанность не вызывает сомнений и требует дальнейших научных и прикладных исследований.

ЛИТЕРАТУРА

1. Комплексная программа воспитания в организациях образования Республики Казахстан. – Астана: МОН РК, 2000. -28с.
2. Концепция информатизации системы образования Республики Казахстан. – Астана: МОН РК, 2000. -12с.
3. Подласый И.П. Педагогика (учебник для студентов вузов). – М., 1996.
4. Столяренко Л.Д. Педагогика. Учебник для педколледжей. -Ростов-на-Дону, 2000.
5. Шилова М.И. Учителю о воспитанности школьников. – М.,1990. - 144 с.
6. Шилова М.И. Мониторинг процесса воспитания школьников. // Педагогика. -№5. - 2001. – С.40-45.

РЕЗЮМЕ

В статье представлены педагогические возможности информационных технологий в развитии поликультурной личности школьников.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада ақпараттық технологияның педагогикалық мүмкіндіктері арқылы мектеп оқушыларын мәдени дамытуы көрсетілген.

ЛОГИКО-КОММУНИКАТИВНЫЕ ПРОГРАММЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ МОНОЛОГИЧЕСКОМУ ВЫСКАЗЫВАНИЮ

Манапова Г.К. – старший преподаватель (г. Алматы, КазГосЖенПИ),
Манапов Е.К. - преподаватель (г. Алматы, АТУ)

Одна из задач, стоящая перед преподавателями иностранного языка в вузе состоит в том, чтобы научить студентов иноязычным высказываниям, которые должны быть аргументированны, разноструктурны, логичны. Немаловажное значение имеет и личное отношение говорящего к предмету разговора. Формировать такое высказывание не просто по многим причинам. Это ограниченный объем программного материала, ограниченные временные возможности общения на иностранном языке, личностные особенности студентов и преподавателей, их лингвистический опыт на родном и

иностранном языке и т.д. Особенно актуальным становится вопрос об управлении процессом обучения монологическому высказыванию. Определяя границы управления, важно принять во внимание основные трудности, которые испытывают студенты при формировании и формулировании высказывания.

Одни из них возникают тогда, когда студент плохо ориентируется в том, *что* можно сказать в данной ситуации. Другие связаны с незнанием того, *как* построить суждение: с чего начать, что сказать далее, чем завершить. Монологическая речь – речь развернутая, для осуществления которой необходимо предвидение не только предстоящего суждения, но и всего сообщения в целом. Логичность и обоснованность суждений выражается в композиционно-смысловом единстве текста, а именно: наличием в нем зачина, аргументирующей части и заключения. Кроме того, необходима связь внутри каждой части.

Необходимо сказать о сложности ситуации, в которой оказывается изучающий иностранный язык. Его внимание распределено одновременно на несколько объектов: определение содержания высказывания, отбор и фиксация языковых средств, установление и удержание в памяти логической последовательности высказывания, его реализация во внешнем плане. Важно помочь студентам упорядочить мысли, внести ясность в решение поставленной коммуникативной задачи, дисциплинировать поиск средств для ее решения. Большую роль в разрешении данной проблемы играет наглядность. Психологи утверждают, что «единственно возможным способом увеличить объем памяти может быть переработка информации – объединение, группирование запоминаемых символов и введение новой символики, т.е. перекодирование». Таким образом, перед преподавателем возникает задача составления и использования визуальных опор с функцией управления обучением иноязычному высказыванию. В качестве такой опоры на уроках нами используются логико-коммуникативные программы (ЛКП), в которых наиболее полно представлена логическая последовательность мысли, а смысловое содержание задано частично. Следовательно, внимание говорящего более всего направлено на раскрытие смысла суждения.

Логико-коммуникативные программы состоят, как правило, из трех частей: 1- начало высказывания, 2- аргументирующая часть, 3- завершение суждения.

Может возникнуть вопрос: не ограничивают ли ЛКП творчество студентов в формулировании речевого высказывания? По нашему убеждению, формирование и формулирование мысли по опорам невозможно без индивидуального творчества студентов. Тот факт, что по одной ЛКП получены различные по лингвистическому и смысловому содержанию суждения, подтверждает сказанное. Ограничение некоторых факторов логико-коммуникативной программы (тема, направленность содержания, заданность некоторого смысла, логическая последовательность) вызвано постановкой специальной задачи *учить* студентов формулировать иноязычное высказывание. В то же время, следует обратить внимание на то, что указанная жесткость нивелируется в значительной степени наличием в ЛКП различных речевых и неречевых средств. Это позволяет осуществлять дифференцированный подход к студентам, использовать их личностные свойства: воображение, мышление, память, а также учитывать индивидуальный уровень обученности иностранному языку.

Структура и содержание ЛКП дают возможность вовлекать в работу большое число студентов одновременно и организовывать коллективную деятельность, наиболее ярко отражающую особенность предмета «иностранный язык», а именно его коммуникативную направленность. Высказывания студентов, сформулированные по приведенной программе, отличаются логической последовательностью, доказательностью, целостностью, полнотой.

Придавая большое значение использованию логико-коммуникативных программ,

Нельзя, однако, не отметить, что формирующее влияние среды во многом носит стихийный характер и сказывается на развитии личности в зависимости от того, какие из этих влияний и как она воспринимает. Один человек, например, более чувствителен к положительным влияниям, другой же находится под воздействием отрицательных. Воспитание же мыслится как специально организованный и содержащий положительное влияние педагогический процесс. В этом, несомненно, состоит одно из его преимуществ по сравнению с формирующим влиянием среды. Больше того, такие стороны развития личности, как ее образование, мировоззренческое и нравственно-эстетическое формирование, в современных условиях не могут быть обеспечены без специально организованного воспитания. То же самое относится к природным склонностям и задаткам растущего человека. Без целенаправленного воспитания они не могут получить своего развития.

Хуже обстоит дело с возбуждением активности школьников: она далеко не всегда должным образом стимулируется и поддерживается. В этом коренятся основные трудности школьного воспитания, низкая успеваемость и снижение дисциплины. И вот здесь мы вступаем на педагогический перекресток, где сталкиваются авторитаризм и подлинное воспитание, примитивизм и воспитательное искусство. К сожалению, во многих случаях берет верх не искусство, а авторитарный и примитивный прямолинейный подход к детям, сведение воспитания к различным проработкам, упрекам, окрикам и жалобам родителей. В итоге получается, что вместо стимулирования активности школьников процветает неприкрытое принуждение. Сбивают с толку легкость применения и внешне оперативная воспитательная эффективность этих мер, идея же саморазвития личности предается забвению.

Но в воспитании легкие пути не всегда приводят к желаемым и быстрым результатам. Слишком сложным, многоплановым и трудным является этот процесс. Каковы же его педагогические механизмы и методические основы? Внешние влияния и воздействия возбуждают активность личности и стимулируют ее к саморазвитию

только при условии, если они вызывают у нее переживание внутренних противоречий между достигнутым и необходимым уровнем в овладении знаниями, практическими умениями и навыками, способами творческой деятельности и способствуют формированию соответствующих потребностей. Только через механизмы этих внутренних противоречий и формируемых на их основе потребностей, мотивов, интересов и установок личности возможно осуществлять ее воспитание.

В распоряжении учителей имеются разнообразные способы и методики создания педагогических условий, в которых у учащихся возникает переживание этих внутренних противоречий и происходит формирование потребностно-мотивационной сферы. В обучении - это новизна изучаемого материала, создание проблемно-познавательных ситуаций, использование ярких примеров и фактов, применение эвристически-поисковых и исследовательских приемов учебной работы, а также разнообразие методов овладения знаниями, практическими умениями и навыками, педагогический контроль и т.д. В системе внеурочной воспитательной работы к этим способам и приемам относят: ее высокую содержательность, разнообразие форм, постоянное их обновление, опору на самостоятельность и самостоятельность учащихся, расширение общественно-полезной деятельности и внешкольных связей, придание проводимым мероприятиям романтической направленности, дискуссионности, увлекательности и т.д.

С этой точки зрения различные отклонения в учебной работе и поведении учащихся следует рассматривать только сквозь призму их потребностей и мотивов деятельности. Если, например, иной из них забрасывает учение, то в школе нередко говорят, что он не хочет учиться, хотя правильнее было бы сказать, что у него нет потребности в учении, в знаниях. Это ориентировало бы учителей не на различные проработки и жалобы родителям, как это зачастую бывает, а на обращение к потребностно-мотивационной сфере таких ребят и оказание им оперативной и действенной помощи в преодолении наметившегося отставания. Поскольку оперирование указанными методиками и приемами, как и воспитание в целом, исходят от учителя, его педагогическое влияние теснейшим образом связано с тем, как относятся к нему учащиеся, пользуется ли он у них авторитетом и уважением.

Воспитание неотделимо от личности педагога. Влияние авторитетного и любимого детьми воспитателя воспринимается совсем по-другому, чем то, что говорит презираемый, чуждый им человек. Самая прекрасная идея в его устах становится ненавистной. Вот почему правильно говорят, что воспитатель - это во многом эффект взаимной благожелательности и искреннего доверия, которые устанавливаются между учителем и учащимися и повышают восприимчивость и чувствительность последних к его педагогическому влиянию. Заслужить это уважение и любовь учитель может не только своей эрудицией и педагогическим умением, но уважительным отношением к детям, проявлением чуткости, гуманности, демократизма и заботы о них в сочетании с тактичной требовательностью.

Проявление уважительного и гуманного отношения к воспитанникам в сочетании с требовательностью к их работе и поведению А.С.Макаренко считал важнейшим принципом воспитания. Голое же побуждение, окрики, различные упреки и проработки, а также жалобы родителям травмируют психику учащихся, вызывают у них негативные переживания, а иногда и нескрываемые озлобления и порождают отчуждение от учителя, подрывают его авторитет, что лишает его положительного воспитательного влияния.

Иногда высказывается сомнение относительно требовательности к учащимся, поскольку она якобы противоречит современному подходу к воспитанию, необходимости его гуманизации и расширению демократизма в отношениях между

педагогами и детьми. Действительно, требования выступают как метод непосредственного побуждения учащихся к коррекции и улучшению своего поведения, соблюдению установленного в школе порядка. Обойтись без них невозможно, если учитывать неустойчивость поведения формирующейся личности, ее легкую подверженность не только положительным, но и отрицательным влияниям. Требования в этих случаях служат для нее своеобразным стимулом к совершенствованию своих действий и поступков, тормозят нарушение правил поведения. Тем самым они расширяют возможности педагога в формировании у своих питомцев потребностно-мотивационной сферы, способствуют укреплению их воли и характера.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о необходимости применения эвристически-поисковых и исследовательских приемов в учебной работе, а также приводятся разнообразные методы овладения знаниями, практическими умениями и навыками.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада эвристикалық зерттеу тәсілдерін оқыту барысында қолдану қажеттігі көрсетілген және білімді меңгерудің түрлі әдістері қарастырылған.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Сыпырындиева Г.Қ. – оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Тәуелсіз ел болып, өз алдына дербес мемлекет алғанымыз үлкен жетістік. Ендігі жерде жас мемлекетіміздің әлем кеңістігінде өркениетті ел ретінде танымал болып, экономиканы өркендетіп, халықтың әлеуметтік жағдайын, білімі мен ғылымы, өнері мен мәдениетінің өркендеп, әлеуметтік жағдайы дүние жүзі мемлекеттерімен теңесуі жолында аянбай тер төгіп, мағыналы да, маңызды жұмыстар атқару - республикамыздың әр азаматының парызы. Сондықтан бүгінгі таңда өмірдің жалғастырушысы - ертеңгі болашағымыз ел мен жердің иесі - жас ұрпақты лайықты тәрбиелеп өсіріп, сапалы білім беру қажеттілігі туындайды. Осы орайда шетелдік тәжірибенің де маңызы зор.

1961 жылдан қытай елінің оқу-ағарту жұмысы қайтадан дұрыс даму жолына түсті. Бірақ бұл баянсыз болды, он жылдық “мәдени төңкеріс” оқу-ағарту қызметін тарихта болып көрмеген апатқа ұшыратты. Оқу жүйесі мейлінше қысқартылды. Сөйтіп, социалистік мектептерді дерліктей күйреу жағдайына түсірді.

1962 жылы білім беру жүйесіне реформа жасағанда мектеп ағартуы өндіріс үшін қызмет істеуі қажет деген мақсат қойылды. Бұл реткі қарарда мынындай басты мәселе ортаға қойылды: 9 жылдық міндетті оқу-ағартуды жалпыластыру, орта дәрежелі оқу-ағарту құрылымын ретке салу, жоғары дәрежелі мектептердің мектеп құру билігін кеңейту. Осылардың барлығы Қытай елінің қазіргі оқу-ағарту құрылымында сақталып отырған бастауыш оқу-ағартудың әлсіздігі, орта дәрежелі оқу-ағарту құрылымында салыстырманың теңшелмегендігі, жоғары дәрежелі оқу-ағартудағы пән салыстырмасының үйлесімсіздігі қатарлы мәселелерді көзде ұстап, ортаға қойған. Сайып келгенде, мұның өзі оқу-ағартудың социалистік құрылыс үшін қызмет істеу мәселесін шешу болып табылады. Экономикалық құрылымға реформа жасау Қытай халық республикасындағы социалистік өндіргіш күштің қарыштап дамуына даңғыл жол

ашты. Шаруашылықтың дамуы түрлі дарындыларды қажет етті. Ал, дарындыларды тәрбиелеп жетістіру оқу-ағартуға иек артты. Шаруашылық, дарынды, оқу-ағарту сынды үш тізбек формуланы адамдар барған сайын түсінді және оған мән беріп отырды.

Мектеп басқаруда шындықты негізге ала отырып, алуан түрлі форма қолдану Қытай халық республикасының ерекшелігі жері кең, жан саны көп, негізі әлсіз, жержерінің даму өресі де біркелкі емес, сол үшін өлі түрде бірлікке келтіру барлық істі бір қалыпқа салу мүмкін емес әрі біркелкілікті, әрі икемділікпен алуан түрлілікті іске асырып, екеуін органикалық түрде ұштастыруды талап етеді.

1963 жылы Қытай халық республикасы коммунистік партиясы орталық комитеті оқу-ағарту қызметі жөніндегі нұсқауда, үшті ұштастыру, алтыны қатар жүргізу, бағыт саясатын алға қойды. Сөйтіп Қытай елінде шынның жүзі барысында біркелкілікті дәріптеу, алуан түрлілікке немқұрайды қараудай жаңа типтегі тұрақтылық, жағдайы жарыққа шыққан. 60 жылдардың алғашқы мезгілінде осындай мәселелер жарыққа шыққан. Қерісінше, 1968 жылы оқу-ағартудағы ұлы төңкерісте алуан түрлілікті дәріптеу, біртұтастыққа немқұрайды қарау мәселесі қайта жарыққа шықты. Нәтижеде көптеген жаңа құрылған мектептер лайықты өлшемдерге үйлеспей қалды. Қытай халық республикасының мемлекеттік мектеп басқаруы мен бұқараның мектеп басқаруы сынды екі белсенділікті сәулелендіру. Бұл мәселе бүкілдей оқу түзімін жасау принципі болмағанмен ол оқу түзімінің дәйекті атқарылуына қатысты келеді. Қытай халық республикасының міндеті оқу-ағарту заңында мемлекет тоғыз жылдық міндетті оқу-ағартуды жолға қойды деп белгіленген. Сонымен бірге мемлекетт әр түрлі қоғамдық күштер мен әрбір жекені өздігінен жылу жинап, қаражат көмек етуге шабыттандыру керек деп атап көрсеткен. Қарарда тағыда бүкіл партия, бүкіл қоғам және бүкіл ел халқы жұмылып, оқу-ағарту құрылымына реформа жасауға көңіл бөліп әрі оны қолдап, қуаттап, оқу-ағарту істерін дамыту керек деп атап көрсеткен. Демократик партия – топтарды, халықтың ұйымдарды, коллективтерді және жекелерді оқу-ағарту істерін дамыту жолында белсенділікпен өздігінен күш қосуға шабыттандырған. Осындай үлкен Қытай халық республикасында коллективтің бұқараның мектеп басқару белсенділігін сәулелендіруге көңіл бөлмей, оқу-ағарту істерінің барлығын мемлекет өзі баурап алса, оқу-ағарту істерін көп, тез, жақсы және үнемшілдік қолдана отырып, дамыту мүмкін емес, сондықтан орталықтың біртұтас басшылығында бұқараның мектеп басқару белсенділігін сәулелендіріп, орталықпен жергілікті орынның мемлекетпен коллективтің мектеп басқару жекелердің мектеп басқарудағы қарым-қатынасын дұрыс шешіп, әр үлес күштен пайдалана отырып, барлық жақтың белсенділігін толық жұмылдыру керек деген.

Әрине, жақындағы жылдардан бері Қытай халық республикасында мемлекеттің мектеп басқаруын дәріптеп, бұқараның мектеп басқаруына немқұрайды қарайтын немесе бұқараның мектеп басқаруын дәріптеп, мемлекеттің біртұтас басшылық етуіне немқұрайды қарайтын жағдайлар болды. Сондықтан жаңа түзімнің белгіленуі, оқу-ағарту істерінің дамуы, сөзсіз орталықтың біртұтас басшылығында болуы, бұқараның мектеп басқару белсенділігін дұрыс сәулелендіру, табан тірер тиянақты қазірге қор, болашаққа назар салу, алды-артына ой жіберу, жаппай жоспарлап орналастыру, сөйтіп, оқу-ағарту істерінің қалыпты арнаға тсіп, жоспарлы, салыстырмалы, райондар бойынша сатылы түрде алға қарай дамыту керек деген.

1978 жылы 9 айдағы партияның 12 құрылтайында оқу-ағарту шаруашылықты дамытудағы стратегиялық маңызды түйіндердің қатарына қойылды. Осыдан кейін партия орталық комитеті кеңкөлемді пікір алу негізінде партия орталық комитетінің оқу-ағарту құрылымына реформа жасау жөніндегі қарарын жасап шықты. Бұл қарарда Қытай елінің оқу-ағарту істерінің дамуы барысындағы басты мәселелерге

талдау жасалып, оқу-ағарту сөзсіз социалистік құрылыс үшін қызмет істеуі, социалистік құрылыс, сөзсіз оқу-ағартуға сүйенуі тиіс деген бағытты айқын ортаға қойып, тәрбиелеп-жетістірілетін дарындылар мұратты, мұралды, мәдениетті, тәртіпті, социалистік отанды және социализм істерін қызу сүйетін мемлекетті байыту, құдіреттендіру және халықты ауқаттандыру жолында ерлікпен күрес жүргізудей өзін арнау рухына ие болуы жаңа білімдерді үздіксіз ізденуі, шындықты іс жүзінен іздеу, дербес ой жүгірту, беталдықпен жаңалық жарату сынды ғылыми рухқа ие болуы керек дегенді шынайы орнатты. Сондай-ақ тоғыз жылдық міндетті оқу-ағартуды жалпыластыру, орта дәрежелі мектептерді кеңейтіп, құру блік ұқығы сияқты мәселелерге нақтылы белгілеме жасады.

Қытай халық республикасының президенті Цыңшиаңпиң жолдас 1980 жылы 11 айдың 19 күні бүкіл мемлекеттік оқу-ағарту қызмет мәжілісінде сөйлеген сөзінде қазір бастауыш мектептің бірінші жылдығындағы балалар он неше жылдық мектеп тәлім-тәрбиесін алу барысында 21 ғасырдағы игілік істерді жарататын тың күштерге айналады, партия орталық комитеті оқу-ағартуды аса зор тырышандықпен ұстауды орта, бастауыш мектептен бастап ұстауды талап етіп отыр. Бұл стратегиялық көзқарас есептеледі. Егер қазір бүкіл партияның алдына осы міндетті қоймасақ ұлы істерді кешіктіреміз, тарихи жауапкершілік үстімізге артылады деп айрықша атап көрсеткен. Цың Шианпиң жолдас осы мәселені тарихи ауыр міндет ретінде қарап, мемлекетпен ұлттың болашағына қатысты өреге көтеру арқылы бүкіл партия мен бүкіл ұлттың орта, бастауыш мектеп оқу-ағартуын жалпыластыру танымын жоғарылатты.

Кезекте анағұрлым көп адамдар социалистік құрылыс, сөзсіз оқу-ағартуға сүйенуі керек деген қағиданы күн сайын ұғынуда, сол себепті социалистік осы замандандыруды жүзеге асыру шешуші түйін, ал оқу ағарту ғылым-техниканы дамытудың негізі, бастауыш мектеп оқу ағартуы осы негіздің негізі. Сөйтіп, міндетті оқу-ағарту заңының жариялануы және дәйекті атқарылуы Қытай халық республикасының бастауыш мектеп оқу ағарту жұмысының жалпыласуының жаңа бір кезеңге қадам тастағандығын әрі әр ұлттың ғылыми-мәдени сапасының тың өреге көтерілетіндігін бұдан былайғы қоғамның дамуы мен ғылымның ілгерілеуінде аса терең әсер тудыратындығын әйгіледі.

Сонымен Қытай халық республикасы коммунистік партиясы орталық комитетінің оқу-ағарту құрылымына реформа жасау жөніндегі қарарында бастауыш мектеп оқу-ағартуын дамыту жауапкершілігін жергілікті орынға тапсырып, тоғыз жылдық міндетті оқу-ағартуды сатылы түрде жүзеге асыру керек деп айқын атап көрсеткен. Міне, бұл Қытай халық республикасындағы қазақ мектептерінің дамуына ықпал еткен саяси-әлеуметтік ахуалдар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қытай халық республикасының «Білім туралы заңы». 1993. 3 б.
2. Педагогика. Орта дәрежелі педагогикалық мектептердің оқулығы. Ұрімжі, 1983.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қытай Халық Республикасындағы қазақ мектептерінің даму мәселесі қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены вопросы развития казахских школ в Китайской Народной Республике.

ҚАЗАҚ БАЛАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ОРНЫ

Тәжібаева С.Ғ. - п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қоғамның рухани-адамгершілік мәселелері ҚР білім беру мекемелерінде тәрбие жүйесі мәселелері көбінесе мемлекетіміздің соңғы 15 жылда басынан өткізген әлеуметтік өзгерістеріне байланысты. Әлеуметтік құрылымның өзгеруі, кеңестік идеологиялық институттардың жойылуы, нарықтық қатынас, қоғамда қалыптасқан рухани өмірдің бұзылуы, “өз ойыңды еркін айту керек дегенді”, “бәрін істеуге болады” деген ақпарат құралдарының әсерінен идеологиялық вакуум пайда болып ізгілікке қарсы идеялардың көзқарастардың, құбылыстардың (нашақорлық, алкоголизм, жыныстық көргенсіздік, жеке бастық прагматизм, арсыздық және т.б.) дамуына әкелді. Бұлар біздің жастарға кері ықпал жасайды.


Мектептің тәрбие процесіне өзгерістер енгізу керектігі қазақ баласының ұлттық келбетін қалыптастыру қажеттілігінен туындап отыр. Себебі, жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, қазақ баласының ұлттық келбетін қалыптастыруды шешудің бір жолы мектепте. Осы бағытта білім беру, тәрбие процесін ұйымдастыру тәсілдерін іздеу мақсатында біз Алматы қаласының эстетикалық бағыттағы 119 мектеп ұстаздарымен 2003-2007 ж.ж. аралығында жұмыс жүргізудеміз.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары бойынша еліміздің Президенті Н.Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жазады: “Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенің біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...”. Осы қағиданы әр ұстаз басты мақсат етіп алдына қойса, оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда әр ата-ана мектепке көмек берсе, сонда ғана президентіміздің қойған мақсатының бәсекелестікке сай 50 елдің қатарына кіруге еңбек ететін 21 ғасырдың азаматын тәрбиелейміз.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз.

Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: *рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жән-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады.*

Оқушының ұлттық қасиеттері: *меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік,* т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Мысалы, қазақ баласының ұлттық келбетін қалыптастыруда, мына моделді ұсынамыз (сурет 1).



Сурет 1.

Осыған орай мұғалім (тәрбиеші, сынып жетекшісі, ата-ана) қазақ баласының келбетін қалыптастыруда мектеп тәрбие жұмысында төмендегідей *қасиеттер мен қабилеттерді* қалыптастыруы керек:

- өзгеріп жатқан өмір жағдайларына бейімделе білу;
- әлеуметтік-саяси жағдайда, өз көзқарасы мен сеніміне, идеалына және ізгіліктік құндылықтарға сүйене отырып мақсат қоя білуі керек;
- ұлттық санасы, азаматтылық отангерлік қасиеттері болып елінің экономикалық және мәдени дамыған, әлемдік қоғамда сай орны бар зиялы мемлекет болып қалыптасуына қатысуға талпынуы керек;

- заңды сыйлап және әлеуметтік жауапкершілікті болуы қажет, азаматтық ерлігі, ішкі еркіндігі мен өзіндік ар-намысы болуы керек;
- өзін объективті бағалайтын және өзін дамытатын қабілеті болуы керек, өз потенциалын (қабілеті, мүмкіншілігін) сезініп, оны іске асыра білуі керек, өздігінен шешім қабылдап, оны шеше білуі керек, алдына мақсат қоя білуі қажет және не нәрсенің алдын ала білуі қажет;
- өмірде бар жағынан жоғары әлеуметтік белсенді болуы керек, жаңаны іздеуге өмірлік және кәсіптік мәселелердің стандартты емес шешімдерін табуға, әлеуметтік-экономикалық жағдайда бәсекелестікке қабілетті болуы керек;
- жанашыр, өнегелі, парасатты, басқа ұлтты, басқа діндегі, басқаша ойлайтын адамға шыдамсыздық пен жаугершілік көрсетпейтін қабілеттері болуы керек;
- өз денсаулығын қалпына келмейтін өмірлік ресурс ретінде бағалау;
- әлемдік және ұлттық мәдениет байлықтарын бағалай білуі керек.

Жан жақты жарасымды дамыған, көркіне ақылы сай, адамгершілігі мол жігіттің сұлтаны, асыл ару тәрбиелеу халық арманы. Жан жақты дамыған нағыз ел қамын, жер ер-азамат тәрбиелеу қазақ мектебінің басты мақсаты болуы керек екенін әр ұстаз есінде сақтау қажет.

Бұл жалпы адамзаттық, құндылыққа негіз болар деген оймен қазақ баласының келбетін тәрбиелеу схема түрінде беріп оты

Қазақ баласының келбетін тәрбиелеу дегеніміз – бұл мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие процесі үрдісінде, өзін-өзі тәрбиелеуде, өздігінен білім алуда іске асатын ата-ананың көмегімен, оқушылардың жеке көзқарасы, адамгершілік нормасы, жалпы мәдени кәсіптік қабілетінің жасалуына бағытталған мектеп ұжымының іс әрекеттері арқасында іске асады деп білеміз (С.Ғ.Тәжібаева).

Оқушылар бойына ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, сақтауға тәрбиелеуде белгілі әлемдік, отандық ғалымдарымыздың еңбектеріне тоқталып өтелік.

Белгілі педагог К.Ушинский “Халықтың (этностың) тәжірбиесінде педагог та жоқ, педагогика да жоқ” дейді. Ал Аристотель “Біз бала тәрбиелеуде халық тәжірбиесіне сүйенеміз” деп жазады.



Сурет 2.

Отандық ғалымдарымыздың бірі Қ.Жарықбаев “Еліміз бен жеріміздің түпкілікті иегері – қазіргі қазақтардың психологиясында осы этносқа ғана тән біртұтас ұлттық ерекшелік бар деп айту қиын. Өйткелі, қазақ этносының бүкіл тыныс-тіршілігінде, отбасындағы әдеп-ғұрып пен салт-санасында көрініс беріп жүр. Бірақ, кейбіреулер айтып жүргендей, бұрын жылқы мінез болып, енді қой мінезі болған жуас, намыссыз халық емеспіз” деп тұжырымдайды.

Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін білімді болу міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Кәсіптік-мұрагерлік әдеп (мәдениет) сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді.

Білім беру мен тәрбиелеудің мақсатын айқындау үшін қазақ білімпазы Ж.Аймауытовтың мына сөздерін еске алған жөн. Ол “Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек” деген екен.

Ойымызды қорыта келе, құрметті ұстаз қауым Бала бидің сөзін естеріңізге түсіргім келеді:

“Жерден ауыр дегенім – ақыл-білім,
Судан терең дегенім – оқу-ғылым,
Оттан ыстық дегенім – адамның өмірі,
Көктен биік дегенім – шәкірттің көңілі!” –

осы ойды дамытуда ақиқат шындықпен іштей бірлік тауып, үйлесімді жұмыс жүргізілсе, сіз жүргізген тәлім-тәрбие, білім нәтижелі болмақ. Ұстаз үшін еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ!

Егер осы мәселеге байланысты жұмыс жүргізем деген мектеп басшылары бізбен хабарласуларыңызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тәжібаева С.Ғ. Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2003.
2. Тәжібаева С.Ғ. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2004.
3. Тәжібаева С.Ғ. Қалиева Г.И. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. – Алматы: ҚазҰПУ, 2005.
4. Тәжібаева С.Ғ. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тұжырымдамасы. Алматы: “Қазақстан мектебі № 3”, 2007.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада жалпы адамзаттық құндылықтарға сүйене отырып, қазақ баласының ұлттық келбетін қалыптастырудың бір жолы - мектепте оқу-тәрбие процесін ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о необходимости научного подхода к учебно-воспитательному процессу при воспитании общечеловеческих ценностей.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАЛҒАН МОДЕЛІ

Төлебаева Ж.А. – п.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Қазақстан жоғары мектебі әрдайым жоғары білікті маман кадрлар дайындау институты ғана емес, қазақстандық зиялыларды тәрбиелеу институты болып келді. Жоғары білім алған қазақстандық маман әрқашан жоғары азаматтық сапасымен, Отанға қызмет етуге даярлығымен, жоғары әлеуметтік жауапкершілігімен ерекшеленуге тиіс.

Қазіргі білім парадигмасының өзгеруіне мемлекеттің, қоғамның дамуында жаңа бағдар қалыптастыратын мәдениеттің ауысуына алып келген әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ықпал етті. Білімнің тоқырауы - барлық әлеуметтік саладағы секілді жаңарудың тоқырауы. Білім жүйесі нарықтың қатаң заңдарына дайындау, нарықтың тұрақсыздығы жағдайындағы бәсекелестіктен балалар мен жастарды, сондай-ақ педагогтарды қорғау қызметін атқара бастайды.

Педагогикалық университет жағдайында ұйымдастырылатын әлеуметтік-тәрбие жұмыстары тәрбие жағдайын әлеуметтік-құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағынан тиімді іске асыру мен болашақ мамандардың білім саласында, оның ішінде студенттік ортада теріс әлеуметтік мәселелерді жеңу жолында кешенді жұмыстар арқылы өздерін жан-жақты танытуға бағытталуы тиіс.

Университеттік білім проблемалары жан-жақты теориялық талдау нысанына айналды. Мысалы, шетелдік ғылымда: Д.Ньюмен, В. фон Гумбольд, Хосе Ортега-и-Гассер, К. Ясперс, Э. Дюркгейм, Р.Хатчинс, К. Керри еңбектері, отандық педагогика классиктері – М.В.Ломоносов, И.И. Бецкий, Н.И. Пирогов, К.Д.Ушинский және басқалардың еңбектері.

Қазіргі уақытта Қазақстанда ескірген оқу-пәндік білім моделінің орнына тұлғаға бағытталған модель келуде. Мемлекет пен қоғам алдында жүйені, әдіснаманы, білім мазмұны мен әдістерін, педагог кадрларды даярлауды жетілдіру міндеттері тұр. Қазіргі шындық пен қоғам талаптарына орай, болашақ ЖОО оқытушыларын кәсіби-педагогикалық жағынан дайындаудағы басты міндет ретінде шығармашылық-ғылыми ерекшеленетін мұғалімнің жеке тұлғасын дамыту мен қалыптастыруды алуымыз керек.

Болашақ педагог шығармашылығы негізгі теориялық білімдер жиынтығын кешенді әрі вариативті қолдану мен практикалық білік, проблеманы көріп, оны шешудің жолын ойластыру, тәрбиеленушіні түсіну, оның позициясын қолдауға дайындық, педагогикалық рефлексияға, әр түрлі педагогикалық жағдайда өзіне-өзі сын көзбен қарауға қабілеттілік.

Бірақ, ЖОО, атап айтқанда университеттер өмір шарты әрі тәрбиеленуші тұлғасын қалыптастыру үшін дамытушылық және тәрбиелеушілік орта қалыптастыруға қабілетті маман дайындауға емес, оқу апаратын жеткізуші және оны меңгеруді бақылаушы пән мұғалімін дайындауға бағытталады. Студент, бұрынғыша, жалпылама педагогикалық өндіріс процесінің нысаны болып қала береді, оның шығармашылық жеке тұлғалық қасиеттері қалыптаспайды, бұрынғыша болашақ маманды «жекелеп» дайындау жағдайы жасалмаған.

Қоғамға қазірде кәсіби педагогикалық қызметке дайындығы бар маман ғана емес, өскелең ұрпақтың қабілетін ашып, өзін-өзі таныта білуіне жағдай жасайтын қалыптасқан шығармашыл тұлға қажет.

Тұлғаның шығармашылықпен танылуына үйрететін тұғырнамалық негіз А.Абдуллин, Р.М.Қоянбаев, А.Қадыров, С.Н.Полянский /1/, К.Аманқұлов еңбектерінде ашылады, педагогикалық практиканы дайындау мен өткізудің әр түрлі аспектілеріне О.А. Абдуллин, Л.В. Борикова, С.Б. Елканов /2/ еңбектерінде баса мән беріледі.

Студенттердің педагогикалық практикасы тәжірибесіне талдау маман

дайындауда төмендегідей кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді:

- болашақ маман дайындауда ұзақ жылдар бойы қалыптасқан стереотип (таптаурын үрдіс) студенттерді олардың тәжірибесін қайталауға бағыттайтын және өзінің шығармашылық әлеуетін практикада көрсетуге кедергі болатын консерватизмге негізделген;
- төменгі курстарда педагогикалық практиканың жоқтығы білім процесінің үздіксіздігі, сатылығы, жүйелілігі принциптерін бұзып, жас маман дайындаудың сапасы мен тиімділігін төмендетеді;
- мақсатты педагогикалық практика өткізуге үйретілген тұрақты мұғалімдері бар тірек-үлгі мектептер мәртебесінің айқындалмағандығы;
- тәжірибе көрсеткендей, егер студент практика барысында шығармашыл емес, консервативті мұғалімге тап болса, онда оның шығармашылық белсенділігі шектеліп, шығармашылықпен өзін танытуы айтарлықтай төмендеді. Қазіргі уақытта педагог дайындаудың типтік жүйесі мен оның жеке шығармашылық қызметінің сипаты арасындағы қайшылық барынша айқын бола түсуде /3/.

Жоғарыда аталған кемшіліктер ең маңыздылары төмендегілер болып табылатын бірқатар қайшылықтар нәтижесінде тереңдей түседі:

- болашақ педагог тұлғасының шығармашылық әлеуетінің деңгейін дамыту қажеттігі мен оның қазіргі нақты жағдайы арасындағы;
- ЖОО студентінің бойында қалыптасқан шығармашылықпен өзін таныту деңгейі мен оны педагогикалық практикада іске асыру мүмкіндігі арасындағы;
- студенттің ұмтылысының деңгейі мен оның нақты қабілеттері мен мүмкіндіктерінің деңгейі арасындағы қайшылық.

Жеке тұлға, оның қабілеттері мен сапалары қалыптасады, белсенді қызмет барысында көрінеді. Педагогикалық практика бұдан тыс қалмайды. Студенттердің өз бетімен жұмыс істеуге және практикалық қызметке дайындығының мазмұндық мәселелері мен құрылымдық компоненттерін зерттеу мен жалпылауға болады әрі қажет, педагогикалық практика арқылы болашақ мұғалім тұлғасын жетілдірудің жолдарын, университет студентінің педпрактикасының әр түрлі құрылымының тиімділігін анықтап, педпрактика арқылы болашақ педагог тұлғасының қалыптасу моделін жасау қажет /4/.

Болашақ мұғалімнің қалыптасуы Ю.А. Бабанский дәлелдегендей, 3 сатыда іске асады:

- болашақ педагогтың кәсіби қызметінің компоненттерін, кәсіптік сенімін, білімін, педагогика курсын, басқа да пәндерді оқу барысында біртұтас оқушы тұлғасын қалыптастырудың ғылыми негіздерін бекітеді (1-4 семестр).
- технологиялық (оқу) педагогикалық практикада болашақ мұғалім қызметі компоненттерін игеру арқылы тиісті қызмет тәсілдерін меңгереді. Соның арқасында, университетте жинақталған білімдер (4-6-семестр), алынған педагогикалық тәжірибе тұтасып, студенттің алдағы қызметке даярлығын көрсетеді. Бірақ бұл қызмет әлі жетілмеген, өйткені студент қызметінің көптеген нәзік қырлары әлі игерілмеген;
- Болашақ педагог қызметін біртұтас тұлға ретінде жетілдіру: мұнда болашақ мұғалімнің диплом алды, өндірістік педагогикалық практикада пән мұғалімі әрі сынып жетекшісі ретінде бүкіл жауапкершілікті алу арқылы идеялық-адамгершілік ұстанымын одан әрі дамыту негізге алынады, оның болашақ шығармашылық тұлғасы қалыптасады (7-8-семестр).

Біздіңше, маманның шығармашылық жеке тұлғасын бірінші курстан дамытуға болады әрі дамыту керек және оны 5-курста мұғалімдер мен оқытушылардың жұмыс орнында, студенттің ішкі механизмдерін іске қоса отырып аяқтауға болады.

Аталған үш сатыдан басқа университетте 4-саты енгізілген – педагогикалық практика өндірістен қол үзбей 9-10-семестрлерде магистратурада жалғасады, ол студенті жоғары оқу орнында, лицей, гимназияларда жұмыс істеуге дайындауға мүмкіндік береді.

Практикада студент өзінің қызметті дұрыс таңдаған-таңдамағанын түсіне алады. Сонымен қатар, шығармашылық жеке тұлғаны қалыптастырудың психологиялық заңдылықтарын есте ұстау керек, ол тұлға мен ол қабылдаған қызметтің бірлігі негізінде ғана мүмкін.

Практикалық дайындықты ұйымдастырудың қажетті де шешуші шарты студентке педагогикалық қызметтің барлық саласынан жан-жақты бағдар беру; оқушының оқу қызметі мен оны әдістемелік жабдықтау, тәрбиелік ықпал ету және оны ұйымдастыру, зерттеу-ізденіс жұмыстары мен оның әдістемесін игеру. Үздіксіз практика табиғи педагогикалық процесс жағдайында әдістемелік рефлексия қалыптастыруға көмектеседі, болашақ ата-ана, мұғалім, тәрбиеші үшін ой туғызатын нәрсе педагогикалық қызмет құралдары мен әдістері, практикалық шешімге келу мен шешім қабылдау процесі болып табылады /5/.

Осыған орай әрбір студентті дайындаудың тұлғаға бағытталған шығармашыл сипатын қамтамасыз етуіміз қажет. Педагогикалық практиканы ұйымдастыруды ойластыра отырып, практика бағдарламасын орындауды ғана емес, ең алдымен әрбір студентке тұлға ретінде қарауды ұстанып, мақсатты да жүйелі түрде оның күшті тұлғалық және кәсіби жағын ашуымыз керек. Біз педагогикалық құрал деп аталған жеке тапсырмалар сызбасын дайындадық, ол практика барысында студенттің жалпы тапсырмасының ішінен практикалық дайындықты жекелендіруді қамтамасыз етеді.

Курс, факультет	Практикант -студенттің аты-жөні	Жеке тапсырма	Жеке тапсырманың мақсаты	Практика өтетін орын	Жеке тапсырманы орындау нәтижесі
-----------------	---------------------------------	---------------	--------------------------	----------------------	----------------------------------

Көптеген авторлар ЖОО студентінің кәсіптік қызметке даярлығын қарастырып, ол дайындықты кәсіптік-педагогикалық білім, білік, дағдының қажетті көлеміне ие тұлға қасиеттерінің интегралды анықтамасы ретінде зерттейді. Дайындық ЖОО профессор-оқытушылар құрамының ұжымдық қызметі мен студенттердің білім алу, өзін-өзі дамыту қызметінің нәтижесі ретінде көрінеді /6/.

Студенттің кәсіби-педагогикалық дайындығы мен шығармашылық дамуының қазіргі жағдайына талдау барысында жасау бұндай көп қырлы мәселені зерттеуге біртұтас жүйелі қызмет тұрғысынан келу қажеттігі студенттің педагогикалық практиканы өткізуге дайындық моделін жасауды талап ететін көрсетті (1-сур.).

Студенттің өзін дамыту біліктілігін қалыптастырудың құрамдас бөлігі ретінде педагог қасиеттерін қалыптастыру мониторингін өткізу қажет. Бірінші курста студенттің педагогикалық қызметке, мектеп проблемаларына қызығушылық деңгейін анықтасак, студентті ІІ курста педпрактикаға дайындау барысында бізді оларда педпрактикаға шығар алдында қандай кәсіби біліктері қалыптасты деген сұрақ қызықтырды. Біз төмендегідей нәтиже алдық (1-кесте):

Көрсеткіш мазмұны	%
Гностикалық білік	55
Коммуникативтік білік	10
Конструктивті білік	8
Когнитивті білік	9
Зерттеушілік білік	10
Ұйымдастырушылық білік	8

Көрініп тұрғандай, көрсеткіштер жоғары емес, бұл біздіңше, объективті де, субъективті де себептермен түсіндіріледі: атап айтқанда, университетке түсу мотиві: студенттің кәсіби-педагогикалық және шығармашылық біліктерін практикалық дамытуға сағат санының жеткіліксіздігі; студенттердің рефлексиялық қабілеттерінің төмендігі; өз қызметінің артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттей алмау.

Көптеген кәсіби-педагогикалық біліктер тікелей педпрактикада дамытылады және курстан курсқа жетілдіріледі. Сондықтан біз педпрактиканың жүйелілігін қолдаймыз, оны өткізетін сағат санының артуы мен мазмұнын жетілдіруді қажет деп білеміз.

Бірінші сатыда (I-IV семестр) практикалық қызметке тренинг, педагогикалық жағдайды талқылау мен педагогикалық міндеттерді шешу субъективті педагогикалық тәжірибе жинақтаудың, кәсіби-педагогикалық білікті дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Кәсіби қалыптасудың табыстылығы тиімді дайындықтың мектептегі шығармашылықпен қаншалықты үйлесуіне байланысты, біздіңше, арнайы дайындалған тірек-тәжірибе мектебінің ұжымына, дайындықтың сипатына – студенттердің өз білімдерін практикада қолдана білуіне, күрделі педагогикалық жағдайларда дұрыс бағдар ұстай білуіне, стажер-студенттің, жас маманның дүниетанымының жетілгендігіне, кәсіби жауапкершілікті өз мойнына алуға эмоционалды-ерік күшінің дайындығына байланысты.

Педагогикалық практика – теориялық оқу мен болашақтағы өз бетімен жұмыс арасындағы байланыстырушы желі. Көптеген студенттер үшін мамандыққа «ашық есік» болып табылады. Оқу-тәрбие процесіне қатыса отырып, студент педагогикалық қызметтің азаматтық және адамгершілік мәніне бойлайды, кәсіби жеке тұлғалық белгілері нақтыланады, студент тұлғасының өзін-өзі дамытуына жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Полянский С.Н. Практика студентов в школе. М., 1950
2. Содержание в организации педагогической практики. Саратов, 1974.
3. Стоунс, Эдвард. Психопедагогика. Психологическая теория и практика обучения. М., 1984.
4. Аймагамбетова О.Х. Методические рекомендации по организации педагогической практики студентов IV-V курсов, Алма-Ата, 1991.
5. Слестелин В.А. Гуманистическая парадигма педагогического образования. // Магистр. 1994. №6, С.2-7.
6. Белякова И.Г. Влияние интенсивного обучения на профессионально важные качества личности педагога. М., 2000. Кафедра акмеологии и психологии профессиональной деятельности Российской академии государственной службы при Президенте Российской Федерации.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада студенттің кәсіби-педагогикалық дайындығы мен шығармашылық дамуының қазіргі жағдайына талдау жасалған және осы мәселені зерттеуге біртұтас жүйелі қызмет тұрғысынан келу қажеттігі анықталып, студенттің педагогикалық практиканы өткізуге дайындық моделі жасалған.

РЕЗЮМЕ

В статье анализируется профессионально-педагогическая подготовленность студентов, предлагается модель подготовки студентов к педагогической практике.

ПЕДАГОГИКАНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Рысбаева А.К. - п.ғ.д., профессор,
Утеева К.Ж. - оқытушы (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Ғылыми үрдіс зерттеу әрекетінде іске асады. Теорияның негізін құрайтын бірнеше компоненттер бар: а) фактологиялық материалдың бастапқы эмпирикалық негізі, ол теориялық түсіндірмені талап етеді; ә) бастапқы теориялық негіз, ол зерттеу объектісін суреттейтін алғашқы жорамалдардан, болжамдардан және теориялық ыңғайлардан тұрады; б) теорияның логикасы мен құрылымы; в) эмпирикалық дәлелдері бар теориялық пайымдаулар жиынтығы. Ғылыми әдістер ғылыми танымның эмпирикалық және теориялық әдістері болып екіге бөлінеді. Нақты ғылымдардың әдістерімен қатар жалпы ғылыми әдістер де кездеседі, олар барлық дерлік ғылымдарда қолданылады: байқау, теңеу, талдау және жинақтау, моделдеу, салыстыру эксперимент, дерексізден нақтыға қарай өрлеу, индукция мен дедукция. Бұлардың әрқайсысы жеке ғылымдарда нақтылана түседі.

Зерттеу әдісі дегеніміз - күрделі таным тәртіптері, ал олар болса зерттеудің таным операцияларының іске асуының белгілі бір тәртібін белгілейтін әр түрлі әдіс-тәсілдерінің жиынтығынан тұрады. Әдісті құрайтын тәсілдер зерттеу тәртібінің феноменологиялық сипаттамасын, оның құрамындағы элементтердің эмпирикалық бөлінуін, зерттеу объектісі мен оның психологиялық-педагогикалық сипаттарын жүйелі түрде түсіну мақсатында зерттеу элементтерінің құрылымдық-қызметтік талдауын қамтамасыз ететін өлшеу бірліктеріне бөлінілді.

Зерттеу әдістері педагогикалық ғылымы дамуының басты құрамды бөлігі болып табылады. Педагогика ғылымы мен тұтас педагогикалық зерттеу әдістерінің даму деңгейіне байланысты. Ғылыми нәтижелердің анықтығы алғашқы ақпараттарды алудың жолдары мен тәсілдеріне және зерттеу әдістерінің сенімділігіне байланысты. Кез-келген педагогикалық зерттеу белгілі ғылыми білімдерді дәлелдеу емес, ол жаңа білімдерді табу үрдісі. Ол - адамның зерттеу объектісі, заттары мен құбылыстарының мәнін ашуға бағытталған жан-жақты танымдық іс-әрекетінің бір түрі. **ЭКСПЕРИМЕНТТІК - ЭМПИРИКАЛЫҚ** деңгей әдістері. Педагогикада зерттеудің үш деңгейі бар: эксперименттік-эмпирикалық деңгей әдістерінің тұтас бір тобы бар.

Байқау - зерттеу заттар мен құбылыстарды мақсатты зерттеу, мағлұматтарды іріктеп жинақтау, тікелей байқау-зерттеу, жанама байқау-зерттеу, монографиялық байқау - зерттеу, үздіксіз байқау - зерттеу, бірқалыпты зерттеу, іздеу көп деректер арасынан зерттеуші өзіне керек деректер мен құбылыстарды іздеген кезде қолданады. Мұндай байқау -зерттеу үшін біршама уақыт пен зерттеушінің аналитикалық жұмыс жасауы керек. Педагогикалық құбылыстар мен деректердің сандық және сапалық суреттемесі мен өлшемінің тәртібі байқау негізін құрайды. Өлшем - зерттеу объектісін сипаттайтын белгілі бір өлшем шамасының бірлік ретіндегі басқа біртекті шамаға қатынасын анықтау үрдісі.

Педагогикалық эксперимент танымның эмпирикалық деңгейіндегі зерттеудің негізгі әдісі болып табылады, ол құбылыстарды олардың даму жағдайларында зерттеуге бағытталған. Эксперимент жағдайларында зерттеу құбылыстың күнделікті байқауға болмайтын қасиеттерін ашуға болады. Эксперимент ғылыми зерттеудің теориялық және эмпирикалық деңгейлері арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Педагогикалық зерттеулерде эксперименттің ойдағы эксперимент түрі де болады, алайда оны ойша эксперимент деп шартты түрде ғана атайды, өйткені *эксперимент* дегеніміз - *тәжірибе, практика*.

Сұрақ - жауап әдістері: а) Әңгіме-сұхбат; ә) әңгіме; б) сауалнама. Мәліметтер

мен зерттеудің басқа да әдістері парадигмалық түсініктер мен зерттеудің тұжырымдамасын құрастырудың әдістемелік ерекшеліктері жүйесінде талдау жасалуы тиіс, алғашқы эмпирикалық ақпаратты алуға бағытталған. Зерттеу - белгілі бір мәселені шешудің ақыл-ой, тұжырымдамасын және практикалық үрдісі. Алайда бұл мәселені тек эмпирикалық деңгей әдістерін қолдана отырып шешу мүмкін емес. Зерттеуші нақты ғылыми деректерден олардың теориялық қорытындыларына көшуі қажет.

Зерттеушіге зерттеу әдістері мен ғылыми нәтижелер арасындағы себеп-салдарлық тәуелділікті айқындауға, эмпирикалық деректерден теориялық қорытындыларға көшу барысындағы педагогикалық заңдылықтарды анықтауға көмектеседі.

Теориялық деңгей әдістері:

1. Әдебиет көздерін зертеу зерделеу бастапқы құрамды бөлігі болып табылады. Бұл кез-келген ғылыми іс-әрекеттің алғашқы кезеңі. Зерттеуші ғылымның осы саласында оған дейін қандай мәселелер зерттелгенін анықтау үшін, зерттеу мәселесінің бұрынғы мен қазіргі жай-күйін және оған қатысы бар барлық мәселелерді түсіну үшін таңдап алған тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысуы қажет. Зерттеу мәселесінен ғылымның зерттеліп отырған саласының жай-күйі мен дамуын тану үшін зерттеуші әр түрлі педагогикалық тұжырымдар, көзқарастар, ғылыми мектептер, білім беру үрдісіндегі заманға сай тенденцияларды анықтауы қажет. Әдебиеттерді зерттеу кезінде оларға талдау жасау, оларды салыстыру, теңестіру, жалпыға ортақ ғылыми әдістерді анықтау жұмыстары жүргізіледі.

2. Талдау мен жинақтау. Талдау арқылы эмпирикалық материалды жүйелеу, тұтастың құрамындағы элементтердің өзара қатынасы формаларын анықтау. Талдау қарапайым болуы мүмкін, зерттеу барысында зерттеу нәтижелерін бағдарламалар, кестелер, жоспарлар, жүйелер түрінде жинақтауға болады. Талдау мен жинақтау диалектикалық түрде бір-бірімен тығыз байланысты, "талдау" термині көбінесе зерттеу үрдісін тұтастай қарастыру кезінде қолданады. Сондай-ақ белгілі нәтижелері бар деректерге, жүйеге кірерде және оларды қорытуда талдау жасап, салыстыруға болады.

3. Абстракциялаудың (дерексіздендіру) екі түрі бар: талдап қорыту және жекелеп бөлу. Талдап қорыту - көптеген бірыңғай заттар мен құбылыстардың жалпы, бірдей белгілерін анықтау. Жекелеп бөлу-бір затты немесе құбылысты зерттеп, талдау үшін зерттеушіге қажетті бір қасиетін бөліп алу үрдісі. Дәріптелген (дерексіздендірудің бір түрі) - объектінің зерттеушіге теория жүзінде шынайы объектілерді зерттеу мен санада сақтауда тигізер пайдасы мол.

4. Тұжырым жасаудың индуктивті және дедуктивті әдістері; бұл әдістің көмегімен эмпирикалық деректер қорытындыланып, жекеден жалпыға және керісінше, жалпыдан жекеге қарай қисынды салдарлар айқындалады.

5. Ұқсастыру әдісі заттар мен құбылыстардың жалпылығын айқындау үшін қолданылады.

6. Теория жүзінде мүмкін жағдайдың, құбылыстың немесе заттың моделін жасау әдісі. Моделдеу - зерттеу объектісі өзімен ұқсастық қатынастағы басқа бір объектімен алмастырылатын зерттеу әдісі. Моделдің түпнұсқадан айырмашылығы бар, алайда оның бойында модельге де, түпнұсқаға да тән негізгі сипаттары мен өлшемдері болуы қажет. Модель ұқсастық ретінде түпнұсқа, оны жетілдіру, қайта құру және оны басқару туралы білімді зерттеу, сақтау және кеңейту үшін қолданылады. Моделдеу ауызша, логикалық, физикалық, заттық, белгілілік болады. Моделдің түрін таңдау таным зерттеу объектісінің күрделілігіне байланысты.

7. Болжау әдісін зерттеуші педагогикалық жүйе немесе білім беру жүйесінің даму бағытын табу үшін қолданылады. Зерттеу нәтижесінде алынған нақты ғылыми деректерді сандық көрсеткіштерге, кестелерге, графиктерге, сызбаларға, диаграммаларға, формулаларға, түсініктер мен заңдарға айналдыру зерттеушінің ойлау

абстракциясының жоғары деңгейі мен дәрежесі қажет. Осының бәріне бүгінде болашақтағы білім беру жүйесінің даму заңдылықтары мен тенденцияларын түсіну үшін теориялық жағынан терең талдау жасалуда.

8. Математикалық және статистикалық әдіс педагогикалық құбылыстар мен олардың сапалық өзгерістері арасындағы тәуелділікті анықтау үшін қолданылады.

Теориялық деңгей әдістерінің бұл түрі, тобы эмпирикалық деректерге және олардың теорияны құрастыруға ықпал етуіне терең талдау жасап, ондағы заңдылықтарды ашуға, сыртқы факторларды және олардың ішкі мазмұнының факторларын түсіндіруге бағытталған. Эмпирикалық әдістер объектіні философиялық категория ретінде "құбылыс" деңгейінде зерттесе, теориялық әдістер "мәні" деңгейінде зерттейді.

Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістерінің жоғарыда аталып, айтып кеткеніміздей әдістер нақты зерттеу міндеттерін қолданатын құралдарының ішіндегі - ең негізгілері. Ғылыми зерттеуге тән нәрсе, сол мәселеде үйлестірілген сұрақ және болжамды белгілі бір жобаланған жауап ретінде, үлгі түрінде көрсетіледі. Осыдан зерттеудің міндеттері шығады: зерттеу пәнінің теориясын негіздеу (теориялық сипаттама) және зерттеудің теориялық моделін жасау, эмпирикалық практиканы зерттеу әрекеттерімен және педагогикалық шындықты қайта құру (қалыптастыру тәжірибесі).

Қойылған міндеттерді шешу зерттеушінің соған сай ғылыми әдістерді қолдануын талап етеді. Теориялық және теориялық қолданбалы міндеттерді шешу үшін - теориялық деңгейдегі әдістер (теориялық және салыстырмалы талдау, нақтылы абстрактылық және абстрактылықтан нақтылыққа көтерілу, моделдеу, ойша эксперимент) қолданады. Теориялық - қолданбалы және қолданбалы міндеттерді шешу үшін: бақылау, әңгімелесу, анкеталық педагогикалық құжаттарды оқып танысу, эксперимент қолданады.

Ғылыми зерттеулердің басты белгісі қолданатын терминдердің біртектілігі (бір мағыналылығы) болып табылады, себебі басынан бастап, басты ұғымға қандай мағына мән берілетіні, не туралы екендігі айқын болуы керек.

Бір терминді бірнеше мағынада қолдануға болмайды. Бұның маңыздылығы сонда, зерттеу пәніне ұғымдық сипаттама (теориялық сипаттама) беру зерттейтін құбылыстың мәнін, мазмұнын ашып көрсетудің кепілі, оның теориялық моделін жасауға негіз болады. Соңғысы арқылы зерттеу құбылыстарының нақтылы педагогикалық шындықтағы жағдайын және практикалық іс-әрекеттер үшін берілетін нұсқаулардың тиімділігі бағаланады, олар болашақ педагогикалық іс - әрекеттер жобасына салынып, практика үшін қажетті әдістемелік материалдар мен нұсқаулар макеті ретінде болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабанский Ю.К. Проблемы повышения эффективности педагогических исследований. М., 1982.
2. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований. М., 1986.
3. Журавлев Я.И. Взаимосвязь педагогической науки и практики. М., 1988.
4. Введение в научное исследование по педагогике. Под ред. В.Журавлева. М., 1988.

РЕЗЮМЕ

В статье излагаются различные методы научно-педагогических исследований. Дано определение понятия «методы исследования», характеристика экспериментально-эмпирического и теоретического уровней педагогического исследования.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада педагогика ғылымындағы кейбір зерттеу әдістері туралы сараланып, зерттеу әдістері ұғымына анықтама берілген.

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Халитова И.Р. – п.ғ.д., профессор (Алматы қ., ҚазМемҚызПИ)

Халқымыз “Балалы үй базар”- деп дүниеге жаңа көзін ашып келе жатқан жас сәбидің ата-анысның көңіліне қуаныш, санасына жұбаныш жалыққанда алданыш болатын кезіндегі сүйгіншікті шағын айтса керек. Заман және оның баланың қалыптасуына тигізетін әсерін алдын-ала пайымдап тағы да “Заманына қарай баласы туады” деген. Бұл әр тарихи дәуір алмасып, қоғам жаңғырған сайын онда өмір сүретін болашақ азамат, бүгінгі баланың ақыл-парасатына тигізер ықпалын пайымдаса керек.

Әр заманда дүниеге келген баланың сол кезге сай кейбір қасиет, қабілеттер мен сапаларды анасының құрсағынан “ала түсетінін” дана да, сәуегей халқымыз қайдан білген-деп таң қалмасқа шара жоқ. Бұған дәлелді алыстан, ғылыми кітаптардан іздемей-ақ көз алдыңыздағы немерелеріңізді, тіпті өз балаңызды бақылап қараңызшы “өзіңіз үш жасар шағыңызда қандай едіңіз? Балаңыз қандай, немереңіз қандай?” Айырмашылық бар ма екен? Әрине “бар” дейсіз сіз. Және таңдана, сүйсіне, сүйіне отырып бұған көптеген мысалдар келтіресіз. Келтіресіз де “О тоба, қалай ғана тумай жатып осыны біледі, ә?!”- деп тағы таңданасыз.

Бұларды айтып отырудағы себебіміз қазіргі бала қаншалықты зейінді, сергек те, сезімтал, алғыр да, зерек болса тәрбие де соншалықты ұрымтал да ұтымды, озық та үздік болуы шарт. Тәрбие күнде өсіп келе жатқан баладан озық, тапқыр, оның іс-әрекеті мен ой-сана бағытын алдын-ала біліп оған ықпал етуге пәрменді де бейімді, жетелеуге икемді болуы керек. Немесе бала ойлағанша, тәрбие оның не ойлайтынын біліп, бала бірдеңені істегенше, тәрбие оның алдын алып, орағытып тұратындай болуы қажет екені белгілі болып отыр.

Ересек адамдар алдындағы кішкентай адамды “бала түсінбейді, білмейді, оған ақылы жетпейді, сезбейді өйткені ол бала ғой, байқамайды, көрмей қалады” деген секілді “баласынуды” қазіргі заман көтермейді. Олардың ақылынан сезімі күшті, бәрін, білгіш, көрмейтінді көріп қоятын бақылағыш екенін, “ұстазына қарай шәкірті” демекші үйретуімізге қарай болатынын қаперден шығармау керек.

Осыған орай қырғыз халқының бала тәрбиесіне қатысты көзқарасын мысал ретінде келтіреміз. Олардың арасында қаншалықты көп болып, отбасыларымен араласып жүріп өз басым ешқашан баласын қатты еркелеткенін көрмеппін. Мүмкін қателесермін, бірақ мен көрген отбасыларында баласын “әкем, көкем, ботам, құлыным” деген секілді сөздермен еркелетіп “айланып, толғанып” жатқанын байқамаппын. Бұдан олар баланы жек көреді деген ой тумаса керек. Айтайын дегенім олардың бала тәрбиесіне байланысты басты тұжырымы “баламен ересек адамдарша сөйлесу керек” дегені. Қазіргі заман талабы міне, осындай. Демек біз де баланы баласынбай кішкене кезінен “ақылды сөздер” тыңдап өсуіне, ересек адамдарша ойлауға, ересек адамдарша әрекет жасауға баулығанымыз жөн болар еді.

Оның басты құралы- ғұлама Абайдың бітпес, түгемес алтын қазынасы, сөз өрнегі-ақыл көзі. Кішкене кезінде ғұлама ақынның асыл да дана сөздерін алдымен “ауыз ұшында” жаттап, “құлағына құйып” өссе күндердің-күнінде ол сөздер санасына ой салар деген үміт бар.

Әрине Абай сөзі күрделі, бала түгіл кейбір ересек адамдар да белгілі дәрежедегі дайындықсыз кейбір сөздерін ұғына да алмас, “ұға алмассың” деді емес пе ол өзі. Бірақ, көп қайталап көкейіне тоқып өссе, ол ары қарай мектепте жалғасса мүмкін өміріне ес қатып, ақылына-ақыл қосар, күнделікті тұрмысына жетекші, ақылшы, көмекші болар-деген ойдамыз.

Бірге оқып, бірге жатта.

1. Сонымен бала бақшада, отбасында кіші жастағы немесе мектеп жасына дейінгі

балаларға Абай мұрасынан нені еншілеуге болады деген сауалға келсек “әрине бәрін”-дер едім. Десек те, мысалы, кіші жастағы балалардың ұғым, түсінігіне сәйкестерін алуға ұмтылды. Оның мына өлеңдерін ата-анасы, апасы не ағасы, әжесі не атасы, әсіресе тәрбиешілерінің сәбилерге, “қара борбай” ойын баласына бір сәт, ойыннан қолы босаған кезде қайта-қайта оқып беріп, жаттатып, қайта-қайта айтқызып, жадына тоқып алуына көмектесе - алдымен балаға, одан соң өздеріне жақсылық істегені сол. Айталық ақынның “Интернатта оқып жүр” өлеңінен мына шумақтарды балаға бір неше рет оқып берсе ешқандай күш салмай, қиналмай өзі-ақ жаттап алады:

Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.

Осы жолдарды жаттап алса, ғылымның не екенін білмесе да әйтеуір бір жақсы нәрсе екенін ұғынады да бір күні алдымен “кітап оқу керек екен” одан соң “көп оқу керек екен” деген ойға келеріне сенеміз. Әрине осы шумақты көп қайталап оқып беріп, жаттатып, айтқыза берсе ғана! Одан соң қандай ой келеді дейсіз ғой? Одан кейін “артық білу” дегенді “көп білу керек екен және көп білген жақсы екен ғой” деген ой келеді. Ал “ар” туралы кейін мектепке барғанда мүмкін есейгенде барып ойланар. Бірақ кішкене кезінен осы шумақты жаттап өссе ғана. Әрине алдымен көкейне “пайда” сөзі қонары анық. Дегенмен не себептен “пайда ойлама, ар ойла-деді екен Абай” деген пікір кешірек болса да санасына қозғау салады. Әрине кішкене кезінен жаттатып, айтқыза берсе ғана!

Қайта-қайта оқып беріп, жаттатып, қайта-қайта оны айтқыза берсе бір күні санасына ой саларына сенетін себебін, психология ғылымында “иландыру”(внушение) тәсілі деген бар. Оны жалпы адамды бір нәрсеге иландырып, санасына сіңіріп, көкейіне қондырып, көңіліне орнықтыру үшін, сол арқылы іс-қимылы, өміріне ықпал ету үшін психиатрлар пайдаланады. Оның басты тетігі бір нәрсені, бір сөзді көп рет қайталау арқылы адамның санасына сіңіру, орнықтыру. Ал кішкене бала болса психофизиологиялық және әлеуметтік ерекшеліктеріне байланысты, ыңғайға жылдам көнгіш келеді емес пе? Сондықтан осы жаттау, қайталау тәсілі ұрымтал да пайдалы.

2. Бұдан соң балаға ғұлама ақынның суретін көрсетіп “әлгі сен жаттаған өлең бар ғой, соны жазған осы Абай деген ақын. Міне оның суреті, Абай ата - деген осы” деп ақын бейнесімен таныстыруды ұмытпаңыз. Кейбіреу “Е, осыдан бастау керек емес пе?” дер. Өйтсе де болады. Бірақ, алдымен баланың ойына серпін беріп, әлгі шумақтарды әбден жаттап алған соң ақын бейнесімен таныстырсақ оның тұлғасына біртіндеп қызығу оялатын болар деген пікір ғой бұл.

Енді ғұлама ақынның әйгілі “Ғылым таппай мақтанба” өлеңінен тағы мына шумақтарды оқып беріңіз:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.

3. Шумақты алғаш бір неше рет оқығаннан баланың санасында ешнәрсе қалмайды. Бірақ оны тағы бір күні, тағы бір күні, тағы бір күні сөйтіп арасына уақыт салып, үш-төрт күн қатар оқып берсеңіз олардың есінде мына сөздер қалады: орын, шаттанба, ойнап, күлу. Өйткені бұл сөздерді олар күнде не күн ара естіп жүр. Өлеңді бесінші, алтыншы рет қайталағаннан бастап олар жаттай бастайды. Енді өлеңді жаттатуға шындап кірісуге болады. Алдымен жоғарыда көрсетілген төрт тармағын жаттатып, оны жаттап болған соң ғана мына шумақтарды жаттатуға болады:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,...
 Өсек, өтірік, мақтаншақ.
 Еріншек бекер мал шашпақ-
 Бес дұшпаның, білсеңіз.
 Талап, еңбек, терең ой,
 Қанағат, рақым, ойлап қой-
 Бес асыл іс көнсеңіз.

Тілі шығып, ойы өрби бастаған төрт-бес жасар балаға бұл шумақтарды жаттап алу оп-оңай. Бірақ, әке мен шеше, әже мен ата, аға мен апасы-сіздерге көптен көп сабырлық, табандылық пен жігер керек. Баланың жетегінде кетпей, немесе жалқаулық пен жалығудың азғыруына көнбей, ырықты болуға тура келеді.

Енді өлеңді балаға оқи беріңіз, анда-санда есіне сала беріңіз, жатқа айтқыза беріңіз, қайталай берсін. Ұмытып қалмасын, бала емес пе! Балаңызға тақпақ айтқызуда айт пен той, мейрам, мерекелерді, қонақ шақыруды ұтымды пайдаланып қалуға болады. Кейбір тартыншақ, ұялшақ балалардың осы мінезін жоюға да бұл пайдалы. Бірақ, ондай балалармен өзіңіз бірге айтуға тура келеді. Оны да істеңіз. Балабақша тәрбиешісіне де осыны айтар едік.

Бұл шумақтардан балалар жылдам есіне сақтап қалатын сөздер: бес нәрсе, шашпақ, өтірік, мақтаншақ. Қалған сөздер көкейіне сәл кешеуілдеп барып қонады. Бірақ оларды “ауыз ұшында”(механикалы немесе автоматтасқан түрде) жаттап алады, мәнін түсіне бермейді. Ол кейінірек барып санасына қона бастайды. Оған да сіздер, ересектер көмектесесіздер.

Көзімен көрсін, құлағы естісін, көңіліне тоқысын.

Ғұламаның барлық өлеңдері бала үшін күрделі. Тіпті табиғат көркемдігі, жануарларға арналғандарының өзі философиялық ой толғауларға толы десек те болады. Алайда бала үшін ұғынықты тұстарын пайдаланып қалу керек. Себебі баланың миы таза, ой пәк, зейіні алғыр. Олай болса ақын өлеңдері арқылы миы жұмыс істейді, ойы даму табады, зердесі өседі, зейіні қызмет атқарып үйрене бастайды. Демек бала психикасының қызметіне септігін тигізеді.

4. Бұған ақынның “Жаз” өлеңінен мына шумақты ұсынамын, себебі бұнда балаларға жақын мынадай сөздер бар: жаз, бәйшешек, өсіп,өзен:

Жаздыгүн шілде болғанда,
 Көкорай шалғын, бәйшешек,
 Ұзарып өсіп толғанда;
 Күркіреп жатқан өзенге,
 Көшіп ауыл қонғанда.

Көп қабатты үйлерде өскен кішкентай адамға көкорай шалғын шөп, күркіреп жатқан өзен, көшіп қонған ауылды түсініп, көзіне елестету қиынның-қиыны. Сол себепті мүмкін болса табиғаттың нақ өзін көрсетіңіз, болмаса осындай суретті көрсету арқылы жеңілдетсе болады. Әрине туған табиғатты өз көзімен көріп өзен тау, сарқырап аққан су, шұрқыраған қой мен қозыны көрсе әсерлі болар еді. Ертеректе, 16 ғасырда өмір сүрген чех ғалымы – педагог Я.А.Коменский балаға зат-дүние туралы түсінік беру де көзбен көруге болатынды-көрсет, құлақпен еститінді-тыңдат, түйсінетінді – қолымен ұстасын, денесімен түйсініп, ақылымен сенсін, дәмді-татып көрсін... - деген екен. Міне сонда ғана баланың санасында мәңгілік әсер қалатыны белгілі.

5. Бала шақтағы әсерлену оны сезімталдыққа, шынайы көркемдікті көре білуге, бағалауға тәрбиелейді. Осындай өлеңдерінің бірі ақынның “Күз” шығармасы. Бұны да толық үйрету мүмкін емес. Сөздері кішкене бала үшін күрделі, десек те бұлт, суық, аспан, күз, жарыс-деген сөздерді тез біліп алады. Ал қалғанын тек жаттап қана алады. Жаттап болған соң көп рет қайталатып соңынан сұр бұлт, дымқыл тұман, тойған,

тоңған, жалқы – деген сөздерді меңгере алады. Қайталау - білім алудың басты жолы десек те, қайталау тәрбиелеудің де негізгі әдістерінің бірі дер едім. Сонымен өлеңнен үзінді:

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Енді бір неше рет оқып беріңіз де қай сөздерді түсінгенін не есте сақтап қалғанын сұраңыз. Одан соң тағы қайталап оқып беріп, біртіндеп жаттауды бастауға болады. Дереу, әп-сәтте, тез жаттата салам деп ойлап баланың меселін қайтарып алмаңыз. Әбден жаттап алған соң бала бір жолата ұмытып қалмауы үшін қайталатып тұруды да қаперден шығарып алмаңыз. Абай өлеңдерінен білгенін елдің алдына шығарып айтқызу да өте пайдалы екенін білесіздер. Өлеңді күзде үйреткен қонымды болар еді. Дамытудың басты қағидасы баланың шамасы келетін, бірақ өзі күш жұмсау арқылы меңгеретіндей қиындықтың болуы.

6. Табиғат көркемдігіне арналған өлеңдер топтамасының бірі “Қыс”:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті –басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алсысы- үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң-қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сілкесе, қар жауып, мазанды алды.

Бұл өлеңді де қысты күні оқи бастаса балаға көбірек түсінікті болады. Аппақ қар, аяқ астынан шыққан сықырлаған дыбыстар, аяз, суықтан қызарған адамдардың беті, қолы жапалақтап жауған қар балаға түсінікті, жақын. Осы білген, көргендерін көзалдына келтіре отырып не көрсете отырып қалған сөздерді түсіндіру өлеңнің мазмұнын баланың ұғынып, түсінуіне мүмкіндік береді. Мысалы, мына сөздерді түсіндіру керек: соқыр, мылқау, танымас, қырау, түсі суық, кәрі құда, ұшпа, үскірік, оқшырайтып, ажарланды-деген сөздер кішкене бала санасына қонуы бір аз еңбектенуді талап етеді.

7. Жаз айларындағы табиғат көркемдігін суреттейтін өлеңдердің бірі:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Өлеңнің - желсіз түн, жарық ай - деген сөздері мүмкін балаға түсінікті шығар. Олай болмаған күнде, “желсіз”- деген сөздің не мағынада екенін түсіндіріп, жел болмаған кезде жапырақтардың қозғалмайтыны, ақын түндегу осы ахуалдың кез қандай болатынын айтқанын түсіндіру керек, мысалы, “жел болмаса жапырақ сілкінбейді, желге ұшпайды, тыныш күйде, қозғалмай тұрады” –деу керек. Абай ата түндегі осындай желсіз күйді суреттеген. Сәуленің суда дірілдегенін көрсетуге болады. Есік алдында су болмаса ыдыстағы суда сәуленің дірілдеуін қолдан жасап көрсетуге болады, мысалы, ай не күн сәулесін көрсетуге тырысыңыз. Әрине, белгілі педагог А.Сухомлинский секілді осындай табиғаттың кейбір кездерін көрсетсе қандай жақсы болар еді. Ол балаларды жазды күні таң сәріде егістікке апарып жүгерінің қалай өсетінін көрсетіп, өсу кезінде шығатын “тырс, тырс” еткен дыбыстарды тыңдатқан ғой.

Ақынның бұл өлеңнің де әні бар. Сол себепті оны әнімен айту баланың оны жылдам жаттап алуына шарт түзеді.

8. Ақынның “Жазғытұры” өлеңінде балаларға таныс, олардың есінде дереу қалатын сөздер: жазғытұры, қыс, жер, ата-ана, көзі, түйе боздап, қой қоздап, шу, көбелек, гүл, ағаш, ағады, су, көл, жұмыртқа, жүгіріп. Оларды тірек етіп алып алдымен осы сөздердің мағынасын балалардың есіне салып одан соң өлең шумақтарын оқу, жаттау, жатқа айтқызуға болады. Мына екі шумақты алдымен жеке-жеке жаттату қажет. Одан соң бірге қайталатып, екеуінің бір өлеңнен алынғанын айтуға болады.

Жаттауды тағы да сол көп рет оқудан, белгілі сөздерді қайталаудан, одан соң жеке тармақтарды жаттатудан бастауға болады:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі...
Түйе боздап, қой қоздап-қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұрандап ағады су.

9. Мына өлең шумағын балалар дереу саналы түрде түсіне қояды деуге болмас. Алайда: білімді, сөз, нұр, көру, көз-дегендерді олар біледі. Алдымен осы сөздерді меңгереді. Осы білгеніне сүйене отырып, түсінудің кейін, кешірек келетінін біле тұра осы өлең шумағын жаттату керек.

Жаттау баланың есте сақтау қабілетін дамытудың ең бесты тәсілі. Психологияда кішкене бала жадының өте алғыр, тез болатыны, бірақ аз уақыт аралығында ұмытып қалатыны белгілі. Осы ұмытып қалуына жол бермеу, оқығанын кейін санаға салып, ойланып, мүмкін бір де болмаса бірде түсінер деген үмітке жол ашатыны анық. Ол Абайдың мына шумақтары:

Білімдіден шыққан сөз,
Талаптыға болсын кез,
Нұрын, сырын көруге,
Көкрегінде болсын көз.

Кіші жастағы балаларға білімді, талапты, сырын көру, көкірегіндегі көз –дегендер түсініксіз болатыны белгілі. Бірақ олар білімді деген көп білетін адам, талап деген адамның ұмтылысы, сырын көріп деген сөздің мәнін ұғыну, көкіректегі көз дегені-ойлы, түсінуге ынталы болу екенін уақыты келгенде біледі. Ал қазір осы сөздердің ақын, ғұлама Абайдікі екенін, демек олар жақсы, пайдалы екенін түйсінеді. Сол түйсігіне сеніп жаттату керек. Түсінбеседе жаттап алсын. Бала кезде оқыған, жаттаған, естіген нәрселерді есейгенде еске түсіріп “е, былай екен ғой” дейтін кездер болады. Сонда Абайдың ақыл қосатын сөздерін еске түсіріп, мәнін ұғынып жатса бұдан пайда болмаса зиян жоқ.

10. Балаларға жақын, түсінікті деп санайтын өлең шумақтары ақынның “Ата-анаға көз қуаныш” деп басталатын мына өлеңі:

Ата-анаға көз қуаныш-
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі...
Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.

Мәні терең, сөз тіркестері кішкене жастағы балаларға түсінікті бола қоймас деген оймен өлең шумақтарының арасындағы қайырма сынды тармақтарды әдейілеп қысқартып, қалдырып кеттік. Балаларға алдымен өлеңді бір-екі рет оқып беріп одан соң: ата-ана, қуаныш, алдына алған, еркесі, оқытарсың, үйретерсің –деген сөздерді естеріне салып мағынасын өздерінен сұраса сонда барып олар өлеңнің кейбір сөздеріне мән бере бастайды, мысалы, “үйде ата-анаң еркелете ме? Қалай? Құшақтап қуанышым менің деген сөздер айта ма? әкең не анаң алдына отырғыза ма?” деген секілді басқа да мағынада әңгімелесу де пайдалы. Ол өлеңнің мәнін аздап болса да, түсінуге шарт түзеді.

11. Балаларды қызықтырар деген ақын өлеңнің бірі “Тайға міндік, тойға бардық” деп басталады. Мұндағы тай, той, жақсы киім үкі, күлкі, атамыз, айтқанына көнбедік-деген сөздер өлеңнің мазмұнын түсіндіруге тірек болады:

Тайға міндік,
Тойға шаптық,
Жақсы киім киініп.
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық,
Жоқ немеге сүйініп...
Атамыз бар,
Модамыз бар,
Айтқанына көнбедік.
Арт жағында
Біз соған зар
Боламыз деп білмедік...

12. Балалар тез жаттап алады деген өлең шумақтарының бірі ақынның “Әсемпаз болма әр неге”- деп басталатын өлеңі. Мұндағы әсемпаз, өнерпаз, кірпіш, кетік, ақыл, қашқан, қуған деген сөздер балаларға түсінікті болғандықтан солардың төңірегінде қасқаша ғана, олар жалығып кетпейтіндей әңгеме қозғап осы сөздердің мағынасын еске түсіру керек. Одан соң осы шумақтарды оқып беру, жаттау арқылы есінде сақтап қалуына күш жұмсалады. Ары қарай, мүмкіндік бола қалған кезде қайталап айтқызып әбден жаттап алған соң біртіндеп сөздердің мәнін түсіндіре бастау орынды. Дегенмен кейбір сөздердің мәнін есейгенде ғана түсінуі мүмкін, мысалы, “Қайрат пен ақыл жол табар” немесе “әділет шапқат кімде бар”. Бірақ қазір “түсіне қоймады”- деп Абай өлеңдерін оқып, жаттауды тоқтатып қоюға тағы болмайды. Себебі біздің мақсатымыз, бала кішкене кезінен Абай сөздеріне қанық бола берсін деген ой. Өлеңнің әні бар. Сондықтан алдымен жаттағанда әнімен қоса жаттатып, кезкелген мүмкіншілікті пайдаланып балаға әнімен, не болмаса тақпақ ретінде айтқызып отырса, ол өзінің ісіне өзі қуанып, көңілі өседі.

13. Ақынның әйгілі “Сегіз аяқ” өлеңінің әні бар. Баланың көкейіне әні бар өлеңнің жылдам қонатыны белгілі. Сол себепті оны алдымен әнімен қоса айтып үйрету балаға да, оны үйретіп отырған адамға да қызықты және жеңіл тиеді. Дегенмен 4-5 не 6 жасар балаларға осы өлеңнің мағынасын, мазмұнын толық түсіндіру өте күрделі болғандықтан оған қатты әрекеттенбей-ақ тек жаттауға күш салған дұрыс секілді. Ал мүмкін болып жатса байқап көруге болады.

Біз осы кітапшаның бас жағында айтып кеткендей, ақын өлеңдерінің мән-мағынасын ұғынып, түсінуді кейінге қалдырып отырмыз. Белгілі француз педагогі Ж.Ж.Руссоның айтқаны бар еді: әр нәрсеге бала өз ақылы, өз ойымен жетсін-деп. Осыған орай халқымыз да “суды сіңген жерге сеп, сөзді ұққан ксіге айт” дейді ғой. Ұғына алатын бала кезі келгенде өзі-ақ түсініп алады. Ал қазірше олар Абай туралы біліп және оның өлеңдерін жаттап өссін деген ойдамыз. Психолог ғалымдар айтады:

алдымен білсін, егер біліп алса, оны кезі келген де әйтеуір бір ескереді - деп. Біз міне осы пікірге табан тіреп отырмыз.

14. Абай Құнанбаевтың “Сегіз аяқ” өлеңі туралы сөз қозғағанымда бір кішкентай баланың “оның сегіз аяғы бар ма?” дегені есімде. Мен біраз дағдарып қалдым да дереу ақын кітабын қолыма алып әлгі балаға көрсете отырып әр шумақта сегіз тармақ бар екенін санап көрсетіп “мынадай ұзақ, сөздері көп болған соң сегіз жолдан бөліп, топтастырып қойған” деген едім. Сіздер мүмкін басқаша түсіндертін шығарсыздар.

Сонмыне, балаңыз ғұлама ақынның “Сегіз аяқ” өлеңінің алғышқы екі шумағын жаттап алса да үлкен жетістік болар еді. Оны әнімен айтса тіпті де жақсы. Оны кейбір іс-шараларда айтқызып тұрсаңыз балаға қанат бітеді, көңілі өсіп өзіне сенім пайда болады. Енді мына өлең шумақтарын жаттап алсын:

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған-
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.
Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей таба алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ-ойға олақ.

Балалар кейбір сөздердің мәнін сұрауы мүмкін, не болмаса анда-санда ғана кейбір сөздерін талдауға болады. Мысалы, “ой жоқ”, “ми жоқ”, “тағыны жетіп қайырған”, “білгенге маржан”, “білмеске арзан” деген секілді сөздердің мәнін айтуға болады. Оны да баланың жас кезеңі, ақыл-ой өрісіне қарай жүзеге асыру керек.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада бала-бақша жасындағы балаларды тәрбиелеуде Абай мұрасының маңызы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается роль наследия Абая в воспитании детей.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ОҚУШЫ ҚЫЗДАРҒА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ ДАЯРЛАУ

Шағырбаева М.Д. - креативті ақпарат және сараптама бөлімінің әдіскері
(Алматы қ., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ)

Қазақ топырағында болып жатқан саяси - әлеуметтік өзгерістер қоғамымыздың тарихы қайта құрылып жатқан кезде, білім мен тәрбие беру ісінің жүйесі әлемдік өркениет үлгісінде жаңарып құрылуы қазақтың ұлттық мектебін, бүгінгі күнге сай жасап, қазақ қызына ұлттық тәрбие беру, оған сол проблемаларды шешетін және жүзеге асыратын болашақ мұғалімдерді даярлау қажеттігіне мұқтаж қазақ халқының

көне дәуірден сақталып келе жатқан ұлттық тәрбиесі және оларды қазіргі таңда зор қоғамдық мәнге ие болып отырған мектепте қыздар тәрбиесін ұйымдастыру барысында пайдалану және сонымен қатар болашақ мұғалімдердің даярлық үдерісінде көмегі мол. Осыған байланысты бүгінгі мектеп мұғалімдерінің қыздарды тәрбиелеудің жаңа жолдарын іздестіріп, іс жүзінде асыру міндеті қойылады. Ал оны шешудің құнды педагогикалық материалдарын ой елегінен өткізіп, пайдалану талаптарын қояды. Бүгінгі қоғам өмірінде ізгілендіру мен демократияландыру үдерістердің жағдайында үздіксіз білім беру жүйесінің барлық кезеңдеріне қазақ халық педагогикасын ендіру проблемалардың біріне айналып отыр. Себебі халық педагогикасы ғасырлар бойы електен өткен тәрбие мәйегі.

Ұстаз – қоғамның болашағын жасаушы. Мемлекеттің дүние жүзілік деңгейде шоқтығының биік болуы мұғалім еңбегінің тікелей көрінісі, сондықтан мектептегі педагогикалық процестердің жоғары дәрежеде болуы мұғалімнің теориялық және практикалық даярлығына байланысты. Мұғалім жеке басының рухани келбеті жоғары кәсіби сапалары әлеуметтік белсенділігі этнопедагогикалық даярлығы дәрежесімен ерекшеленеді деп есептейміз. Ұлттық мектептің негізін қалап, оған оған мұғалімдерді даярлау туралы қазақтың ағартушы – педагогтары Ы.Алтынсарин, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Х.Досмұхаметов т.б. маңызды ой-пікірлері қазіргі кезде де жалғасын табууда. Демек, халықтың құнды педагогикалық идеясын қыздарды тәрбиелеудегі болашақ мұғалімдерді даярлауда кәсіби даярлығының ажырамас бір бөлігі ретінде қарастыру қажет. Ұлттық мектепте қыздарға тәрбие беру ісін болашақ мұғалімдердің жүйелі педагогикалық білім негізіндегі кәсіби даярлығынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Ол үшін ең алдымен, болашақ ұстаздардан теориялық тұрғыда терең педагогикалық білімді меңгеруді қажет етеді. Қазіргі кездегі мектептің дамуы мұғалімдердің кәсіби қалыптасуы төңірегіндегі мәселелерді зерттеумен анықталады. Маман мұғалімдер даярлау мәселесі қай кезде де болмасын педагогика ғылымы мен практикада алдыңғы орын болып келген.

Ұрпақ тәрбиесі әр заманда әр халықтың басты міндеттерінің бірі болған. Ұлттық тәрбие рухани сабақтастықтың негізі. Тәрбие – ұлттық қалыптасудың ұдайы дамуы жаңғырығының бастауы. Ол өмір сүрудің мәні мен мазмұнын, ұлттық өркениеттің тарихи тағдырын айқындайтын жүйе. Осыны ескере отырып, қазақ халқы ертедегі жазба деректер мен зерттеу еңбектерінде қыздарға ұлттық тәрбие беру ерекшеліктері орын алғанын, тәрбие тағылымдарын ұсынғанын көреміз.

Халқымыздың арғы тарихына үніліп, әлеуметтік тұрғыдағы ой тұжырымдамағы ой тұжырымдарына барлау жасасақ, балаларға құрметпен қарауға айрықша бергенін байқаймыз. Қазақ халқы өз ұрпағын оның ішінде қыз бойында адамгершілік, ізгілік, инабаттылық, имандылық сияқты және олардың болуын ежелден - ақ өзінің басты мақсаты етіп қойған. Ата-бабаларымыз қалыптастырып, халқымыздың бұлжымас тіршілік заңына айналған сан ғажап салт дәстүрлер ерте заманда – ақ өзінің мәнділігімен озық үлгісімен, қыз баланы тәрбиелеуде таптырмайтын үлгі өнеге, әдіс – тәсілдер мол екеніне көз жеткіздік.

Демек, тәрбие беру ісінде қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибешісі шешендер мен билер, ақын-жыраулар өзіндік сара жолдары болғанын олардың шығармашылығында тәлім-тәрбиелік, ой-пікірлері мен өнегелі істері бүгінгі қыз баланың рухани мәдени жетілуіне саналы, білімді, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпалы зор екені ескердік.

Қазақ халқының өзіне тән жоғары адамгершілік отбасының татулығы, жарастығы, қонақжайлылығы, дала халқының қыз тәрбиесіндегі өз ұстанымдары, дәстүрлері жайлы, Ы. Алтынсарин жазған этнографиялық очерктері дәлел бола алады. Бұл еңбекте қазақ қыздарын ұзату, құда түсу, және той жасау дәстүрлерін терең берсе,

қыз-келін тәжірибесіндегі халықтың әдет бойынша, олардың үлкендерді сыйлағаны соншалық, күйеуінің жақын туыстарының да атын атамай, өзінің тәрбиелілігін, тапқырлығы мен шешендігін қиын-қыстау жерде ой жүйрігімен дараланғандықтан айтады. Өз кезіндегі жағдайды ескере отырып, Ы.Алтынсарин дәстүрлерді төмендегідей етіп бөледі: бесік құда, әменгерлік, жесір дауы, көп әйел алу, қалың мал, кәде беру, кәде ілу, неке қию, беташар сияқты дәстүрлердің тәрбиелік мәнін көрсеткен /6/. Қазақ халқының өзіне тән салт-дәстүрі бар екенін, оның озығы мен тозығының ғылыми тұрғыда талдап дәлелдеген ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин. Ал ұлы ақын Абай шаңырақ ұйытқысы болар әйел бойындағы қасиеттерді бағалап, көрсете білген. Адамға дұрыс тәрбие беріп, шындыққа қалыптастыратын нәрселер: ақыл, ғылым. Ал қалған өзге қасиеттің бірі “жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады” – деп философиялық жағынан бейнелейді. Әрине Абай қыздың тәрбиелілігі, көркемдігі, әдептілігі, сұлулығы, тек сыртқы көрінісінде ғана болмай, ішкі көрінісімен де тең болуы керек деп талап қояды. Той бастар, беташар, неке қияр сияқты ғұрыптарға А.Байтұрсынов терең талдау жасап, жіктеп оның тәлімдік мүмкіндіктеріне тоқталған. А.Байтұрсынов арулардың игі қасиеттерін, ибалылығын, адамгершілік ар-ұждан тазалығын, бүкіл болмысын жырға қосты.

М. Жұмабаевтың “Педагогика” атты әрі оқулық, әрі әдістемелік кітабында тәрбие түрін төртке бөліп, дене тәрбиесін, сұлулық тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, құлық тәрбиесі, дей отырып, адам баласында осы төрт тәрбие түгел берілгенде ғана, оның тәрбиелі болғандығы - деп тұжырымдама жасайды, Ал балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиесін дұрыс орындасын. Бала аурулы, тар ойлы, ақымақ болса, кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі, бала сұлулықтан ләззәт ала-алмайтын мылқау жанды болса, бала айыпты емес, тәрбиеші жазалы, “Бала істеген жауыздықтың кінәсін тәрбиешісі көтерсін” деген иран елінің мәтелі шын, дұрыс мәтел дейді /8/.

Педагог бала тәрбиесіндегі, соның ішінде, әрине қыз баланы тәрбиелеуде ананың ролінің жоғары екендігін айтқан. Өйткені бала анаға жақын тұрады, шешесі үйде қызының көзінше не істесе, оның қимыл – қозғалысына, сөйлеген сөзіне қарап, ертең ұяда ұшқанда, қыз бала сан қайталайды. Әрине, қыз тәрбиесі, анаға ғана байланысты емес. Сол себепті ананың, қыз баланың көзінше әдепті, мәдениетті болуын айтады. Сол сияқты баланың маңайындағы адамдардың жүріс - тұрысы да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады.

Иә, қыз сұлулығы, мінезі, іс- қылығы, жайлы орынды айтқан. Қыз ар- ұжданы, әдебі, жүріс- түрісін, дауысын шолпының сылдырымен салыстырған, “Толғай – ай жүзің еді, қара нәркес көзің еді,” немесе шашың қара, денең ақбұлт, жүзің ай, тісің меруерт мап - майда көзің сәулем, құралай- деп сұлулықты суреттеп, қазақ қызының нәзіктігін айтқан. Бұл сұлулық тәрбиелілік тек қазақ қызына ғана тән немесе әйел теңсіздігін жырлайды.

Әйелдер мәселесі жөнінде Ж. Аймауытов өз еңбектерінде ашып айтқан. Кешегі жуас, ұялшақ қыз баланың бүгінгі өмірде жаңа тәрбие жолдарына түсіріп, әйел мен еркекті бір қатарға қойып, қарым – қатынастарын, көпшілікпен емін - еркін араласуын, жаңа бақыт жолына түсуін армандаған Ж. Аймауытов өз еңбектерінде осыны терең көрсете алды. Сонымен қатар, адамның кісілігін қалыптастыратын тәрбие, ал кісіні қалай тәрбиелеу мәселесін терең шешу үшін психологияны жақсы терең білу керек екендігін дәлелдеді.

Ж.Аймауытов “Тәрбие” атты еңбегінде ең алдымен бала тәрбиесіндегі отбасының роліне ерекше көңіл бөлді. Баланы бұзуға, яғни түзетуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге. Ал, бұл өнеге әке – шешесінің тәрбиесі арқылы бойға сіңеді деген сөз.

Демек, ата-ананың берген тәрбиесі баланың мінезінде салған ізбен байланысты, “ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің” атамыз қазақ! Олай болса, балаға қайырымдылықты, қаталдықты, шыншылдықты, кішіпейілділікті, өміршеңдікті тәрбие беретін кім? Ол әрине, ата- ана. Баланың жастайынан бойына сіңген мінезі қайта түзету қиындыққа түсетінін айтады. Ол бала мінезін жас шыбыққа теңейді. Демек, қыз тәрбиесіндегі отбасы мүшелерінің әсері мол, соның ішінде ана тәрбиесі, екінші алдыңғы бауырлары көрсеткен үлгілері бойынша жаман мінез қалыптасса, оны тәрбиелеу өте қиынға соғатынын көзіміз жетіп отыр. Сонымен қатар, Ж. Аймауытов өнегелі отбасынан нашар мінезді және нашар отбасынан тәрбиелі ұрпақ өсуі мүмкін дей келе, бұл ортаның, жора – жолдасқа еліктеуінен болатынын дәлелдеді. Біздің ақын – жырауларымыздың шығармаларынан ең басты нысана ол қыз бала тәрбиесі – ол болашақтың, ұрпақтың бастауы, отбасы ұйытқысы болатындай ардақты ана, сүйікті жар тәрбиелеу.

Халықтың көне дәуірден сақталып келе жатқан қыздар тәрбиесінде ұсынатын өз жолы болған. Олар: *отбасы, нәрестені алпештеп өсіру, неке түрлері, үйлену тойы, мүлік жасау, азық- түлік әзірлеу, оны сақтау дәстүрлеріне байланысты бағыт- бағдары, әдет- ғұрыптарының тәлімдік жол- жосығы, амал- тәсілдері* бүгінгі қыз тәрбиесінде қолдану өте қажет болып отыр. Қазақ халқының өзі құрған дәстүрлік педагогикасы арқылы қыздарға берілетін тәрбиесі тереңде. Кешегіміз жалғасы болып, ертеңіміз осыдан бастау алар бұлақ көзіне айналатын халық педагогикасының берері көп, тәлімі мол екені айғақ. Қазақ қыздары өзінің ежелден қалыптасқан биязы мінезі, әдептілігі мен ізеттілікті сақтаудың өнегесін тереңнен алып қалыптастырған, оның отбасының беріктігі мен бекемдігін көрсете алады - деп дәлелдеген. Қыздарды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі тұрғысында А. Құралұлының “Қазақ дәстүрлі мәдениетінің анықтамалығы” еңбегінде қыз баланы тәрбиелеу дәстүрлері келтірген:

- 1) қыз баланың белін 7 жасқа келгенде белбеумен буып қою;
- 2) 12-ге келгенде қыздың төсегіне жауырының астынан қос арқан керу;
- 3) қызды оң жаққа шығару;
- 4) қыз баланы ұзатылғанына 6 ай қалғанда жеке үй тігіп, бір жеңгемен бөлек шығарады.

Қыз бала өмірге келісімен анасы оны мәпелеп, болашақ өміріне дайындап отырған. Тәрбие ерекшеліктерін ұмытпаған. Қазіргі қоғамның жаңаруына талабына сай қазақ халқының қыз бала тәрбиелеу дәстүрлерін төмендегідей етіп бөлді:

- 1) қыздың тектілігін әр түрлі жолдармен тексеру;
- 2) бойжеткеннің тал бойынан табылуға тиісті тағы бір қасиеті – көркі мен сымбаты;
- 3) қалыңдықтың ақылдылығына назар аудару;
- 4) болашақ ошақ иесіне қояр талаптың ең мәндісі- іскерлік – деп іріктей келе, қазақ халқының қызы бойжеткен соң, оны құтты орнына қондыру әрбір ата- ананың арманы.

Халық дәстүрі еріне серік болар ақылды, әдепті, еңбекқор адар жар таңдау – болашақ отбасы бақытының негізі болған. Қыз бала өскен ортасына, ата-анасына жаман сөз келтірмеуге тырысқан. Әрине, қыз сұлулығын, тек көркі ғана емес рухани сұлулығына да баса көңіл бөлген. Мұның бәрі қыз бала өзінің туылған шаңырағында, оң жақ босағада алып шығатын тәрбиесі екендігіне көз жеткізуге болады.

Болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарға қазақтың салт дәстүрі арқылы тәрбие беруге даярлаудағы мақсат қыздарға қазақ халқының заманалар бойына тірнектеп жинаған рухани бай мұрасын, ежелгі ел дәстүрлерін, тәлімін, әдебін, салт–санасын аталық, аналық ұлағатты жасөспірімдер санасына сіңіріп, ежелгі ел мұрасының төл туындыларын бірлестікте ұштастыра отырып, өмірдегі құбылыстарға деген өзіндік ой

түйінділеріне сүйеніп, тәлім-тәрбиелік мұраларды бойына дарыту. Жастарға өз халықтарының төл мәдениетін, өнерін, мұрасын рухани қазына етіп, қабылдату, саналы түйсініп ой тұжырымдарын жасауға дағдыландыру, өзіне және өзгеге деген биік талғам, халық мұрасын бойына дарыта отырып, ұлттық мақтаныш пен намыс, болашақ ұрпаққа насихаттау икемдігі мен дербестігін қалыптасыру, білуге құмар, ізденімпаз, талап талғамның өресі кең, ұлттық мұра мен ұлтаралық қатынстарды заман талабына сай ұғына алушылықты мұрат ету.

Қыздарға ұлттық тәрбие беруде бес тақырыпта топтастыруға болады:

1. Тәлім бастауы – бесіктен, иірімді отбасынан – ұрпақ болмасының түп төркінін халық тағылымдарымен байланыста түйсіріп, қажетсінуін қалыптастыру;
2. Ізгілік, “әдеп мәнерлері- қағида, даналық ойлар, салт-сана, әдет-ғұрып дәстүрлердің тәлімдік мәні, жастарға тұрмыс-тіршілікте кездесер инабат иірімдері ата-бабадан жеткен тағылымдарымен астарлай ұғындыру;
3. Ұлға ұлағат, қызға инабат – отбасы тіршілігінің ұлттық ерекшелігіне сай ұл мен қыздың болмысы - өсіп жетілуі, мүшел жас ерекшеліктерінің танымдық мәні айқынду;
4. Шаңырақ көтеру – үй ішілік ахуал, туыстық атаулардың әлеуметтік, танымдық мәндері, бозбала мен бойжеткенге арналған халық тағылымдары, той түрлері, оның жол- жоралғысын бідіру.

Ұлттық болмыс ұғымдары.

Отбасы ұғымы, үй - ішілік ахуалдар, отбасы адамдарының жасына, жынысына, туысқандығына қарай орны. Қазақ отбасына тән үй-ішілік ахуалды қалыптастыру, қас-қабақтан ұғынысу жолдары мен әдістеріне тоқталу (өмірдегі тұрмыс тіршілік мысалдар келтіру, салыстыру, өз бетімен пайымдау жасауға дағдыландыру). Мысалы: тоғыз ай, тоғыз күннің құпиясын түсіндіруде, т.б. тақырыптар ұл мен қызға бөлек өткізіледі. Нәресте өмірге келген сәттегі ырым, жол-жоралғылар (қазан ұшық, жарысқазан, қалжа дәмі, мойын омыртқа, қатыру, ырымы т.б.) Отбасындағы перзент орны, төртінші перзенттің деографиялық мәніне терең тоқталу. Іс әрекеттік, жұмыс: отбасындағы төртінші перзент. Бесіктің танымдық, тәрбиелік мәне, халық қағидалары, бесік жырын айта білу, бесікке салу, бөлеу ерекшеліктері. Кіндік шеше парызы, аманат арқалау, кіндік кесуге қатысты халық қағидалары.

Халқы қандай десең, салтын сынап біл

Отбасындағы ата мен әженің орны, парызы, халық қағидалары («ошақтың үш бұты», «жақсы әке балаға қырық жыл азық», «баланың қандай болмағы – нағашыдан», т.б.). Бір мүшелге дейінгі перзент өмірдегі рәсімдер мен жоралғылар. Мүшел жасқа дейінге жоралғылардың ұл мен қызға тән ерекшелігі, тектілік. Сырға салу, қашы ілу, үкі қадау, қамшы қайыру, құдаласу, жаушы жіберу, т.б. танымдық мәні.

Торқалы той, неке түрлері

Неке түрлерінің талдауда салыстырмалы ұғымдар (көп әйел алушылық, әменгерлік). Шаңырақ көтеру, отау шығару, енші беру (ұл мен қыздың ерекшелігіне мән беру), бәсіре мал, сауын малы ұғымдары. Қыз жасауы, қызтанасу, қыз ұзатудағы орындалатын жол жоралғылар (ілу, сұтақы, отқа май құю).

Ұлттық болмыс ұғымдары

Ұлттық сана, болмыс туралы дала ойшылдары және ғалым – ағартушылар пікірлері, қазақ халқының өзіне тән, рухы, тегі бар екендігін дәлелдеу. Халықтық тәлім тәрбие бастауының негізін салушылар, халық ауыз әдебиеті жанрларының үлгілері.

Инабат иірімдері

Жантану ғылымының басты мәселесі – адамның өзіне сын көзбен қарап, өзгені бағалай білушілік, кісілік тану, өз жан – дүниесіндегі құбылыстарға баға беруді қалыптастыру. Ұлттық сана, сезім, намыс, мінез-құлық ерекшеліктері. Ұлтқа тән

жағымды, жағымсыз бітім болмыстың маңызы, оның әлеуметтік мәнін ашу.

Халықтық қайырымдылық, қол ұшын беру

Сауын айту (жинау), жылу жинау, қол үздік, шектік тарату, құрбан шалу, құдайы атау, үме, асар, ошақ табак, сірге жияр, т.б.

Жастардың басқосулары

Бастанғы (кісеннің дәмі) алтыбақан, “ұйқыашар” дәмі, соғым тойы, шілдехананың танымдық мәндерін ашу.

Маусымдық мерекелер

Наурыз жыл басы, көктем мерекесі, Қызмұрындық – жаз жайлауда, Мизам ұшты – сабантой, Соғым басы – қыс қыстауда.

Тәлімнің түп тамыры - халық даналығында.

Қазақ халқының табиғи ерекшеліктеріне тоқталу. Олар: киелі, қасиетті, тектілік, зерделі, талғампаз, балажанды т.б. Әрқайсысына нақты мысал, ой тұжырымдарын келтіру, даналық ойлары мен қағидаларына сүйеніп, о бастан ұрпақ болашағын ойлап, қам жасағандығын ұғындыру. Халық ауыз әдебиеті жанрларынан алынған материалдардың, қағидалардың танымдық мәнін ашу.

Перзент болмысы – құрсақтан, тәлім тәрбиесі – бесіктен

Өзге ұлттардың “бала тәрбиесі – жөргектен” қағидасын “бала болмысы-құрсақтан” ал тәлімі – бесіктен екендігін дәлелдеген халық екендігімізді ұғындыру. Бесік тәрбиесінің негізі – бесік жыры.

М. Момышұлының көрегендігі – ұрпаққа өнеге

Ұлтының ар намысын бәрінен биік қойып, бүкіл ғұмырында әділетті жанына жалау еткен Бауыржан Момышұлы болмыс – бітімі, қайшылыққа толы тағдырының қалтарыстарын ұғындыру. Бауыржан Момышұлының ұрпақ тәрбиесіндегі – үш қорқынышы, оның өмірдегі көрінісі, өзі туралы өлеңінің бір шумағын, талдау.

Б. Момышұлы халықтың салт – дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырымдары туралы

Б. Момышұлы- халықтың тарихынан жан- жақты хабардар, зерделі, ішкі жан-дүниесі, табиғаты, тағдыры ерекше жан. Халықтың болмысын, табиғи ерекшелігін қай да жүрсе де бойына бойтұмардай сақтауын өмірінен алынған нақты мәлімет, оқиғалармен таныстыра таныту, ой сала, астарлай айтқан ұлғатты ойларын тоқталу.

Қазақ халқының дүниетанымы

Ұлттық ой мен танымды жалпы адамзаттық құндылық ретінде қарастыру. Қазақ жан – дүниесі рухани бай халық. Адам дүниетануы, өмірді танып білуі, ең алдымен өзінің таным, өре деңгейіне байланысты. Бес анық: тіл, дін, дәстүр, тарих, атамекен. Әл- Фарабидің таным теориясы, Ж. Баласағұнның атакты “Құтадғу білік” поэмасындағы ізгілік пен парасат. Ұлттық болмыс пен парасат. Ұлттық болмыс ұғымдары: қарыз бен парыз, обал мен сауап, аруак, кие, құт дариды т.б.

Салт – дәстүрлердің әлеуметтік мәні

Салт-дәстүрлер атауларының шығу тегі, сан ғасыр бойғы өміршеңдігін дәлелдеуі. Осы бір баға жетпес қазынаның халықтық рухын сақтап қалғандығын тарихи оқиғалармен байланыстыру. Салт пен дәстүрдегі халық қағидалары.

Халықтың жоралғылары мен рәсімдері

Салт пен дәстүрдің, тұрмыс- тіршіліктің сан қырлы қалтарыстарында өз орайын тауып, ретін келтіріп, ұлттық болмысты айқындайтын түрі – жоралғы мен рәсімдер. Оларға тән халық қағидалары, оның тағылымы.

Ырымдар мен тиымдардың мәні

Тиым шектеу арқылы әдеп мәнерін игеру. Ырым – көңілге демеу, сүйеніш табу. Ырым – көңілге демеу, сүйеніш табу. Ырымның ауқымы кең, ал тиым нақты ұғым. Ырым мен тиымның әлеуметтік, танымдық, тағылымдық мәндері.

Той түрлері, оның жол жоралғы, кәделері

Қазақ ұғымында ең үлкен той – қыз ұзату. Мұнда терең тағылым жатыр. Тойға қатысты халық халық тағылымдарына тоқталу. “Ана –отбасы тірегі” тақырыбындағы сырласу сағатында З. Ахметованың “Шаукты күндер” кітабының үзінділер оқып, терең ашу.

Бесікті тұтыну шеберлігі

Өзіндік жұмыстың мақсаты: бесікке салу, бесікке бөлеу, бесіктен шешіп алудың орындалу реттілігін сақтау, бесік жабдықтарын шеберлікпен пайдалану біліктерін қалыптастыру. Бесікке бөлеу дұрыс орындалмаған жағдайда баланың анатомиялық организмі өсіп- жетілуіне тигізетін әсерлері мен залалдарын ұғындыру. Киелі бұйымды ерікті түрде тұтынуға деген құлышынысын туғызу.

Бір мүшелге толғаниша

Мүшелдеп жас санаудың биологиялық, әлеуметтік, танымдық, тәлімдік мәндерін ашу. “Он үште отау иесі” деген қағиданың мәнін түсіндіру. Мүшел жасқа қатысты 12 және 13 жылға қатысты түрлі көзқарастарды халық түсінігі негізінде ашу.

Қорыта келгенде, қыз бала келешекте шаңырақтың береке-құтын сақтайтын ақ босағаның аруы ретінде, оны төзімділікке, сыпайылыққа, әдептілікке тәрбиелеуде қазақ этнопедагогикасы материалдарын жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісіне пайдалану, болашақ мұғалімдердің қыз тәрбиесін ұйымдастыруда көмегі мол және берері көп деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ильясова А.Н. Проблемы развития педагогической теории Казахстана. А., 1997.
2. Әлсатов Т.М. Қазақ хандығы тұсынадағы педагогикалық ойлардың дамуы. А., 1999.
3. Альмұхамбетов Б.А. История становления и тенденции развития системы повышения квалификации педагогических кадров в Казахстане. А., 2000.
4. Ж. Аймауытов. Психология. А., 1995.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада болашақ мұғалімдерді оқушы қыздарды қазақтың салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары арқылы тәрбиелеу жолдары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье говорится о необходимости использования казахских традиций и обычаев в процессе подготовки будущих учителей-девушек как об одном из методов этнопедагогического воспитания.

МИРОВОЗЗРЕНИЕ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

Абенова Ж. - аспирант (Алматы қ., КазГосЖенПИ)

Мировоззрение педагога представляет собой сложное и многосоставное образование, отражая различные стороны его компетентности и профессиональной деятельности. Касаясь непосредственно мировоззрения учителя - музыканта, отметим, это - система знаний, взглядов, убеждений, идеалов, определяющих его отношение к избранной специальности и к самому себе. Благодаря мировоззренческим качествам, он способен создавать и реализовывать собственное художественно-эстетическое и нравственно-этическое воздействие на обучающихся, обладая особой энерго-душевной силой и средствами музыкального искусства.

Деятельность огромного числа талантливых, самобытных, наделенных новаторскими способностями педагогов в поисках неординарных творческих решений в педагогике музыкального образования доказала правомерность той оценки, которую дает известный исполнитель вокального искусства И.К.Архипова, убежденная в том, что по-настоящему широко образованный учитель музыки, любящий детей и искусство, является подлинным деятелем музыкальной культуры, которого отличает компетентность, активная жизненная позиция. К ним можно отнести авторов альтернативных программ по музыке для казахской общеобразовательной школы – Ш.Б.Кульманову, М.Х.Балтабаева, А.И.Раимбергенова и др., Практика свидетельствует, что только опытные, творчески работающие учителя-музыканты, обладающие развитым мировоззрением, способны создавать собственные авторские учебные программы по музыке, отвечающие всем требованиям, предъявляемым к школьным учебным программам, в которых заложена важная перспектива потенциального развития общего музыкального развития.

Важнейшим смыслообразующим ядром, показателем возникновения и функционирования такого профессионально-личностного качества педагога-музыканта, каким является его мировоззрение, выступает его рефлексивное отношение к объектам музыкально-педагогической действительности: к музыке, реалиям музыкально-педагогической теории и практики, самому себе. При этом, Т.А.Колышева в рефлексивной деятельности мировоззрения выделяет: интерес к музыкально-педагогической, творческой по характеру проблеме; осмысление и оценка, лежащих в ее основе противоречий; поиск оснований и возможных вариантов решения при соотношении содержания музыкально-педагогической задачи с собственным индивидуально-личностным и профессиональным опытом, а также с опытом других педагогов-музыкантов; осуществление практических логико-конструктивных действий, обеспечивающих успешное решение музыкально-педагогической задачи; обобщающая оценка всех предшествующих этапов рефлексивной деятельности мировоззрения на пути к ее обогащению и обновлению.

Мировоззренческое содержание музыкального искусства проникает во внутренний мир индивида сквозь эмоциональный фильтр, который придает ему личностный смысл. В этом заключается сила воздействия искусства на формирование его мировоззрения, когда «путь от произведения искусства к мировоззрению личности пролегает через психологию и окружающий его эмоциональный мир» (В.Р.Букин). Чем большую эмоциональную нагрузку будет испытывать личность в процессе формирования мировоззрения, тем значительней будет уверенность в том, что те или иные положения мировоззренческой концепции будут личностно освоены и станут его убеждениями. В особенности это касается произведений музыкального искусства, так как объективная действительность отражается в музыке посредством эмоций, а специфическим для нее способом воздействия на человека является эмоциональное воздействие.

Иными словами, мировоззренческое содержание отражается в музыке, а музыка, в свою очередь, оказывает мощное влияние на формирование мировоззрения, способствуя в силу своей эмоциональной природы переходу знаний в убеждения, которые, по словам В.А.Сластенина, представляют собой не нечто «знаемое» и «понимаемое», а знания, перешедшие во внутреннюю позицию личности. Именно мировоззрение музыканта является тем базисом, на котором профессиональные знания в области музыкальной теории преобразуются в убеждения, направляющие поведение и творческую активность музыканта, той основой, которая определяет его индивидуальный творческий метод и артистическую индивидуальность.

Процесс познания музыки двухсторонен - сопровождающийся изменениями

самого познающего объекта, где на первом месте стоит не рациональный момент, а чувственный. Трудно не согласиться с Д.Д.Шостаковичем в том, что музыка сильна мыслью, концепцией, обобщением. Ее могущество ярче всего проявляется в раскрытии внутренней, духовной сущности жизни. Это свойство сближает ее и с поэзией, и с философией мировоззрения.

